

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ЖАҢА ӘЛПБИ, ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ
НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР ӘЗІРЛЕУ**

Нұр-Сұлтан
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 23 қазандағы № 10 хаттама)

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 10 от 23 октября 2019 года)

«Қазақ тілі» пәнін жаңа әліпби, емле ережелері негізінде оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 160 б.

Разработка методических рекомендаций по обучению предмета «Казахский язык» на основе нового алфавита, орфографического положения». Методические рекомендации. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 160 с.

«Қазақ тілі» пәнін жаңа әліпби, емле ережелері негізінде оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» ұсынымдамасында латын графикасына көшуде фонетика, орфография, графика, орфоэпияны оқытудың ерекшеліктері мен тіл мәдениеті, сөзжасам, пунктуация, терминдер, кәсіби сөздер мен диалект сөздерді оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген.

Әдістемелік ұсынымдама педагогика саласының қызметкерлері мен оқушыларға, ата-аналарға және қызығушылық танытушы тұлғаларға арналған.

Методические рекомендации «Разработка методических рекомендаций по преподаванию предмета «Казахский язык на основе нового алфавита, орфографии, графика, орфоэпии в переходе на латинскую графику» представлены методические рекомендации по изучению фонетики, орфографии, графика, орфоэпии и культуры речи, словообразований, пунктуации, терминов, профессиональных слов и диалектических слов.

Методические рекомендации предназначены для работников сферы педагогики и учащихся, родителей и интересующих лиц

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019.

© Национальная академия образования
им. И.Алтынсарина, 2019

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», – деп айтқан [1].

Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру кезеңінде басшылыққа алған нормативтік құжаттар: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы [1]; «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі №462 Жарлығы [2]; «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығы [3]; «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №637 Жарлығы [4]; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» №27 өкімі [5]; Білім берудің барлық деңгейлерінде 2025 жылға дейінгі латын әліпбиіне көшу кестесін бекіту туралы» 2018 жылғы 27 сәуірдегі №183 ҚР БҒМ бұйрығы [6]; Білім берудің барлық деңгейлерінде 2025 жылға дейінгі латын әліпбиіне көшу кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 59 бұйрығы [7]; ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы Ұлттық комиссия құрамына кірген әдістемелік жұмыс тобының 2018-2020 жылына арналған жұмыс жоспары» 2018 жылғы 16 ақпандағы №59 бұйрығы [8].

Қазақ жазуын латын графикасына көшіруде үш түрлі әліпби жобасы ұсынылды. 2017 жылы қыркүйек айында ұсынылған диграфты нұсқада әріп тіркестері бір дыбысты білдірді: gh (ғ), ch (ч), sh (ш), zh (ж), ng (ң), ae (ә), oe (ө). Бұнда оқуда қиындық туғызатын жайттер пайда болды (1-кесте. Әліпбиге қатысты сөздердің жазылуында дау туғызған сөздер).

1-кесте. Әліпбиге қатысты сөздердің жазылуында дау туғызған сөздер:

сәбіз – saebis	жәдігөй (7) – zhaedigoej (10)
Көктөбе –	жәшік (5) – zhaeshik (8)
Koektoebe	жанғақ (6) – zhangghaq (9)
күлкі – kuelki	мүшәйра (8) – mueshaejra (10)

2017 жылы қазан айында апострофты нұсқа: а', о', і', у', у', g', n', s', c' ұсынылды.

Аталған әліпбиді де халық дұрыс қабылдай алмай, түрлі сын-пікірлер мен көзқарастар білдірілді. Бұл әліпбидің кемшілігінің тұсы – таңбалар санының көптігінде болды. Мәселен, өлеңшөп (7 таңба) – o'len's'o'p (11 таңба); күншығар (8 таңба) – ku'ns'yug'ar (11 таңба); көпөлшемді (10 таңба) – ko'po'ls'emdi (13 таңба); ғарышайлақ (10

таңба) – g'arys'ai'laq (13 таңба). Бұнда шұбалаңқылық, сөз тұтастығының бұзылуы пайда болады.

Мысалы, s'an'sorg'ys'; ko'zboi'ay's'ylyq; jaso'spirim; M.A'y'ezov atyndag'y A'debi'et ja'ne o'ner i'nsti'ty'ty және т.б.

2018 жылы ақпан айында ақутты нұсқа: á, ó, ú, ğ, ń, ú бекітілді және екі әріп: sh (ш), ch (ч) диграф арқылы берілді.

Берілген әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» әдістемелік ұсынымдаманың мақсаты – білім саласында қызмет атқаратын қызметкерлерге, оқушылар мен ата-аналарға және басқа да салада қызмет атқаратын тұлғаларға жаңа емле ережесін түсіндіре отырып, тыңдаушының жазу және оқу дағдысын жетілдіру, айтылым нормасын дұрыс қалыптастыру.

Аталған мақсатты жүзеге асыру барысында: қазақ әліпбиіндегі әріптердің баспа түріндегі және жазбаша жазылу үлгісімен таныстыру; түбір мен қосымшаның емлесін; бірге жазылатын сөздердің емлесін; бөлек жазылатын сөздердің емлесін; дефиспен жазылатын сөздердің емлесін; бас әріппен жазылатын сөздердің емлесін; қысқарған сөздердің емлесін; әліпбиден түсіп қалған кирилл әріптерінің жазылымын; шеттілдік сөздердің жазылымын меңгерту; тасымалға байланысты өзгерістермен таныстыру; жазу және көшіріп жазу дағдысын; оқу дағдысын; тыңдалым дағдысын қалыптастыру; сөздікқорды, тіл байлығын арттыру; қазақ сөздерінің үндесімін үйрету, сөздің дұрыс айтылымын қалыптастыру міндеттері туындайды.

Латыннегізді жаңа әліпбиді оқушыларға меңгертуде мұғалім өзі емле ережені толықтай меңгеріп, оны білім алушыларға толыққанды меңгерте білуі керек. Сондықтан да мұғалім заман талабына сай әдіс-тәсіл мен инновациялық технологияларды тиімді меңгеруі керек.

Кез келген технологияның білім беру үрдісіне дендеп енуіне тікелей қызмет ететін – мұғалім. Ол үшін мұғалім жаңа технологияны меңгеріп қана қоймай, өзі меңгерген технологияны өз іс-әрекетіне байланысты қолдана алуы, жетілдіре білуі, сондай-ақ, өзінің анализі, рефлексиясы арқылы өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс.

1 Латын графикасына көшуде фонетика, орфография, графика, орфоэпияны оқытудың ерекшеліктері

1.1 Латын графикасына көшуде фонетиканы оқытудың ерекшеліктері

Белгілі ғалым Н.Уәлидің анықтауынша, әліпби дегеніміз белгілі бір фонемалардың жазудағы өкілі болып табылатын әріптердің жай ғана жиынтығы емес, сонымен қатар сол әріптерден түзілген жазуда оқудың кілті болып табылады. Әліпбидің құрамындағы әріптер арқылы оның ұлттық сипаты көрінеді. Кирилл графикасына негізделген әліпбидің құрамында төл сөздерді таңбалайтын әріптермен бірге шеттілдік сөздерді таңбалайтын әріптер (ф, ц, ь, ъ, э) жазуда қатар жұмасалады. Ал қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде тоғыз дауысты а, ә, ы, і, е, о, ө, ұ, ү және он жеті дауыссыз б, г, д, ж, з, и, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш фонема бар. Бұдан төл сөздерді таңбалайтын әріптермен қатар шеттілдік сөздерді таңбалайтын әріптердің де жазуда қатар қолданылғанын көруге болады. Қазіргі латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінде 32 әріп бар.

Жалпы қазақ жазуының қысқаша тарихына тоқталсақ, VIII ғ.–XX ғ. басы: араб графикасына негізделген қазақ жазуы: қадим және жәдид жазуы; 1912–1929 жж. А.Байтұрсынұлының әліпбиіне негізделген төте жазуы; 1929–1940 жж. латын графикасына негізделген қазақ жазуы; 1940 жылдан – бүгінгі күнге дейін кирилл графикасына негізделген қазақ жазуы (емле ережелері 1957 жылы Үкімет қаулысымен бекітілді) латын графикасына негізделген қазақ жазуы 2017 жылдан бастап дайындық кезеңі; 2025 жылдан бастап толықтай көшу (емле ережелері 2018 жылы Ұлттық комиссия тарапынан мақұлданды) деп қарауға болады.

Латын графикасына көшен Әзірбайжан емле ережелерінде: 1957 жылы (жоба) 1959 жылы 6 сәуірде әзірбайжан емле ережелері Министрлер кабинетінің Қаулысымен бекітіледі. 2003 жылы (жоба) 1991 жылы жаңа әліпби қабылданса да, 1960 жылдан 2003 жылға дейін ескі емле ережелері бойынша жұмыс жасаған. 2004 жылы 5-тамызда латын графикасы негізіндегі әзірбайжан тілі емле ережелері Министрлер кабинетінің Қаулысымен бекітіледі. 2012 жылы (жоба) 2018 жылы бекітуге ұсынылды.

Зерттеушілердің пікірінше, әліпбидегі әріптердің саны фонемалардың санына тәуелді болуы, яғни нақты айтқанда, жазу теориясы бойынша белгілі бір тілдегі фонемалардың саны мен әліпбидегі саны тең болуы керек. Бұл дегеніміз, бір әріп бір фонеманы таңбалауы тиіс. Бірақ ешуақытта ұлттың жазуында фонемалардың саны мен әліпбидегі әріптердің саны тең келе бермеген. Мысалы, ағылшын тілінде 46 фонема және жиырма алты әріп бар. Ал кирилл графикасына негізделген қазақ әліпбиінде әріп пен фонемалардың арасында алшақтық барын көруге болады. Жазу типологиясы бойынша әріптердің саны фонемалардың аздау болуы керек (2-кесте. Тілдердегі дыбыстар мен әріптер санының сәйкессіздігі)

2-кесте. Тілдердегі дыбыстар мен әріптер санының сәйкессіздігі

Орыс тілінде:	Негізгі дыбыстар 41, әріп саны 33
Ағылшын тілінде:	Негізгі дыбыс 45, әріп саны 26

Француз тілінде:	Негізгі дыбыстар 35, әріп саны 26
Қазақ тілі:	Негізгі дыбыстар 28, әріп саны 42

LATYN GRAFİKASY

NEGİZİNDEGİ RESMI JAZYLYM

➤ Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: **a, á, o, ó, y, i, u, ú, e.**

➤ **a, e, y, i** әріптері сөздердің барлық буынында жазылады: *ana, baqyt, shaǵala, balapan, bota, bolashaq; elik, egemendik, elgezek, qurmet, kórkem; yqpal, yrys, mysal, jańǵyrý, baqsy, jaqsy; irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeil, senim.*

Латыннегізді жаңа жазудағы АКУТ дегеніміз – әріпүстілік диакритикалық белгі

Әә Ғғ Ңң Өө Үү Уу
Áá Ğğ Ńń Óó Úú Ýý

➤ **á, o, ó, u, ú** әріптері төл сөздің басында жазылады:

ádis, álem, sán, dán, mádeniet, báiterек; ozyq, ońtaily, qoǵam, torsyq; óris, ómirsheń, kósem, bórik; utymdy, ustaz, qujat, tumar; úrdis, úkimet, júie, túbegeili.

➤ Кірме, шетілдік сөздердің екінші, үшінші буынында да жазылады: *sirá, kiná, kyá, ińkár, kúmán, shúbá, zámzám, dúdámал; bulbul, maǵlumat, samuryq, májbúr, dúldúl, dástúr, manóvr, montór, parashút, absalút, festivál, kobált, banknot, alkogól, vestibúl.*

➤ **j, sh** мен **i** әріптерінің ортасында келген **a** дыбысы жіңішке айтылғанымен, **a** әрпі жазылады: *jai, jailaý, jaily, shai, shailyq.*

Жаңа емле ережедегі дауыссыз дыбыстардың емлесіне тоқтала кетсек:

Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі. Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: **b, d, f, g, ğ, h, i, j, k, l, m, n, ń, p, q, r, s, t, v, ý, z, sh, ch.**

➤ **b, g, d, f, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch** және **i, ý** әріптері сөздің басында, ортасында, аяғында жазылады: *bailyq, kóbelek, arab; gúl, kógal, pedagog; dáýlet, baǵdar, asteroid; filosofia, múfti, paragraf; hıkaiа, qahar, tarih; jospar, ereje, muqtaj; kúmis, shekpen, berik; lebiz, alash, táyekel; máńgilik, qaımaq, ǵalym; namys, kóne, dastarqan; parasat, kópir, talap; qurmet, maqtanysh, bolashaq; ras, ertegi, ómir; saıasat, kelisim, aıtys; tabıǵat, qatal, sáýlet; virýs, avtor, rezerv; zerde, bilezik, qundyz; shańyraq, búrshik, qylysh; chempion, kaýchýk, senvich; íá, qayıń, sai; ýaqyt, áleymet, taý.*

Ashshy, tushshy, keshshe сөздерінде екі **sh** әрпі қатар жазылады.

ğ әрпі сөз басы мен ортасында ғана жазылады: *ǵarysh, aǵash, samǵa.*

➤ **ń** әрпі сөз ортасы мен соңында ғана жазылады: *mórtańba, eńbek, tańherteń, meń, zań.*

➤ **i, ý** әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: *ai, úi, oıshyl, iaǵni, qoıan, saıa, iod, fail, aikido, mezozoi, ýaǵyz, ýaqyt, aý, sáýkele, demeýshi, qaýyn, aıyan, keıýana.*

yı (ый), iı (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында **i** әрпімен жазылады: *igilik, iman; kım, tiyn, sia, siaqty; bi, tarihı; institýt, kino, granıt.*

Латын графикасына көшкенде позиция талғайтын әріптер (**ә, ү, ө, ұ, о, б, д**) мен оларға қосымшалардың жалғануын білгеніміз дұрыс. Осы ретте **Ә** әрпінің жазылуы жайлы тоқталсақ, қазіргі қазақ тілінде **ә** дыбысы жеке фонема болып саналады. Зерттеушілердің бір тобы **ә** фонемасын түркі

тілдеріне араб, парсы сөздері арқылы енген десе, екінші тобы оны төл дыбыстар қатарына жатқызып келеді. Қазіргі таңда бірқатар түркі, нақтылап айтқанда, татар, ноғай, башқұрт, әзірбайжан, ұйғыр тілдерінде ә жеке фонема ретінде таңбаланады. Ал өзбек, түрік, түркімен, қырғыз тілдерінде ә дыбысының естілімі болғанымен, арнайы әріппен таңбаланбайды. Қазақ тілінде ә дыбысы төл сөздерде тек басқы буындарда кездеседі, ал соңғы буында тек араб, парсы сөздерінде қолданылады: *куә, күнә, шүбә, сірә, жүдә, іңкәр, күмән, зәмзәм* т.б. 1941 жылы шыққан «Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясы» атты ережелер жинағында тек үш сөз ғана ә әрпімен жазылған: *сірә, мә, кә*. Басқа сөздердің барлығы, жуан а дыбысы арқылы *күна, куа, күман* т.б. түрінде таңбаланған. Ал 1960 жылдардан бастап соңғы буындағы **а** дыбысы ә әрпімен жазыла бастады. Мәселен, 1960, 1963, 1978, 1988 жылдары шыққан «Орфографиялық сөздіктерде» *куә, күнә, күмән, кінә, шүбә, мәрмәр, іңкәр* түрінде беріліп, қосымшалар бірыңғай жуан тұрпатта ғана жалғанады. Ал 2005, 2007, 2013 жылдары шыққан «Орфографиялық сөздіктерде» қосымшалардың жіңішке түрі жалғана бастады: *куәсі, куәсіна, куәсінан; күнәлі, күнәлілігі, күнәлілік, күнәсі, күнәсіз, күнәсіна, күнәсінан; шүбәлі, шүбәлілік, шүбәсі, шүбәсіз, шүбәсіна; іңкәрі, іңкәріна, іңкәрінан*. Қазіргі таңдағы ұсынылып отырған Жаңа емле ережесінде: «Соңғы буынында **á** әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар ғана жуан жалғанады: **kúnásina, kúnásinan, kúásina, kúásinan, kúnáğa, kúnádan, kinálaý, shúbálaný, kúáğa, kúádan, kúmánğa, kúmándaný**» деп көрсетілген. Соңғы буын жіңішке (ә) болып тұрса да, неге қосымшалар бірізділікпен тек қана жіңішке жалғана алмайды? Мұның басты себебін ғалымдар сөздің қосымшасыз жеке өзін алғанда, соңғы буындағы дауысты фонема өзінің негізгі реңкінде жұмсалмайтындығымен түсіндіреді. Ғалымдардың тұжырымынша, сөз соңындағы дауысты **а** (таңбалануы ә) бірінші буындағы тіл алды дауыстыларының әсерінен жіңішкеріп, қосымша реңке ие болады. Сол үшін де ә әрпі ә фонемасын таңбалап қана қоймай, кей позицияда **а** фонемасын да білдіретін қосалқы қызмет атқарады (Н.Уәлиев, А.Алдашева). сөз аяғы жіңішке ә әрпімен таңбаланып тұрғанымен, жуан түрдегі қосымшаларды талғауының басты себебі міне, осы. Сөзімізді дәлелді болуы үшін, «Позиция талғайтын әріптер (ә, о, ө, ұ, ү; б, д) мен оларға қосымша жалғануы және орфоэпиясы» сабағын назарға ұсынсақ (3-кесте. Позиция талғайтын әріптер (ә, о, ө, ұ, ү; б, д) мен оларға қосымша жалғануы және орфоэпиясының сабақ жоспары).

3-кесте. Позиция талғайтын әріптер (ә, о, ө, ұ, ү; б, д) мен оларға қосымша жалғануы және орфоэпиясының сабақ жоспары

Сабақ түрі	Практикалық сабақ
Уақыты	Күні:
Мұғалім:	
Пәні	Қазақ тілі.
Сабақ тақырыбы	Позиция талғайтын әріптер (ә, о, ө, ұ, ү; б, д) мен оларға қосымша жалғануы және орфоэпиясы
Оқу мақсаты	Білімділік: оқушыларға позиция талғайтын әріптер мен

/Уәждеме	оларға қосымшалардың дұрыс жалғануы туралы түсінік беру және орфоэпиялық норманы меңгерту. Дамытушылық: оқушылардың әріп, фонема, дыбыс жайындағы білімдерін одан әрі дамыту. Берілген әріптердің айтылуы мен жазылуына көңіл бөліп, қазақ тілінің фонетикасы бойынша білімдерін кеңейту, ауызекі сөйлеу, жазу тілін дамыту, студенттердің білім сапасын көтеру, өз бетінше білім алуға, алған білімін іс жүзінде қолдана алуға жаттықтыру. Тәрбиелік: оқушыларды дұрыс сөйлеуге, тіл мәдениетін сақтауға баулу. Қазақ тілінің қыр-сырын білетін тұлға ретінде тәрбиелеу.
Оқу әдістері	Миға шабуыл. Жеке жұмыс. Жұппен және топпен жұмыс.
Құзыреттер	- жұптаса, топтаса жұмыс атқара отырып, позиция талғайтын әріптер мен оларға қосымшаларды дұрыс жалғауға қалыптасады; - алған білімдерін тиімді пайдалануға үйренеді.
Дереккөздер, сілтемелер	1. JANA EMLE. Oqy-ádistemelik qural. -Astana, 2019. 2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013ж. 3. Онлайн ресурстар.
Ой қозғау / Мәселені айқындау кезеңі	Ойтүрткі сұрақтар қою. Жауап беру. 3 мин. Ережемен таныстыру. 3 мин.
Оқылым / Жазылым/ Мәселені шешу кезеңі	Жазылым жұмысын орындату. 3 мин. Ережемен таныстыру. 3 мин. Жазылым жұмысын орындату 3 мин
Оқылым/ Айтылым	Өлең оқу. 4 мин
Жеке жұмыс/ Жұптық жұмыс	Берілген сөйлемдердің дұрысын таңдау, жұбымен талқылау. 3 мин.
Қорытындылау	Кластер толтыру. 3 мин.
Рефлексия. Бағалау	Кері байланыс орнату. Бір-бірін бағалау. 2 мин. Студенттерге орфоэпиялық нормаға сай өлең жаттау тапсырылады.

Ү, ө, ұ, о әріптері. Қазақ тілінің қазіргі жазылым нормасы ерін үндестігі емес, тіл үндестігіне бағынатыны мәлім. Ал араб жазуын қолданған кезеңдерге ерін үндестігі жүйелі түрде таңбаланып отырады: *үйүм, қолұң, бүгүн және т.б.* Тіпті алғашқы буында езулік дауысты тұрса да, соңғы буынға еріндік дауыстыларды жазу үрдісі ХХ ғасырдың басына дейін сақталды: *барұб, келұб, айтатұн, беретұн, барұр, келур*, т.б. бұлайша жазылуының басты себебі, сол кезеңдегі жазуда фонетикалық принциптің (айтылуы бойынша жазу) басым болуы және түркі тілдерінің туыстық негізіне жақындатып жазудың бертінге дейін жалғасуы. Ерін үндестігі қай уақыттан бастап таңбаланды және таңбаланбауының себебі неде? ХХ ғасырдың басында, ұлт зиялылары қазақ тіліндегі ерін үндестігін жазуда таңбалау қажет пе, жоқ па деген мәселе төңірегінде біраз дауласқан болатын. 1924 жылы өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде» Е.Омарұлы: «Бұрын ескі түркі тілінде **ы**-ның орнына көбінесе **ұ** дыбысы бар сөздердің көбі **ы**-мен айтылатын болған. Бұл қазақ тілінің өз еркімен болған өзгерісі. Ол өзгеріске қарсы болып,

ескішілдік қылудың жөні жоқ, болған өзгерісті қабыл алып, қаттап отыру керек», – деген болатын. 1929 жылы 2-4 маусымда Қызылорда білім кеңесі мен қазақ жаңа әліп кіндік комитеті шақырған емле конференциясында Т.Шонанұлы: «Мұнан 50-60 жыл бұрын академик Радлов тілімізде ерін үндестігі өте күшті екенін байқап, қазақ сөздерін былай жазған: *өкшөсүнө* сартылдап, ақ төбөнүң басында... Біздің тұсымызда ерін үндестігі бірте-бірте құрып бара жатқанын байқаймыз. Бұдан 50 жыл ілгері Радлов *жүгүргөн* деп жазса, бұл күнде еш қазақ олай жазбайды, жүгірген деп қана жазады». Ал еріндік дауыстыларды соңғы буында таңбалауымыздың себебін былайша түсіндіріледі: «*Еріндік дауыстының алғашқы буыннан артқа жібермейтін себебіміз не? Ор деген сөзге, ады қоссақ, орады болады, ородұ бола алмайды, сол сияқты, тұр-дан тұрады болады, тұродұ бола алмайды*» (Емле конференциясының стенографиялық есебі. Қызылорда, 1930 ж.). Яғни *тұр, ор* сөздерінде еріндік дауысты болғанымен, қосымшалар жалғағанда ерін үндестігі толық сақталмайды. Ерін үндестігін жазуда таңбалау ХХ ғасырдың басында басталды. Оған ерін үндестігінің бірте-бірте жоғалуы, бас буындағы еріндік дауыстының ықпалы екінші буыннан әрі аса алмауы, екінші және үшінші буындағы дыбыстардың дәл еріндік болып анық естілмеуі әсер етті. Осының негізінде жазуда ерін үндестігі еленбей, көмескі естілетін жерлерде езулік дыбыстары жазылатын болып орнықты. Бұл алаш зиялылары ескертіп кеткендей, «қазақ тілінің өз еркімен болған өзгерісі».

Б, д әріптері. Игерілген араб, парсы сөздерінде сөз соңындағы б дыбысы сақталып та (араб), қатаң *n*-ға ауысып та (кітап, айып, азап, аспап) орныққаны мәлім. Төл сөздерімізде сөз соңында б дыбысы таңбаланбайды. Тек кірме сөздерде кездеседі: *араб, асхаб, мазхаб, хиджаб* және т.б. Игерілген араб, парсы сөздерінде сөз соңындағы д дыбысы сақталып та (Мұхаммед), қатаң *m*-ға ауысып та (мақсат, абат, т.б.) орныққаны мәлім. Тек кірме сөздерде кездеседі: *Мұхаммед, абжад, жад* сонымен қатар, кейінгі жылдары «Мәдени мұра», «Ұлттық идея», «Ғылыми қазына» сынды т.б. ғылыми жобалар нәтижесінде ұмыт болған ескі кітаби бірліктер тілдік айналымға түсіп, д-мен таңбалана бастады: *фариад (зар еңіреу), хасад (іштарлық), мұртад (діннен шыққан; опасыз), фасад (азғындық, адамгершіліктен шығу)*. Бұларды актив қолданыстағы сөздер емес десек те, жазылымда дәстүр болып қалыптасқан *Мұхаммеджан, абжад* және кейінгі кезде компьютерлік технология саласында термин ретінде орнығып кеткен *жад (жедел жад, арнайы жад, ішкі жад, сыртқы жад, флеш-жад, базалық жад, бейнежад, бұркеме-жад, голографиялық жад* және т.б.) сөздеріндегі д дыбысы жазылымда сақталып отыр.

Ы, і әріптерінің емлесі және орфоэпиялық ерекшеліктері. Сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда *ы, і* әріптерін түсіріп таңбалау мәселесі жазу тарихымызда бірнеше рет көтерілген болатын. А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов *ы, і* әріптерін түсіріп жазуды ұсынды. Бейүндес буын жігіндегі қысаң *ы, і* дауыстыларын таңбалау, таңбаламау мәселесі де ұзақ жылдар бойы орфографиядағы қиындықтардың қатарынан орын алып, кейде түсіріліп, кейде

түсірілмей жазылған болатын: рақмет/рақымет, қызмет/қызымет, лағнет/лағынет, сондай-ақ көмескі естілетін жерлерде: емле-еміле, үкмет – үкімет т.б. қазіргі жазуымызда бұндай ала құлалық бір нормаға түсіп, орфографиясы айқындалды.

Ал буын жігіндегі қысаң [ы], [і] дауыстыларының абсорбцияға (жұтылу) ұшырауы тілімізде бар құбылыс. Ғалым Н.Уәлиұлы: «Түбір сөздегі қысаң дауысты дыбыстың ашық болып келуіне тәуелді екендігі байқалады», – дейді. Мәселен, құрлыс, бұрлыс, ғылыми, жылыс деп жазылмай, құрылыс, бұрылыс, ғылыми, жиылыс делініп, *ы* арқылы жазылуы аффикстің қысаң дауысты болып келу жүйесіне байланысты. Яғни аффикстердің қысаң дауыстымен келетін түрі жалғанса, *ы* дыбысы жазылымда таңбаланады: *өтін – өтінім, өтініш, қайыр – қайырым, басыл – басылым, мейір – мейірім т.б.* Бұл аффикстермен келгендегі жазылымы. Ал аффиксі жоқ, түбір сөздердегі қысаңдарды таңбалау, таңбаламау мәселесінде күрделілік пен ала құлалық бар. Мысалы, *тағылым, саңылау, ібіліс, мәжіліс* деп *ы, і* қысаңдарын жазамыз, ал *сіңлі, бағлан, емле т.б.* сөздерде жазбаймыз. Ғалым Н.Уәли бұндай ала құлалықтың себебін кез келген сонорлы буынның алдында *ы, і, ұ, ү* қысаңдары жазыла бермейтіндігімен түсіндіреді.

Я, ю әрпі бар төл сөздердің таңбалану ерекшеліктері. **Я, ю** әріптері – қазақтың төл сөздерінде, көбінесе шеттілдік сөздерде жазылатын әріп таңбалары. Олар ғалым Ә.Жүнісбек кірме әріптер ретінде қарастырса, ғалым С.Исаев: «Жазуымызда қолданылып жүрген *ё, ю, я* таңбалары білдіретін дыбыстар қосар (дифтонг) болып келеді, – дейді. Бұл әріптердің кирилнегізді қазақ әліпбиінде жазылу емлесін ғалым Р.Сыздық былай түсіндіреді: «*Я, ю* әріптері қазақ сөздерінде *й+а, й+у* қосар дыбыстарын таңбалап, дауысты әріптен кейін ғана жазылады: *аяу (айу), үю (үйу), қою (қойу), аян (айан), қоян (қойан), баяндауыш (байандауыш), яғни, яки, япырмай*».

Латын әліпбиіне көшудегі мақсаттың бірі – бұрынғы кеткен олқылықтардың орнын толтырып, тіліміздің төл табиғатын, оның үндесімдігін сақтап қалу. Сол үшін де таңба әлде дыбыс екендігі күмәнді аталған әріптің таңбалануы қазақ тілінің жаңа әліпбиінің емле ережесінде өзгеріске ұшырады.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру мәселесі туралы сөз болғанда, ең алдымен мектеп бағдарламасын қайта қарау керек. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым м.а. 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу (оқыту қазақ тілінде) бағдарламасындағы 1-тарау Жалпы ережелердің 9-тармағындағы «Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі» келесідей бөлімшелерден тұрады:

- 1) орфографиялық норма;
- 2) орфоэпиялық норма;
- 3) лексикалық норма;
- 4) грамматикалық норма;
- 5) пунктуациялық норма деп берілген. Сондай-ақ, аталған

бағдарламаның 10-тармағы 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұнында 4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: қазақ тілінің дыбыстар жүйесі, үндестік заңы, емле заңдылықтары;

орфоэпиялық норма: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал;

лексикалық норма: сөздердің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, синоним, омоним, антоним;

грамматикалық норма: туынды сөздер, күрделі сөздер, зат есімнің мағыналық түрлері, сын есім, шырай категориясы, сан есім, мағыналық түрлері, төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзі;

пунктуациялық норма: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

11. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: жеке, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер;

орфоэпиялық норма: сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін;

лексикалық норма: көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздер;

грамматикалық норма: есімдік, етістік, етіс түрлері, салт және сабақты етістік, үстеу, үстеудің мағыналық түрлері;

пунктуациялық норма: қазақ тіліндегі тыныс белгінің түрлері, даралаушы тыныс белгілері.

12. 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу;

орфоэпиялық норма: сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану;

лексикалық норма: фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану;

грамматикалық норма: есімше, көсемше, тұйық етістік, шак, рай түрлері, еліктеу сөздер, шылау түрлері, одағай, окшау сөздер;

пунктуациялық норма: сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану.

13. 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу;

орфоэпиялық норма: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;

лексикалық норма: сөздік қор мен сөздік құрам;

грамматикалық норма: сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді және етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері,

сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі;

пунктуациялық норма: қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері.

14. 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру, мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графикалық мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу, эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

орфоэпиялық норма: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану;

грамматикалық норма: құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу, салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану;

пунктуациялық норма: құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану.

Көріп отырғанымыздай, бағдарламадағы тақырыптар жеңілден ауырға қарай шиыршық әдісі бойынша құрылған. Осы ретте, жаңа әліпбиге көшуде төмендегідей сабақ жоспарын ұсынуға болады (6-кесте. Әліпбидегі әріптердің реті мен құрамы. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбалануы)

4-кесте. Әліпбидегі әріптердің реті мен құрамы. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбалануы

Мұғалімнің аты-жөні: Күні:		
Қатысқандар:	Қатыспағандар:	
Сабақтың тақырыбы	Әліпбидегі әріптердің реті мен құрамы. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбалануы	
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды латын графикасындағы қазақ тілінің жаңа әліпбиімен таныстыру, мағлұмат беру, оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру, арттыру	
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының құндылықтары: тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы; қарым қатынас қабілеті	
Сабақтың барысы		
Сабақтың	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресу

жоспарланған кезеңдері		рста р																																																																																																						
Сабақтың басы 1 минут	Психологиялық ахуал тудыру Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты түсіндіріледі	Инте рбел-сенді тақта.																																																																																																						
Сабақтың ортасы 1 минут 3 минут 2 мин 2 минут 2 минут 2 минут 3 минут 2 минут	<p>Мәтін. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» ҚР Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізілген: 1. Осы жарлыққа жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.</p> <p><i>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев</i></p> <table border="1" data-bbox="539 636 863 965"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Написание</th> <th>Звук</th> <th>№</th> <th>Написание</th> <th>Звук</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td>1</td><td>А а</td><td>[a]</td><td>17</td><td>Ң ң</td><td>[ŋ]</td></tr> <tr><td>2</td><td>А а</td><td>[ɑ]</td><td>18</td><td>О о</td><td>[o]</td></tr> <tr><td>3</td><td>В в</td><td>[b]</td><td>19</td><td>Ө ө</td><td>[ɤ]</td></tr> <tr><td>4</td><td>Д д</td><td>[d]</td><td>20</td><td>Р р</td><td>[r]</td></tr> <tr><td>5</td><td>Е е</td><td>[e]</td><td>21</td><td>Қ қ</td><td>[q]</td></tr> <tr><td>6</td><td>Ғ ғ</td><td>[ɣ]</td><td>22</td><td>Җ җ</td><td>[ʒ]</td></tr> <tr><td>7</td><td>Г г</td><td>[g]</td><td>23</td><td>С с</td><td>[s]</td></tr> <tr><td>8</td><td>Ғ ғ</td><td>[ɣ]</td><td>24</td><td>Т т</td><td>[t]</td></tr> <tr><td>9</td><td>Һ һ</td><td>[x], [h]</td><td>25</td><td>У у</td><td>[y]</td></tr> <tr><td>10</td><td>І і</td><td>[i]</td><td>26</td><td>Ў ў</td><td>[ɤ]</td></tr> <tr><td>11</td><td>І і</td><td>[ɪ], [i]</td><td>27</td><td>Ү ү</td><td>[ʉ]</td></tr> <tr><td>12</td><td>Ј ј</td><td>[ʝ]</td><td>28</td><td>Ү ү</td><td>[ʉ]</td></tr> <tr><td>13</td><td>К к</td><td>[k]</td><td>29</td><td>Ү ү</td><td>[ʉ]</td></tr> <tr><td>14</td><td>Л л</td><td>[l]</td><td>30</td><td>Z z</td><td>[z]</td></tr> <tr><td>15</td><td>М м</td><td>[m]</td><td>31</td><td>Sh sh</td><td>[ʃ]</td></tr> <tr><td>16</td><td>Н н</td><td>[n]</td><td>32</td><td>Ch ch</td><td>[tʃ]</td></tr> </tbody> </table> <p><i>Астана. Ақорда. 2018 жылғы 19 ақпан</i></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстар жайлы мағлұматтар беру 1-тапсырма Сөздерді оқып, есте сақтаңыз (7 слайд). 2-тапсырма. Шарты: екі топтан бір-бір тыңдаушы тақтаға шығады. Шығармашылық жұмыс. Мақал-мәтелдерді жаңа әліпбиімен жазыңыз. 3-тапсырма. Сөздерді оқып, жаттығыңыз. At, ań, et, ót, iz, ot, ák, az, as, aq, ar Ata, áke, ana, áje, tas, sóz, til, din, qus bala, dala, qala, Otan, ushaq qazaq, aýdan, qalam, qaǵaz, urpaq Túǵan jer, saryarqa, keń dala, Qazaqstan 4-тапсырма. «Кім жүйрік?». Жаңа әліпбиімен жазамыз. Аға, сәлем, әже, сәукеле, тау, әже, таңертең, ірімшік, ыдыс. Дескриптор: әріптерді ажыратады; сөздерді дұрыс жазады; уақытты сақтайды. Сергіту сәті. 5-тапсырма. Сөздік есеп ойыны. Шарты: екі түбірден берілген сөздердің алынып тасталған түбірін жаңа әліпбиімен жазыңыздар. Балмұздақ – мұздақ = bal Алтынай – ай =</p>	№	Написание	Звук	№	Написание	Звук	1	А а	[a]	17	Ң ң	[ŋ]	2	А а	[ɑ]	18	О о	[o]	3	В в	[b]	19	Ө ө	[ɤ]	4	Д д	[d]	20	Р р	[r]	5	Е е	[e]	21	Қ қ	[q]	6	Ғ ғ	[ɣ]	22	Җ җ	[ʒ]	7	Г г	[g]	23	С с	[s]	8	Ғ ғ	[ɣ]	24	Т т	[t]	9	Һ һ	[x], [h]	25	У у	[y]	10	І і	[i]	26	Ў ў	[ɤ]	11	І і	[ɪ], [i]	27	Ү ү	[ʉ]	12	Ј ј	[ʝ]	28	Ү ү	[ʉ]	13	К к	[k]	29	Ү ү	[ʉ]	14	Л л	[l]	30	Z z	[z]	15	М м	[m]	31	Sh sh	[ʃ]	16	Н н	[n]	32	Ch ch	[tʃ]	Инте рбел-сенді тақта Жаңа әліпби
№	Написание	Звук	№	Написание	Звук																																																																																																			
1	А а	[a]	17	Ң ң	[ŋ]																																																																																																			
2	А а	[ɑ]	18	О о	[o]																																																																																																			
3	В в	[b]	19	Ө ө	[ɤ]																																																																																																			
4	Д д	[d]	20	Р р	[r]																																																																																																			
5	Е е	[e]	21	Қ қ	[q]																																																																																																			
6	Ғ ғ	[ɣ]	22	Җ җ	[ʒ]																																																																																																			
7	Г г	[g]	23	С с	[s]																																																																																																			
8	Ғ ғ	[ɣ]	24	Т т	[t]																																																																																																			
9	Һ һ	[x], [h]	25	У у	[y]																																																																																																			
10	І і	[i]	26	Ў ў	[ɤ]																																																																																																			
11	І і	[ɪ], [i]	27	Ү ү	[ʉ]																																																																																																			
12	Ј ј	[ʝ]	28	Ү ү	[ʉ]																																																																																																			
13	К к	[k]	29	Ү ү	[ʉ]																																																																																																			
14	Л л	[l]	30	Z z	[z]																																																																																																			
15	М м	[m]	31	Sh sh	[ʃ]																																																																																																			
16	Н н	[n]	32	Ch ch	[tʃ]																																																																																																			

2 минут	<p><u>Қызбалық – қыз =</u> <u>Желтоқсан – жел =</u> <u>Тайқазан – тай =</u> <u>Төлкүжат – төл =</u> <u>Құмсағат – құм =</u></p>	
2 минут	<p>6-тапсырма. «Кім тапқыр?» ойыны. Шарты: Жаңа әліпбимен жазылған жұмбақтарды оқып шешуін табыңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өзі қысқа, Өзі нұсқа, Сөз қаймағын есінде ұста (Мақал) 2. Қорыққанда жел аяқ Отырғанда томардай-ақ (Қоян) 3. Өзі суық, Өзі өткір, Өзі үскірік (Жел) <p>7-тапсырма. Жүйрік ой стратегиясы. Шарты: берілген әріптерден сөздер құраңыздар</p> <p>8-тапсырма. «Неліктен бұл үздік?» оқушылар бір-бірінің өлеңді үздік оқығандарын бағалайды.</p>	
Сабақтың соңы 1 минут	<p>Сабақты қорыту (25 слайд). «Кім көп сөз біледі?». Шарты: Бұл кезеңде берілген 1 минут аралығында уақыт аралығында «Қанағат» сөзінен сөздер құрастырыңыздар және жаңа әліпбимен жазыңыз.</p> <p>Өздігінен ізденуге негізделген тапсырма (үйге тапсырма). Мамандық атауларын жаңа әліпбиде жазып дауысты дыбыстарды бір сызықпен, дауыссыз дыбыстарды екі сызықпен сызыңыз.</p>	

Қазақ емлесіндегі «ә» және сөз соңындағы «б, д» әріптерінің емлесіне тоқталар болсақ, төмендегі кестеден қазақ тілінде «ә» әрпінен келетін сөздерді ұсынып отырмыз (5-кесте. Қазақ емлесіндегі «ә» әрпінен келетін сөздер).

5-кесте. Қазақ емлесіндегі «ә» әрпінен келетін сөздер

	әке	әнші	мәселе
Ә	әже	әлем	мәзір
			мәнер

Қазақ емлесіндегі «ә» әрпінен келетін сөздерге тоқталғанда, «ә» әрпінің дұрыс жазылған нұсқасын көрсететін тапсырмалар ұсынуға болады (1-сурет. «Ә» әрпінің дұрыс жазылған нұсқасын көрсетіңіз).

1-сурет. «Ә» әрпінің дұрыс жазылған нұсқасын көрсетіңіз

Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерінде (06.12.2018 ж.) соңғы буынында *á* әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар жуан жалғанады: *kúnáğa, kúnádan, kinálaý, shúbáğa, shúbálaný, kýáğa, kýádan,*

kúmánğa, kúmándaný, ińkárğa. Қысаң дауыстылармен келетін қосымшалар жіңішке жалғанады: *kúnási, kúnásiniń, kinási, kinásiniń, shúbási, shúbásiniń, kýási, kýásiniń, kúmáni, kúmániń, ińkári, ińkáriniiń*

Бірақ: *kúnásina, kúnásinan, kinásina, kinásinan, shúbásina, shúbásinan, kúásina, kúásinan, kúmánina, kúmáninan, inhárina, inhárinan*

Берілген сөздердің соңғы буын жіңішке болса, бұл сөздер неге қосымшалардың жіңішке вариантымен түрленбейді? (6-кесте. Сөздердің дұрыс жазылу кестесі).

6-кесте. Сөздердің дұрыс жазылу кестесі

Ә әрпі		
негізгі қызметі - <ә> таңбалау	қосалқы қызметі - <a> таңбалау	шай + ға күнә + ға күмән + дану

1-тапсырма. Берілген сөздерді септеп, жазылуын түсіндіріңіз.

kúná inhár shúbá inhá mármár

2-тапсырма. Берілген сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап, жазылуын түсіндіріңіз (7-кесте. Қосымшаларды дұрыс жалғау кестесі).

7-кесте. Қосымшаларды дұрыс жалғау кестесі

<i>kúá</i> + ...	-sy -si
<i>kúná</i> + ...	-sine -sina -syna
<i>kúmán</i> + ...	-inan -ynan -inen
<i>zámzám</i> + ...	-iniń -inyń -yuyń
<i>shúbá</i> + ...	-syna -sine -sina

Қосымалардың дұрыс қолдануына тоқталсақ, емле ережені басшылыққа ала отырып, қосымшалардың жалғануын оқушыларға жақсылап меңгерткен жөн. Жаңа әліпбиге көшкен кезде сөз соңындағы «б» әрпінің емлесіне де тоқталалсақ, бұл жерде кірме сөздер мен шетелдік сөздер арқылы енген сөздерге қосымшалар жалғанғанда дыбыстық өзгерістер пайда болады (10-кесте. «Б» әрпінің емлесі).

8-кесте. «Б» әрпінің емлесі

Сөз соңында жазылатын «д» әрпінің емлесіне тоқталсақ, жаңа әліпбиде төл сөз, кірме сөз, шеттілдік сөздерге қосымшалар

кірме сөздер	кірме сөздер	шеттілдік сөздер
кітап азап аспап айып	араб мазһаб хиджаб	скраб тромб клуб масштаб

жалғанғанда дыбыстық өзгерістерге түсу процесін байқаймыз. Мәселен, төменде берілген суреттегі сөздерге қосымшалар



жалғанғанда дыбыстық өзгерістер пайда болады (2-сурет. Сөз соңындағы «Д» әрпінің емлесі).

2-сурет. Сөз соңындағы «Д» әрпінің емлесі

3-тапсырма. Қате жазылған сөздерді табыңыз, дұрыс нұсқасын беріңіз.

- тарар
- арап

- **hıjap**
- **azap**
- **sap**
- **mıkrıp**
- **shtap**
- **rep**
- **romp**
- **logotıp**

4-тапсырма. Қате жазылған сөздерді табыңыз, дұрыс нұсқасын беріңіз.

- **shapaǵad jahıd**
- **ǵıbrad beınejad jannad**
- **ortopet**
- **karat**
- **bilbord**
- **grant**

Әліпбидегі әріп пен фонема қатынасы. Дыбыс, фонема және әріп үшеуі үш түрлі. Фонема (грек сөзінен *phoneme* – дыбыс, дауыс) дегеніміз – қазіргі теориялық тіл білімінің негізгі ұғымдарының бірі. Сонымен, фонема деген не, оның дыбыстан айырмашылығы неде? Сөз ағымында әртүрлі дыбыстар айтылады, олардың айтылу түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып, бір дыбыс типін құрайды, оны біз фонема дейміз. Фонемаға мынадай анықтама беруге болады: тілдің ең шағын функционалды бірлігі, сөз тұлғасын ажырататын және оның құрамында болатын дыбыс типі. Фонемалар мағына айқындау жағынан жұп-жұбымен қосарланып, бір-біріне қарама-қарсы қойылады, сонда оның негізгі қасиеті, ерекшелігі анықталады.

Егер бір позицияда, бір дыбыстың орнына басқасы жүрмей, сөздің мағынасын өзгертіп жіберсе, бұл дыбыстар екі фонеманың көрінісі ретінде танылады. Осындай қасиеттер [a] мен [y] дауысты дыбыстарының арасында байқалады: *qar* деген сөзде [a] дыбысын [y] ауыстырса, *qur* деген жаңа сөз пайда болады. Кез келген нақтылы бір фонеманы әркім өз бетінше өзгертіп, басқаша жасай алмайды. Өйткені ол белгілі артикуляциялық орында пайда болу сапасы ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи, тұрақты нәрсе. Алайда фонемалар бір-бірінен тек жасалым-айтылым ерекшеліктерімен ғана ажыратылмайды, олар морфемалар мен сөздерді белгілей отырып, сигнификативтік (мағына ажыратушылық) қызмет атқарады. Мысалы, *qal* мен *tal* сөздері тек бірінші дауыссыздар арқылы ажыратылып тұрса, *qal* мен *gol* деген сөздерде мағынаны екінші дауыстылар айырып тұр.

Әріп – фонеманың таңбасы. Адам екінші біреуге өзінің ойын жазу арқылы да білдіреді. Мұндайда өз ойын түсіндіру үшін, жеке фонемаларға арналып алынған әріптік таңбалар арқылы қағаз бетіне түсіріп, сөз сөйлем құрайды. Яғни фонема көзге көріну үшін оны таңбалайды. Әріп фонеманың таңбасы болғанымен, оның тілдегі дыбыстардың санымен бірдей болуы шарт емес. Әдетте барлық дамыған тілдерде әріптердің саны дыбыстардан кем

болуы керек. Қазақ тілінде керісінше болған. Мысалы, дамыған француз және ағылшын тілдерінде 35, 44 фонема бар. Бұл фонемалар 26 латын әрпімен беріледі. Сондықтан латын графикасына көшудің практикалық мәні зор. Оқушыға 26 латын әріптерін жаттауға 42 кирилл әріптерінен гөрі оңайырақ болады. 32 әріппен жазуы қиын болмайды.

Жазу сөйлеу дыбыстары арқылы таңбалануымен берілетіні белгілі. Дегенмен, әріптер дыбыстарға дәлме-дәл сәйкес келуі мүмкін емес. Жазу үшін ең маңыздысы ойдың мазмұнын сақтау болып табылады. Сондықтан жазудың бірінші нұсқалары сөздің дыбыстық жағын мүлдем көрсете алмады. Жазу тарихын еске түсірсек, ол сызбадан басталып, кейін ғана даму үдерісіне байланысты, адам сөйлеудің жазбаша түрін дыбыспен байланыстыруға ыңғайлы екендігін түсінді, себебі бұл жағдайда көп мәлімет беруге және хабар жеткізуге болады.

Жазуда дыбыстардың барлық түрінің берілуінің дәлдігі талап етілмейді, тек типтік дыбыстарды (фонемаларды) беру өте маңызды. Жазбаша және ауызша сөйлеу формалары арасындағы нақты арақатынас емле ережелер арқылы және ұлттық әліпби негізінде белгіленеді. Сөйлеу тілі ұлттық жазудың бірлігін сақтауға бағытталған.

Әріп, дыбыс пен фонеманың дұрыс ажыратылуы тек сөйлеу тілі мен жазу теориясын зерттегеннен кейін ғана мүмкін болды. Мұндай зерттеулер жақында ғана пайда болды. Қазақ тілінің материалында қалыптасқан фонема теориясы лингвистикалық заңдарды дұрыс бағалауға және әріптердің фонемалық мәндерін ескеруге мүмкіндік берді.

Барлық тілдерде ортақ бірнеше әмбебап ережелер бар. Олар: әліпбидегі әр таңбаның өзіндік мағынасы болуы және ол басқа таңбалардан ерекшеленуі тиіс, әліпбиде қосымша әріптер болмауы, олардың функциялары басқа таңбалармен қайталанбау, ұлттық емле тілдің табиғатына сәйкес болуы керек және басқа тілдердің ережелерін өз тіліне бейімдеуге болмайды.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша (оқыту қазақ тілінде) 6-сыныбына арналған ұзақ мерзімді жоспарында төмендегідей берілген (9-кесте. 6-сыныбына арналған ұзақ мерзімді жоспарының тақырыбы)

9-кесте. 6-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспары

<p>6. Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология</p>	<p>Есімдік, оның мағыналық түрлері</p>	<p>Жазылым</p>	<p>6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру; 6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу</p>
---	--	----------------	--

			(«келісу, келіспеу» эссесі)
--	--	--	-----------------------------

Бұдан шығатын қорытынды, 6-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспарында «Есімдік, оның мағыналық түрлері» тақырыбын меңгергенде латыннегізді қазақ тілін үйренген кезде А.Жаңабекова, Ш.Қапантайқызы құрастырған «Күрделі сын есім, үстеу және есімдіктердің емлесіне» лайықтап сабақ жоспарын құрастырса болады.

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМ – жазуда басшылыққа алынатын негіз. Осы ретте А.Байтұрсынұлы орфографиялық ұстанымды қалай анықтады? – десек, оны төменгі кестеден көруге болады. (10-кесте. А.Байтұрсынұлы орфографиялық ұстанымы).

10-кесте. А.Байтұрсынұлы орфографиялық ұстанымы

таңба жүйелі	дыбыс жүйелі	туыс жүйелі	дағдыша
тарихи принцип	фонетикалық	морфологиялық	дәстүрлі

Жазу теориясын меңгерткенде, оның негізгі және қосалқы ұстанымға бөлінетіндігін айта кеткен жөн (11-кесте. Жазу теориясы).

11-кесте. Жазу теориясы.

ЖАЗУ ТЕОРИЯСЫ

НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМ

ҚОСАЛҚЫ ҰСТАНЫМ

Ал морфологиялық принцип бойынша *басшы* сөзінің айтылуы *башшы* болып, екі «*ши-мен*» естіледі. Жазарда орфографиялық нормаға сай жазамыз. Сол секілді *САРЫАРҚА* сөзі – *Сарарқа*, *КӨЗҚАРАС* сөзі – *көз[з]арас*; *ҚАЗСА* сөзі – *қа[с]са* болып айтылуы мен жазылуы арасында, яғни орфографиялық нормаға сай жазылып, орфоэпиялық нормаға сай айтылады (12-кесте. Морфологиялық принцип).

12-кесте. Морфологиялық принцип

БАСШЫ ба[ш]шы	МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИП	КӨЗҚАРАС көз[ғ]арас
САРЫАРҚА Сар[]арқа		ҚАЗСА қа[с]са

Қосымшалардың жалғану кезінде дыбыстық өзгерістерге де ұшырайды. Мәселен, доп (ы) ~ добы; кек (і) ~ кегі; ой(ы)на ~ ойна; бүй(і)рек ~ бүйрек; қоз(ы) ~ қоздау болып орфографиялық және орфоэпиялық нормаға сай жазылу мен айтылу арасында едәуір алшақтық байқалады (13-кесте. Қосымшалардың жалғану кезіндегі дыбыстық өзгерістер).

13-кесте. Қосымшалардың жалғану кезіндегі дыбыстық өзгерістер.

<i>ДОП (Ы) ~ ДОБЫ</i>	~	<i>БҮЙ(І)РЕК ~ БҮЙРЕК</i>
<i>КЕК (І) ~ КЕГІ</i>		<i>ҚОЗ(Ы) ~ ҚОЗДАУ</i>

ОЙ(Ы)НА ОЙНА	~	
-----------------	---	--

Жазу теориясының негізгі ұстанымы – фонематикалық ұстаным. Жазу фонемаға негізделеді. Фонемаға негізделген жазу: тіл дыбыстары фонологиялық електен өтеді, дыбыстың біреуі фонеманың айрықша белігісін қалыптастырады (14-кесте. Жазу фонемаға негізделеді).

14-кесте. ЖАЗУ ФОНЕМАҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ

тіл дыбыстары	фонологиялық електен өтеді	дыбыстың біреуі	фонеманың айрықша белігісін қалыптастырады
---------------	----------------------------	-----------------	--

ФОНЕМА – ЕЛЕС-ТҮСІНІК. Елес-түсінік арқылы адам сөз дыбыстарын таниды.

- «Далаға баламын» [p]
- ✓ Далаға баласың ба?
- ✓ «Жоқ, далаға баламын»

Фонема – адам санасында өмір сүретін психикалық элемент.

ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДА:

• дыбыстардың тек негізгі реңкі таңбаланады, қосымша реңктері ескерілмейді.

- басшы~ башшы
- айтса~ айтца
- шай ~ шәй
- өлең ~ өлөң
- ешкі ~ йешкі
- доп(ы) ~ добы
- жүрек (і) ~ жүрегі
- ой(ы)н ~ ойна

Дыбыстар түрленімі:

Синтагматикалық ось

атса (atsa) [attsa]

қайтшы (qaitshy) [qaitchy]

қабак (qabaq) [qavaq]

қапшык (qapshyq) [qafshyq]

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде кездеспейтін дыбыстар айтылады:

[ts] (ц) цирк

[ch] (ч) часы

[v] (в) вагон

[f] (ф) фамилия

(ц), [ch] (ч) аффрикат фонемалары жоқ болса да сөз ағымындағы синтагматикасында негізгі фонемалардың вариациясы ретінде олар жиі кездеседі: *кетсе (ketse)* [kettse], *кетши (ketchi)* [ketchi], (15-кесте. Инвариант (негізгі реңк))

15-кесте. Инвариант (негізгі реңк)

Вариант (өздік реңк)	Вариация (бөгде реңк)
ақ үй, көк үй, ұзын, түнгі <к>, <к>, <ы>, <н>	атса, кетші <ц>, <ч>
[ағүй] [көгүй] [ұзұн] [түңгү]	[attsa] [qaitchy]

Кестеден көріп отырғанымыздай, вариант (өздік реңк) пен вариация (бөгде реңк) арасында

орфоэпиялық тұрғыдан, яғни айтылуында ерекшелік бар.

Фонетикалық ұстанымға тоқталсақ, жазба сөз бен ауызша сөз бір-біріне сәйкес келіп, өз дәрежесіне көтерілсе, бұл фонетикалық жазу болып табылады.

✓ Фонетикалық жазу әріп пен дыбысты белгілеу арасындағы сәйкестікке негізделеді.

ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІ ТОЛЫҚ ИГЕРУДЕ (фонетикалық транскрипция):

- ✓ филология – пйіләләгүйе – pīlálógúie;
- ✓ биология – бййәләгүйе – bīiáológúie;
- ✓ университет – үунійверсіитет – úúniiversiitet;
- ✓ институт – ійнстійтүүт – iinstituút;
- ✓ автор – аптыр – aptyr;
- ✓ академик – әкәдемійк – ákádemiik;
- ✓ магистратура – магыйстратуура – magyistratuúra т.б. деп берілген.

16-кесте. Фонетикалық ұстанымға тоқталсақ, сөздердің жазылуында ерекшелік берілген (16-кесте. ФОНЕТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМ).

БОТАГӨЗ		ТАУАР
	ФОНЕТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМ	
КӘМПИТ		ПОШТА

Қосалқы ұстанымда сөздердің жазылуында ерекшелік берілген. Бұнда Түпнұсқалық принцип сақталып, оның тарихи-

дәстүрлі және айырмыс ұстаным болып бөлінетін түрлері берілген (17-кесте. Қосалқы ұстанымы).

17-кесте. Қосалқы ұстанымы. ҚОСАЛҚЫ ҰСТАНЫМДАР

ТАРИХИ-ДӘСТҮРЛІ	ТҮПНҰСҚАЛЫҚ	АЙЫРМЫС
-----------------	-------------	---------

Дәстүрлі (тарихи) принцип. Дәстүрлі (тарихи) принцип бойынша сөздер әуелгі тұлғасында емес, орыс, араб, парсы сөздерінің төл тілдеріндегі бастапқы орфограммасын сақтап, тілде қалыптасқан тұлғасы бойынша жазылады.

ТАРИХИ-ДӘСТҮРЛІ ПРИНЦИП бойынша сөздердің жазылуы берілген (18-кесте. Тарихи-дәстүрлі принцип).

18-кесте. Тарихи-дәстүрлі принцип

ГАУҒАР	ҚАҒАРМАН	ХАЛЫҚ	ЕМХАНА
ТҮПНҰСҚАЛЫҚ ПРИНЦИП			
ПРОЦЕССОР	АВТОМАТ	ЭЛЕМЕНТ	ВАНКОМАТ

ТҮПНҰСҚАЛЫҚ ПРИНЦИП бойынша сөздердің жазылудағы түпнұсқасы сақталған сөздер берілген.

АЙЫРМЫС ПРИНЦИП бойынша төмендегі сөздердің екі түрлі жазылуы берілген. Яғни бұл сөздер бір кездері екі түрлі айтылып, екі түрлі жазылатын. Ал латын графикасына көшкенде берілген сөздер жүйеленіп нақтыланады (19-кесте. АЙЫРМЫС ПРИНЦИП).

19-кесте. АЙЫРМЫС ПРИНЦИП

ҚАУЫП	ӨКІМЕТ	ӨКІМ	ШАШАЛУ
ҚАУІП	ҮКІМЕТ	ҮКІМ	ШАШ АЛУ

1-тапсырма. Берілген сөздерді айтылымы бойынша жаңа әліпбимен жазыңыз

- ✓ өтсе
- ✓ сатса
- ✓ кетші
- ✓ өтші
- ✓ сатшы
- ✓ етсіз

2-тапсырма. Берілген сөздердің қандай орфографиялық ұстаныммен жазылғанын анықтаңыз

- ✓ жарғанат
- ✓ сатса
- ✓ қосшы
- ✓ түнгі
- ✓ кәмпит
- ✓ қара ала
- ✓ бүгін
- ✓ өлең
- ✓ қайтшы
- ✓ көк үй
- ✓ сарыағаш

1.2 Латын графикасына көшуде орфографияны оқытудың ерекшеліктері

Орфография (гректің орфос – дұрыс, түзу және графия – жазу деген сөздерден алынған) – жазба тілде пайдаланатын біркелкі жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі. Біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайтын және зерттейтін тіл білімінің саласы. Орфография тілдің белгілі бір даму кезеңіндегі жазба тілдің нормаларын айқындайды, оның негізгі бөлімі дыбыстарды/фонемаларды/ әріппен белгілеу мәселесімен айналысады. Дыбыс пен әріп бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі дыбыс ауызша тілдің материалы, әріп – жазба тілдің материалы. Жазуды белгілі бір жүйеге салып отыру үшін орфография үлкен қызмет атқарады. Сонымен қатар орфография фонемаларды әріппен таңбалауды, сөздерді, оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптердің қолданылуын, тасымал тәртібін белгілейді. Нақты айтқанда, орфография жазба мәтіннің белгілі бір стандарт құрылымымен ұйымдасуына, ортақ жазу тәртібін құруға, сөздерді дифференциялауға көмектеседі (сөздерді бірге /бөлек/ дефис арқылы жазу,

кіші/бас әріп). Жаңа латыннегізді әліпбидің қабылдануымен орфографияда шеттілдік сөздердің орфографиясында, біріккен сөздердің орфографиясында және т.б. біраз өзгеріс болатыны белгілі.

Қазақ тілі емле ережелерінің басты және қосалқы ұстанымдары. Орфографияның үнемдеу заңдылығы әлемдегі тілдердің негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Қазақ тілінде жазудың үнемдеу принципін алғаш боп қолданған және оның тиімділігін негіздеген – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы. Ол қазақ тілінің көптеген дыбыстарын шектеулі ғана әріптермен таңбалады.

Тілдердің алғашқы дыбыстық жазуы фонетикалық принципке негізделеді. Бұл грек және латын тілдерінің алғашқы жазуы болған. Дегенмен тіл дамыған сайын сөйлеу тілі өзгереді, ал жазу сол бойынша қалады. Ауызша және жазбаша сөйлеудің екі формасы арасындағы алшақтық артып, дыбыс пен жазудың арасындағы қарым-қатынас өзгереді. Жазба сөз бен ауызша сөз бір-біріне сәйкес келіп, норма дәрежесіне көтерілсе, бұл фонетикалық жазу болып табылады. Фонетикалық жазу әріп пен дыбысты белгілеу арасындағы сәйкестікке негізделген. Бұндай жазуда айтылған дыбыстар барынша нақты және дәл жеткізіледі.

Дәстүрлі-тарихи принцип басым болып табылатын жазуларда жазба сөз бен ауызша сөздің арасында үлкен айырмашылық болады. Себебі жазу көптеген ғасырлар бойы өзгермейді, ал тілдің фонетикалық жүйесі дамиды, жаңа фонемалар пайда болады. Бұл принцип негізінен француз және ағылшын тілдеріне тән. Қазақ тілі үшін бұл қосалқы принцип негізінен француз және ағылшын тілдеріне тән. Қазақ тілі үшін бұл қосалқы принцип болып табылады.

Қазақ тілінің басты – фонематикалық принципі бойынша дыбыстардың тек негізгі реңкі таңбаланады. Мысалы, з (z) әрпі сөздегі позицияға байланысты үш түрлі нұсқада айтылғанымен, жазуда негізгі тұрпатын сақтайды: с (s), ш (sh), ж (j). Жазылуда – қазса // qazsa, айтылуда – [қасса // qassa]; жазуда – тазшы // tazshy, айтылуда – [ташшы // tashshy]; жазуда – көз жасы // kóz jasy, айтылуда – [көжжасы // kójjasy].

С (s) әрпі ш (sh) дауыссызының алдында өзгертіп, сол дыбыс түрінде айтылады: қосшы // qosshy] деп айтылады, басшы // basshy деп жазылады, [башшы // bashshy] деп айтылады.

Н (n) әрпі сөздегі позицияға байланысты м (m) және ң (ń) дауыссыздарына айналады: сенбейді // senbeidi деп жазылады, [сембейді // sembeidi] деп айтылады, көнбейді // kónbeidi деп жазылады [көмбейді - kómbeidi] деп айтылады, түнгі // túngi деп жазылады, [түңгі // túngi] деп айтылады.

К (k) және қ (q) әріптері сөздегі қоршаған дыбыстарға байланысты айтылуында өзгертіп тұрады: көк орамал // kók oramal деп жазылады, [көгорамал // kógoramal] деп айтылады, ақ ала // aq ala деп жазылады, [ағала // aǵala] деп айтылады.

А (a), і (i), ы (y), е (e), о (o), ө (ó) дауысты дыбыстары позицияға

байланысты өзгеріп тұрады: а→ә, і→ү, ы →ұ, е→ө, е→йе, ө→уө: шай // shai деп жазылады, [шәй // shái] деп айтылады, жүзім // júzim деп жазылады, [жүзүм // júzum] деп айтылады: құлын // qulyn деп жазылады, [құлүн // qulun] деп айтылады; көйлек // kóilek деп жазылады, [көйлөк // kóilók] деп айтылады; емле // emle деп жазылады, [йемле // iemle] деп айтылады.

Осы ретте, Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша (оқыту қазақ тілінде) 5-сыныбына арналған ұзақ мерзімді жоспарының 1-тоқсанында төмендегідей берілген (20-кесте. 5-сыныбына арналған ұзақ мерзімді жоспарының 1-тоқсанының тақырыбы)

20-кесте. 5-сыныбына арналған ұзақ мерзімді жоспарындағы 1-тоқсанының тақырыбы

1. Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Фонетика	Дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесі. Үндестік заңы. Орфографиялық норма	Әдеби тіл нормалары	5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлесі ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу
---	--	---------------------	---

Берілген кестеден көріп отырғанымыздай, жаңа латыннегізді әліпбиге көшкен кезде «Дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесі. Үндестік заңы. Орфографиялық нормасын» меңгертуде емле ережелерді оқушыларға жақсылап меңгерткен жөн. Сондай-ақ, аталған бағдарламаның 6-сыныбына арналған ұзақ мерзімді жоспарындағы Орфографиялық норма. Орфографиялық сөздік тақырыптарын өткен кезде мұғалім жаңа емле ережелерге негізделген әліпбиді жаңа Орфографиялық сөздіктен мысалдар келтіре отырып меңгерткен жөн. (21-кесте. 6-сыныбына арналған ұзақ мерзімді жоспарының тақырыбы)

21-кесте. 6-сыныбына арналған ұзақ мерзімді жоспарының тақырыбы

3. Әлемнің жеті кереметі. Лексикография	Орфографиялық норма. Орфографиялық сөздік	Әдеби тіл нормалары	6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу
---	---	---------------------	---

Бұдан шығатын қорытынды, Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асыру бойынша мұғалім мен оқушыға артылар жүк ауқымды. Пән мұғалімдері ең алдымен өздері жаңа латыннегізді қазақ әліпбиінің емле ережелерін толықтай меңгеріп, оқушыларға меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері арқылы меңгерткен жөн. Латыннегізді жаңа әліпбидің ерекшеліктерінің бірі – орфографиялық нормамен қатар орфоэпиялық норманы қоса меңгеру. Орфографиялық нормалардың жазба тілді реттеудегі қызметі мен маңызына тоқталсақ.

Орфография (грек. орфо – дұрыс, графо – жазу) – дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы және оны қарастыратын тіл білімінің бір саласы.

Қазақ орфографиясының ережелері – қазақ әліпбиі бойынша дұрыс жазу ережелерінің ғылыми негіздерін айқындайтын лингвистикалық нормативті құжат. Сондықтан да, Қазақ тілінің емле ережелері де нормативтік құжат ретінде осы құжатқа жататындар:

- Лексикографиялық еңбектер (орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер)
- Құралдар (анықтағыштар).

Орфографиялық нормаға жататындар:

✓ тіл иелмендерінің сөзінде үнемі қайталанып отыратын жалпыға ортақ қолданыс;

✓ оқулық, сөздік не анықтағышта тіркелген тілдік бірліктің қолданылуына қатысты тәртіп, нұсқау, ереже;

✓ осы кезде және осы тілдік ұжымда объективті түрде қызмет ететін тіл заңдылықтары және олардың тілдік материалдағы көрінісі.

Тілдік ұжымда өмір сүретін оның әрбір мүшесі үшін міндетті болып табылатын жазбаша сөздің тілдік бірліктері және оларды қолдану заңдылықтары.

Осы ретте тілдің **нормалануы** мен **кодификациялануына тоқтала кетсек.**

Нормалану – жазудағы тәртіпті, жүйелілікті тілдің өзінің қалыптастыруы.

Кодификациялау – жазудағы тәртіпті, жүйелілікті адамдардың (әлеуметтің) араласуы негізінде қалыптастыру дегенді білдіреді.

Мәселен қазақ тілінде «Ақын» сөзі ер адамға да, әйел адамға да тән ұғым. Сол секілді қазақ тілінде көптеген сөздердің қолданысын дұрыс қолданбай келеміз. Мысалы, бір кездерде «Төраға», «Азамат», «Мұғалім» деген сөздерді әйел адамға лайықтап «төрайым», «азаматша», «мұғалима» деп қолданған. Алайда, латыннегізді жаңа қазақ әліпбиіне көшкенде бұндай сөздер нормаланады (22-кесте. Сөздердің нормалануы).

22-кесте. Сөздердің нормалануы

	Мұқағали Мақатаев
АҚЫН	Фариза Оңғарсынова

Берілген кестеден байқап отырғанымыздай, «ақын» сөзі ер адамға да, әйел адамға да қолданыла

беретін сөз. Яғни бұндай өздерді біз нормаланған, яки нормаға түскен сөз ретінде қарағанымыз жөн.

Ал тілімізде бір кездері екі түрлі жазылып, айтылатын сөздер біріздендіріп, жүйеленді. Мәселен, бір кездері тілімізде: ер адамға – төраға десек, әйел адамға – төрайым; азамат – азаматша; мұғалім – мұғалима деп екі үлгіде де қолданып келген кезеңдер де болды. Бүгінгі таңда осы сөздер кодификациялау арқылы жүйеленіп, біріздендірілді (23-кесте. Сөздердің нормалануы).

23-кесте. Сөздердің нормалануы

Дұрысы дұрыс емесі

ТӨРАҒА	төрайым
АЗАМАТ	азаматша
МҰҒАЛІМ	мұғалима

24-кесте. Сөздердің нормалануы

	ЕРЛЕ
ЕР	ЕРТТЕ
	ҚОЗЫЛАДЫ
ҚОЗЫ	ҚОЗДАДЫ
	ТУЫЛДЫ
ТУ	ТУДЫ

Сонымен, ойымызды жинақтай келе, **КОДИФИКАЦИЯЛАУ** дегеніміз:

- дұрыс деп танылған тілдік нормаларды қалыпқа түсіріп, жинақтап көрсету;
- жаппай қолданыс тапқандарын орнықтыру;
- заңдастыру, тіркеу (25-кесте. Сөздердің кодификациялануы)

25-кесте. Сөздердің кодификациялануы

XX ғасырдың басында	Қазіргі кезде
даража, кәзір, бүгүн	дәреже, қазір, бүгін
менің үшін, оның туралы, баланың үшін	мен үшін, мен туралы, бала үшін,
баланың турасында > баланың туралы	бала туралы
<i>өмір – ғұмыр, газиз – әзіз, нәсіп – несібе</i>	

Тілімізде тілдің өзінде қалыптасқан нормалар мен Ереже бойынша ұсынылған нормалар бар. Олар төменгі кестеде берілген (26-кесте. Тілдің өзінде қалыптасқан және ереже бойынша ұсынылған нормалар).

26-кесте. Тілдің өзінде қалыптасқан және ереже бойынша ұсынылған нормалар

Тілдің өзінде қалыптасқан нормалар	Ереже бойынша ұсынылған нормалар
қазақ тіліндегі септеу, жіктеу парадигмалары, сын есім шырайлары, етістіктің етіс тұлғалары, шақтық мағыналары, жұрнақтар арқылы жана сөздің жасалуы	«мен» (пен, бен) шылауын қосымша ретінде танытып, көмектес септіктің көрсеткіші деп ұсыну
<i>бүгін (бұ+күн), биыл (бұ+йыл), әкел (алып+кел), түрегел (тұра+кел), қайтіп (қалай+етіп), сөйтіп (солай+етіп), белбеу (бел+бау)</i>	<i>өнеркәсіп, кәсіподақ, ойталқы, жолсапар гүлдесте, гүлшанақ, шаңсорғыш, лалагүл</i>

1.3 Графיקаны оқытудың ерекшеліктері

Графика. Жазба тілдің ережелері мен заңдылықтарын тіл білімінің графика және орфографиясы қарастырады. Графика жазу және оған қатысты мәселелерді қарастыра отырып, әріп пен дыбыстың арақатынасын да

қамтиды. Графика – тіл дыбыстарын жазуда таңбалайтын шартты белгілер жиынтығы. С.Мырзабековтың айтуынша, графика белгілі бір жазуға қатысты барлық амалдың жиынтығы, әріп пен дыбыстың арақатынасы, сол әріп таңбаларды жетілдірудің жайы.

Графика ұғымы фонемдік жазумен байланысты қолданылады. Мұндай жазуда әліпби, графика және орфография сияқты ұғымдар орайласып жатады. Графема – тілдің графикалық жүйесіндегі ең кіші бірлік. Дыбыстық тіл мен жазба тілдің ең шағын тұлғалары – фонема мен әріптің арасындағы күрделі қатынас жазу теориясында графема деген жаңа бір ғылыми ұғымның пайда болуына себеп болды. Графема дегеніміз таңбалаушы (фонема) мен таңбаланушының (әріптің) бірлігі болып табылады.

Жазба тілдің жалпы графикалық және графемдік ерекшеліктері бар. Жалпы графикалық ерекшелікке мәтіннің парақ бетіне орналасуы, азатжол, көз тынысы (үлкен ашық жол), қаріп түрлері (майлы, ашық, көлбеу әріп), үздікті жазу, асты сызылып жазу, қаріп түсі жатады. Графикалық ерекшелікке сол жазба тілдің қолданып отырған графикасы, әріп саны, әріп тіркесі, әріп диакритикасы, тыныс белгілер жатады. Графемдік ерекшелікке әліпбидегі әріп мәтіндері, графеманың мазмұн межесі, тілдің фонологиялық құрылымының графемаға сәйкес келуі, бір әріптің бірнеше фонеманы, бір не бірнеше фонеманың бір графемаға сәйкес жазба тілдің оқылу және жазылу жүйесі жатады.

Әліпби «белгілі бір жазуда қолданылатын, белгіленген тәртіппен орналасқан әріптердің жиынтығы» деген ұғымды білдіреді.

Осы ретте Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясында латыннегізді қазақ әліпбиі мен ағылшын алфавитінің айырмашылығы мен ұқсастығы қарастырылғанын атап өткен жөн (27-кесте. «Латыннегізді қазақ әліпбиі мен ағылшын негіздегі алфавиттің айырмашылығы мен ұқсастығы»).

27-кесте. «Латыннегізді қазақ әліпбиі мен ағылшын негіздегі алфавиттің айырмашылығы мен ұқсастығы»

	Әліпби	Соответствующий звук казахского алфавитады бысталуы	Ағылшын тілі алфавитіне ұқсас әріптер			
1.	A a	[a]	[ei]	[æ]	[ɑ:],[ɛə]	
2.	Á á	[á]				
3.	B b	[by]	[bi:]			boy
4.	D d	[dy]	[di:]			Dog, dad, daddy, doll
5.	E e	[e]	[i:]	[e]	[ɜ:], [ə], [ɪə]	
6.	F f	[fy]	[ef]			Frog, family, food, fly, fish
7.	G g	[gi]	[dʒi:]	g		Green, grass, green Giraffe, orange, Long, strong

						Light, night
8.	Ġ ġ	[ġy]				
9.	H h	[hy]	[eɪf]	h		Hat, horse These, the
10.	İ i	[i]	[aɪ]	[ɪ]	[z:], [aɪə]	Ice, fine, kite
11.	I ı	[i]	[aɪ]	[ɪ]	[z:], [aɪə]	Six, in
12.	J j	[jy]	[dʒeɪ]			Jump, Jacket
13.	K k	[ki]	[keɪ]			Kite, skip, like, kangaroo
14.	L l	[yl]	[el]			Like, lion, lemon
15.	M m	[my]	[em]			Mouth, monkey, milk
16.	N n	[ny]	[en]			Nose, nice Long, spring
17.	Ŋ ŋ	[yŋ]				
18.	O o	[o]	[əʊ]	[ɔ]	[ɔ:], [ʌ]	Dog, hot, close, frog
19.	Ó ó	[ó]				
20.	P p	[py]	[pi:]	P f		Pen, pink, pencil Phone, photo
21.	Q q	[qy]	[kju:]			Queen, quite
22.	R r	[yr]	[ɑ:]			Rabbit, red
23.	S s	[sy]	[es]			snake
24.	T t	[ty]	[ti:]			Tooth, ten
25.	U u	[u]	[ju:]	[ʌ]	[z:], [juə]	
26.	Ú ú	[ú]				
27.	V v	[vy]	[vi:]			Van,
28.	Y y	[y]	[waɪ]	[aɪ], [ɪ]	[z:], [aɪə]	Buy, by February, yellow
29.	Ý ý	[uý]				
30.	Z z	[zy]	[zed]	Z ɷ		Zoo, zebra, puzzle, pizza
31.	Sh Sh	[Shy]	[ʃ]			Sheep, shy, ship
32.	Ch ch	[chy]	[tʃ]			Children, cheese,

Латыннегізді қазақ тілі мен ағылшын алфавитіндегі «V v» мен «F f» әріптерінің ұқсастығы тек кірме сөздерде ғана кездесетіні және ағылшын тіліндегі «c» әрпі – «k» болып оқылып, латын графикасында ол тек «ch» – болып қана қос дыбыстың құрамында келетіндігі айқындалды. Талқылау қорытындысы бойынша 32 әріптің арасынан тек 10 әріптің айтылуында сәл ғана ұқсастық бары және 22 әріп арасында мүлдем ұқсастық жоқ екені айтылды.

Ағылшын тілі мен латыннегізді әліпбиде дыбыстарды дыбыстау кезінде ұқсастықтар кездесіп жатты. Алайда олар көп емес. Қазақ тіліндегі «Көл» сөзі ағылшын тілінде қалай оқылатыны және жазылым мен оқылымдағы айырмашылықтар сараланды. Осылайша екі әліпбидегі дауысты әріптер салыстырылып шықты.

Сондай-ақ, «Ағылшын тілін» 1-сыныптан оқыту баланың оқу және жазу сауаттылығына нұқсан келтіреді. Баланы шаршатады, тілді үйренуге деген қарсылығын тудырады, санаға салмақ түсіреді», – дегендей ойларын білдірді.

Екі әліпбидің арасында 10 әріптің айтылуында ұқсастық бар. Кірме әріптердегі: «Vv» мен «Ff» – айтылуында сәйкестік бар.

Айтылуында, дыбысталуында сәл ұқсастық бар әріптер: «Bb», «Dd», «Kk», «Mm», «Pp», «Ss», «Zz», «Ll». 22 әріп арасында мүлдем ұқсастық жоқ.

1-сынып оқушысының жазуда шатастыруы мүмкін әріптері: «Ii» әрпі «И» болып таңбалаанады да айтылуда өзгеріс болады (28-кесте. Латыннегізді қазақ әліпбиі мен ағылшын алфавитінің салыстырмалы кестесі).

28-кесте. Латыннегізді қазақ әліпбиі мен ағылшын алфавитінің салыстырмалы кестесі

Латыннегізді қазақ әліпбиі	Ағылшын алфавиті	Ескерту
32 әріп	26 әріп	Әріп саны сәйкес емес
«Vv» мен «Ff»	«Vv» мен «Ff»	Кірме сөздерде
«Bb», «Dd», «Kk», «Mm», «Pp», «Ss», «Zz», «Ll»	«Bb», «Dd», «Kk», «Mm», «Pp», «Ss», «Zz», «Ll»	Сәл ғана ұқсастық бар
«Ii»	[aɪ], [i], [z:], [juə] болып өзгеріске ұшырап айтылады	Мүлдем сәйкес емес
«I i»	-	Ағылшында мүлдем жоқ
U u (ұ) әрпі	[ju:], [ʌ], [z:], [juə]	Мүлдем сәйкес емес
Ú ú (ү) әрпі	ағылшын тілінде мүлдем таңбаланбайды	Қазақтың төл дыбысы
Q q (қ) әрпі	ағылшын тілінде «K» болып оқылады	Мүлдем сәйкес емес

Бұдан шығатын қорытынды, 1-сыныпқа баратын оқушыларға екі әліпбиді қатар оқыту керек емес. Бұл деген оқушыны шатастыруға әкеліп соғуы мүмкін.

ЖАЗУ ДЕГЕННІҢ ӨЗІ НЕ? «ЖАЗУ» – акустикалық сигналды оптикалық сигналға көшіруге мүмкіндік беретін КОДТЫҢ ТҮРІ» болса, онда сол кодтың кілті (шифры) болуға тиіс.

КОДТЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ – ӘРІПТЕР, КІЛТІ – ӘЛІПБИ.

✓ Олай болса, «Әліпби дегеніміз белгілі бір фонемалардың (дыбыс) жазудағы өкілі болып табылатын әріптердің жай ғана жиынтығы емес, сонымен қатар сол әріптерден түзілген жазуды оқудың кілті болып табылады.

Жазуда қолданылатын таңбалардың (әріп және тыныс белгілерінің) жиынтығы. Жазу таңбалары жүйесі мен тілдің фонетикалық жүйесінің арақатынасын, байланысын білдіреді. Графема (гр. *graphs* - кескіндеу, сызу) – дыбыстың жазудағы таңбасы, жазу жүйесінің ең кіші белгісі.

Әлемдегі халықтың 70%-ы дыбыстық-әріптік жазуды қолданады. Дыбыстық-әріптік жазудың ең көп таралған түрлері: 30 %-ы - латын жазуы; 10 %-ы - кирилл жазуы; 10 %-ы - араб жазуы; 20 %-ы – үнді жазуын қолданады.

Психофизиологиялық сауатты жазу дағдылары

ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ:

1. Көшіру әдісі – арнайы дәптерлерде нүктелермен, бозғылт сиямен басылған немесе мұғалім қарындашпен жазылған әріптерді басып жазу болып табылады.

2. Сызықтық әдіс. Оның негізінде оқытуға қаріптік көзқарас жатыр – әріптердің элементтері арасындағы дәл және әрқашан бірдей қашықтық, әріптердің биіктігі мен енінің дәл пропорциясын сақтай отырып жазу.

3. Генетикалық әдіс - алдымен әріптер графикасы тұрғысынан қарапайым, содан кейін одан да күрделі әріптер зерттелініп, үйретіледі.

4. Ырғақтық әдіс – бұл барлық оқушылар үшін бірдей қарқынмен, ырғақпен жазу жазу.

5. Карстер әдісі - қол қимылдарын дамыту үшін арнайы жаттығуларды жазу арқылы дамыту.

Алғашқы символикалық жазу – пиктографиялық жазудан (заттың суретін салу арқылы жазу) одан кейінгі екінші символикалық жазу – идеограммалық жазуға (сөздің, ойдың суретін салу арқылы жазу) көшіру процесі жазу механизміне үйретеді.

Жазуға үйретудің тәсілдері: мұғалімнің жазылуды көрсетуі; дайын үлгі бойынша жазу; көшіру әдісі; бейнеленген жазу; әріптер формасын талдау; жазу ережелерін меңгеру; ырғақ бойынша жазу; қате жазуды талдау

Графикалық жаттығуларды жүргізу көлбеу жазу, сызықтарды параллель жүргізу, әріптердің көлемін, биіктігі мен енін біркелкі жазу, әріптерді жолдан шығармай жазу, әріпті бұзбай жазу, жазу тазалығы сияқты дағдылар ХІХ ғасырда жазуға үйрету өте күрделі болды. Негізінен ол механикалық санақ әдісі қолданылды. Оқушылар бірнеше ай бойы алфавиттік тәртіппен бір әріптерді, содан кейін буындарды, содан кейін сөйлемдерді көшіріп жазды. ХІХ ғасырдың ортасына дейін жазуға үйрету оқуға оқытудан қол үзіп жүрді. К.Д.Ушинский жазуға үйретуді оқумен бірге оқытуды ұсынды. Осы кезден бастап жазуға үйрету оқуды оқыту тәртібіне байланысты болды.

Ми жартышарларының орталықтары А.Р.Лурия, Б.Г.Ананев, Б.В.Гуриянов, Н.Г.Агаркова зерттеулері бойынша, сөйлеу әрекетінің түрі ретінде жазу процесінің психофизиологиялық табиғатын бес компоненттің өзара әрекет ету механизмі құрайды. Олар: есту, артикуляция, көру, қозғалыс және қол қозғалысы.

П.Л.Горфункел «Жазу мидың тар шектелген бөлігіне сүйенетін қарапайым қозғалыс актісі емес, күрделі протсесс, оны жүзеге асыруға ми бөлімдерінің бірқатар функционалдық өзара байланысты аймақтары қатысады», – деп жазады.

А.Р.Лурия зерттеулері бойынша жазу дағдыларының әртүрлі бұзылыстары ми қабығының нақты учаскелерінің зақымдануына тікелей байланысты екенін дәлелдейді.

Мидың сол жақ жарты шары (оңақайларда) жазу процесінде есту талдаумен байланысты; олардың зақымдануы есту бойынша жазылудың бұзылуын тудырады, бірақ көшіріп жазуға әсер етпейді.

Желке аймағы жазу процесін көрумен ұйымдастыруға байланысты; оның зақымдануы кеңістікті бағдарлай алудың бұзылуына әкеледі.

Мидың төбе аймағы тері мен бұлшық етте болатын сезімдерді талдайтын (демек, дененің жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін) қабық аппараты болып табылады. Ол жіңішке және анық қозғалыстарды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Өйткені олар тек қана перифериядан келетін кеңістіктегі дене жағдайы туралы белгілердің бақылауында болған жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Әріптердің қажетті кезектілігін сақтау ми қабығының преоторлы аймағына байланысты.

Мидың алдыңғы бөліктерінің зақымдалуы жазуды мазмұндау реттілігінің бұзылуына әкеледі.

Әріппен жазуды үйрету мынадай тәртіппен орындалады:

1. Дыбыстың баспа және жазба әріптері көрсетіледі, ол әріптер салыстырылады.

2. Әріптің жазылу үлгісімен таныстырылады.

3. Әріп тақтаға жазылып көрсетіледі және оны әріп элементтері арқылы қалай жазу керектігі түсіндіріледі.

4. Әріпті сөз ішінде басқа әріптермен қалай қосып жазу керектігі үйретіледі.

5. Көркем және таза жазу талабы қойылады.

6. Әрбір оқушының жазуын мұғалім бақылап, кемістігін түзетуге көмектесіп отырады.

Н.А.Бернштейн бойынша жазудың дағдыларын қалыптастырудың кезеңдері.

Бірінші деңгей (А деңгейі) – қолдың және саусақтардың тонусын қамтамасыз етеді (қозғалысқа қатысатын бұлшық еттің тонусы).

Екінші деңгей (В деңгейі) – бұл деңгейде дене жағдайы туралы ақпарат беретін бұлшық ет-буын рецепторларының сигналдары өңделеді. Жазу кезінде бұл – қозғалыстардың бірқалыпты болуын, жазудың байланыстылығын, сызықтардың дөңгелектілігін, жақсы қалыптасқан жазуға тән жазу сапасын қамтамасыз ететін қолдың, саусақтардың қозғалысы, бірақ әріптердің элементтері әлі дөңгелектелген емес, ал қозғалысы анық емес болған жағдайда дағдыны қалыптастырудың бастапқы кезеңдерінде әлі іске асырыла алмайды. Бұл деңгей күрделі қимылдарды үйлестіруде үлкен маңызға ие және жазу ерекшеліктерін, хатқа қатысатын барлық бұлшық еттердің өзара әрекеттесуін нақты анықтайды. Бұл өзара іс-қимыл жетілмеген бастапқы кезеңдерде бұлшық шиеленіскен (қол тез шаршайды).

Үшінші деңгей (С деңгейі) Н.А.Бернштейн «кеңістіктік өріс» деп атады. Бұл сигналдар парақтың жазықтығында дұрыс әрекет етуге, жолды сақтауға, штрихтердің қажетті үйлесіміне сәйкес әріптерді жазуға, олардың өзара орналасуын, пропорцияларын, көлбеуін және т. б. сақтауға көмектеседі.

Төртінші деңгей (Д деңгейі – пәндік әрекеттер деңгейі).

Жазу пәндік іс-әрекеттер санатына жатады. Өйткені белгілі бір заттың (қаламның) көмегімен жүзеге асырылады, ал қозғалыстарды іске асыру кезіндегі барлық іс-әрекеттер көп жағдайда затты (біздің жағдайда-қаламмен) иеленумен анықталады. Қалам ұстаудың дұрыс емес тәсілі кезінде жазу дағдысын қалыптастыру қаншалықты қиын екені белгілі. Бірақ, затпен әрекетті меңгере отырып, оны алмастыруға болады және қимылдарды орындау сапасы іс жүзінде өзгермейді (қаламның орнына таяқша, қылқалам, ұсақ-түйек және т.б. алуға болады).

Бесінші деңгей (Е деңгейі), жазудың мағыналық жағын қамтамасыз ететін қозғалыстарды ұйымдастырудың жоғары деңгейі.

Егер адам сөздерді мағынасыз түсірсе, бұл жоғары деңгейге қосылмайды. Сонымен қатар, өз әрекеттерін орындай отырып, адам тек жүргізуші (осы қозғалыстағы ең жоғары) деңгейді сезінеді. Егер адам өз ойын жазса, ол үшін ең бастысы, сол (ол сол немесе басқа әріпті қалай жазатынын, ол жолға сәйкес келе ме, бірқалыпты және байланысты қозғалыстар және т.б. деп ойлайды). Оқытудың бастапқы кезеңдерінде жетекші көбінесе Д деңгейі болады.

Жазу нормалары. Көптеген тілдердің емле заңдарына көбінесе үш-төрт түрлі принцип негіз болады. Олар: фонематикалық, фонетикалық, морфологиялық, тарихи-дәстүрлік т.б. принциптер. Морфологиялық принцип бойынша сөз бөлшектерінің түбір тұлғалары сақталып жазылады. Фонематикалық принципке дыбыстардың бір сөз ішіндегі немесе сөз аралықтарындағы бір-біріне тигізетін әсерлері ескерілмей, негізгі фонемалық түрі (мәні) сақталып жазылуы жатады. Фонетикалық принцип бойынша сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, олар айтылуынша (естілуінше) жазылады. Тарихи-дәстүрлік принцип бойынша жазу сөз бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне де, естілуінше жазу ережесіне де сай келмейді, мұнда сөздердің бір кездегі қалыптасып, үйреншікті болып кеткен жазылу түрі сақталады.

Белгілі бір тілдердің орфографиясында бұлардың біреуі, не екеуі негізгі, басым принцип болады. Сонымен қатар осы тілде емле принциптерінің қалған түрлері де орын ала алады. Қазақ орфографиясының негізі морфологиялық-фонематикалық және фонетикалық принциптерге сүйенеді. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөз бөлшектерінің (түбір, жалғау, жұрнақтарының) басым көпшілігінің түпкі тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы, жұмыс, іс, аш деген түбірлерге **-шы, -шен, -са** қосымшалары жалғанғанда, олардың естілуі (айтылуы) жұмұшшы, ішшен, ашша болады. Бірақ сөздердің түбірі жұмыс, іс, аш болғандықтан және қосымшалар **-шы, -шен, -са** болғандықтан, әрқайсысының түбір тұлғасы сақталып, жұмысшы, ішшен, ашса түрінде жазылады. Сондай-ақ қашанғы, түнгі, күнге деген сөздердің естілуі қашанғы,

түңгү, күңгө болады. Бірақ бұлардың айтылуындағы (естілуіндегі) фонемалардың (дыбыстардың) қосалқы реңкі есепке алынбай, сөз бөлшектерінің түпкі тұлғалары сақталып, фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, қашанғы, түңгі, күңге болып жазылады. Бұл ереже емленің фонематикалық принципінің қолданылуын танытады. Қазақ орфографиясында фонематикалық принцип пен морфологиялық принциптердің тоғысып кететін сәттері жиі кездеседі. Мысалы, біріккен сөздер мен қос сөздер де, негізінен, әр компонентінің жеке тұлғасын сақтап жазылады, олардың арасындағы дыбыстардың айтылуда бір-біріне ететін әсері ескерілмейді.

Айталық, *қара+құйрық (жануар), жар+қабак, орын+басар, алма+кезек, көзбе+көз, қиян+кескі* деген сөздер біріккенде не қосарланғанда, айтылуы (естілуі) *қарақұйрұқ, жарғабақ, орұмбасар, алмагезек, көзбөгөз, кияңгескі* болады, бірақ әр сөздің түбір тұлғасы сақталып *қарақұйрұқ, жарқабак, орынбасар, алма-кезек, көзбе-көз, киян-кескі* түрінде жазылады. Бұл әрі фонематикалық, әрі морфологиялық принциптердің қабаттаса қолданылуы болып табылады.

Қазақ орфографиясында фонетикалық принцип те кеңінен қолданылады. Ол мынадай тұстарда көрінеді:

1) Қазақ тіліндегі септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары, сондай-ақ жұрнақтардың көпшілігі сөздің соңғы буынының жуан-жіңішке әуеніне қарай және ең соңғы дыбысына қарай түрленіп жалғанады: *қала+лар, көше+лер, ат+тар, ит+тер, қаз+дар, із+дер; қала+ның, көше+нің, ат+тың, ит+тің, қаз+дың, із+дің; қалам+ым, дәптер+ім, әнші+мін, оқушы+мын*. Бұларда жалғаулар естілуінше жазылып тұр.

2) Қатаң **п, к, к** дыбыстарына аяқталған сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, қатаң дыбыстар ұяң естіледі (айтылады): *кітап+ым – кітабым, тарақ+ы–тарағы, күрек+ің – күрегің. Мұндай жағдайда да сөздің түбірі сақталмай, естілуінше ұяң дыбыс әрпі жазылады: кітабым, тарағы, күрегің*. Бұл да – фонетикалық принцип бойынша жазу.

3) Қазақ тілінде **п** дыбысына аяқталған етістіктерге көсемшенің – **ып, – іп** жұрнақтары жалғанғанда, қос **п** дыбысы қатар айтылмай немесе алдыңғысы ұяңдамай, түбірдегі **п** дыбысы үнді **у** дыбысына айналып кетеді және сол өзгеруінше жазылады: *кеп+іп – кеуіп (кепіп, кебіпемес), тап+ып–тауып (тапып, табып емес)*. Ал **пы, пі** дыбыстарына аяқталатын етістіктерге **п** жұрнағы жалғанғанда, алдыңғы ережеге бағынбай, екі **п** дыбысы араларына **ы, і** дауыстыларын салып, қатар естіледі және естілуінше жазылады: *күпі+п – күпіп, лепі + п – лепіп (отыр)*.

4) Бірқатар біріккен сөздер әр компонентінің түбір тұлғасын сақтамай, естілуінше жазылады: *белбеу (бел+бау), қолғабыс (қол+қабыс), қолғап (қол+қап), бүгін (бұл+күн), биыл (бұл+жыл), екіншігәрі (екіншіден әрі)*. Бұл тәрізді фонетикалық принциппен жазылатын біріккен сөздердің саны, морфологиялық принциппен жазылатындарына қарағанда, әлдеқайда аз. Олар орфографиялық сөздіктерде беріледі. Сондықтан кез келген біріккен сөзді естілуінше жазудан сақ болу керек.

5) Орыс тілінен ертеректе еніп, дыбысталуы жағынан өзгеріп кеткен бірқатар сөздер фонетикалық принциппен қазақша айтылуынша жазылады: самаурын (самовар емес), пәуеске (повозка емес), шайнек (чайник емес), божы (вожжи емес), болыс (волость, волостной управитель емес), шөген (ыдыс, чугуун емес).

6) Араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына қарай өзгерген күйінде, айтылуынша жазылады: әділ ('адл), пайда (файда), ақпар (әхбар), ақыр (ахир), қайран (хэйран), қате (хэта), дүние (дүнийә), нәпсі (нәфс), өсиет (уасийәт), ауа (һауа), әлек (һәлак), мазақ (мәзх). Мұндағы жақша ішінде көрсетілгендер – бұл сөздердің арабша-парсыша транскрипциясы (яғни сөздердің өз жазуымызбен сол тілдегі айтылуының көрсетілуі).

Тарихи-дәстүрлік принципке орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздердің қазақша айтылуынша емес, орыс орфографиясы бойынша жазылуы жатады: спорт, стадион, алгебра, физика, химия, геометрия, банк, биржа, съезд, фестиваль, кандидат, доктор, капитал, кальций, авиация, авианосец, акционер. Бірақ бұларға қазақ тілі қосымшалары фонетикалық-морфологиялық принциппен жалғанады, яғни сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігі, сөз соңындағы қатаң дауыссыздардың ұяндауы (бұл сөзге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған күнде), дәнекер **ы, і** дыбыстарына иек артуы сияқты құбылыстар орын алады: акцио-нер+лік, кон-церн+дер, репор-таж+ы дегендерде кірме сөздің соңғы буындарына қарай бірде жуан, бірде жіңішке қосымшалар жалғанған, ал банк, фонд сияқты сөздерге қазақ қосымшалары **ы, і** дәнекерлері арқылы қосылады: банк+і+ге, банк+і+ден, фонд+ы+сы, фонд+ы+ға.

Араб пен парсы тілдерінен енген бірқатар сөздерді **х, һ** әріптері арқылы жазу да дәстүрлік принципке сүйенеді: хат, халық, хабар, хал, хан, **-хана**, гауһар, жиһан, қаһарман. Бұлайша таңбалау 1940 жылы қазақ тілінің кириллицаға негізделген жаңа жазуы мен жаңа емле ережелері қабылданған кезде көрсетілді де, содан бергі мерзім ішінде осылайша таңбалау дәстүрге айналды.

Жаңа емле ереже фонематикалық принципке сүйенеді. Яғни, бұл ұстаным бойынша дыбыстардың сөз ішіндегі немесе сөз тіркесіміндегі өзара әсері ескерілмей, негізгі фонемалық түрі сақталып жазылады. Көптеген тілдерде жазу ережесінде бірнеше принципті басшылыққа алатыны белгілі. Әр принциптің ерекшелігіне қарай ережелер топталады. Кирилл жазуында басты принцип ретінде морфологиялық-фонематикалық принцип деп, морфологиялық принцип пен фонематикалық принцип қатар қолданылды. Морфологиялық принцип бойынша сөз бөлшектерінің түбір тұлғаларының сақталып жазылу ерекшеліктері негізге алынатыны белгілі.

Жалпы қазақ жазу жүйесінде фонематикалық принцип пен морфологиялық принциптердің бірігетін, тоғысатын тұстары да баршылық. Кейде екеуін бір принцип деп қарастыру да кездеседі. Бұл көзқарас екі принциптің тоғысатын тұстарына, ұқсастықтарына байланысты болса керек.

Қазіргі жазу жүйесінде қазақ тілінің заңдылықтарына сай фонематикалық принциптің басшылыққа алынуы заңды. Кез келген жазу жүйесінде бір принцип басымдық танытып, қалғандары қосымша қызмет атқарады. Бұл принцип жазуда қалыптасқан дәстүрге сүйеніп, дыбыстардың өзара әсерін ескермей, фонемалық мәнін сақтауға негізделеді. Яғни, фонематикалық принципте фонеманың сөз ағымындағы түрленім ерекшелігі ескерілмей, сөздің түбір морфемасында да, қосымша морфемасында да, сөз аралығында да өз мәнін сақтайды. Егер морфологиялық принцип сөздің түбір тұлғаларын сақтап жазуға ғана негізделсе, фонематикалық принцип фонеманың сөз ішіндегі де, морфемалар жігіндегі де, сөз аралығындағы да мәнін сақтап жазуға негізделеді. Яғни, морфологиялық принципке қарағанда фонематикалық принциптің қызметі әлдеқайда кең.

Кез келген жазу жүйесінде негізгі басым принциппен қатар қосалқы принциптер де қызмет атқарады. Себебі барлық тілде ертеден қолданып келе жатқан байырғы сөздер, кірме элементтер ұшырасады. Кірме элементтер басқа тілден енген қолданыстар болғандықтан, олардың ұлттық жазба тіліміздің заңдылықтарына үйлесуі қиындық тудырады. Латыннегізді әліпби емлесінде негізгі принцип ретінде фонематикалық принцип қолданылса, қосалқы принциптер ретінде фонетикалық принцип, дәстүрлі принцип беріледі. Фонетикалық принцип шеттілдік сөздердің жазылу ерекшеліктеріне байланысты қолданылып отыр.

Бұл жазу жүйесі ұлттық жазба тіліміздің даму бағытына оң әсерін тигізері сөзсіз. Әдеби тілдің орфографиялық нормасының жүйеленуі ұзақ уақытты қажет етеді. Тілдегі кез келген жаңа нәрсе уақыт өте келе орнығады, өзінің өміршеңдігін дәлелдейді және де болып жатқан жаңа өзгеріске сыншы халық және уақыт. Сондықтан жаңа жазу жүйесіндегі өзгерістер бұл қазақ халқының тарихындағы шешуші қадам болғандықтан, көп күш-жігерді қажет етеді.

Бәріміздің негізгі міндетіміз осы ана тіліміз үшін қызмет ету болғандықтан, жазу жүйесінде болып жатқан өзгерістерді қолдауымыз керек деп ойлаймын.

Мәдениетті де, өнерді де, тарихты да танытатын тіл. Ендеше, тілдің жазу жүйесін қалыпқа келтіру, жаңа орфографиялық ережені көпшілікке ортақ нормаға айналдыру – бәрімізге ортақ іс. Қазақ тілі – халқымыздың рухани қазынасы. Ал жазу жүйесі – халыққа ортақ құндылық. Сондықтан бұл латыннегізді әліпби емлесі ұлттық жазба тіліміздің дамуына ықпалы зор екенін ұмытпағанымыз жөн.

Дыбыстық тіл мен жазба тілдің ең шағын тұлғалары – фонема мен әріптің арасындағы күрделі қатынас жазу теориясында графема деген жаңа бір ғылыми ұғымның пайда болуына себеп болды. Сонымен, графема деген ұғым дыбыстық тілдің әрі қарай бөлшектенбейтін ең кішкене тұлғасы фонема мен жазба тілдің әрі қарай бөлшектенбейтін ең кішкене тұлғасы әріптің арасындағы қатынастың жиынтығы болып табылады. Басқаша айтқанда, графема дегеніміз таңбаланушы (фонема) мен таңбалаушының (әріптің) бірлігі болып табылады. Бұл бірлікті былайша көрсетуге болады:

Сонымен, дыбысталған сөз сол күйінде бірден хатқа түспейді: алдымен сөздегі дыбыстарды қай фонеманың өкілі (репрезентанты) екенін тани отырып, жазушы акустикалық сигналды оптикалық сигналға көшіреді. Бұл айтылған процесті схема түрінде былай көрсетуге болады. 1. Сөз (речь) дыбысталған сөз [с', ү, ұ', р', ө, т', т', ө, у'] 2. Тіл (язык) фонема < сүүреттеу> 3. Сөз саптау жазу суреттеу (речевая деятельность) Сөйтіп, бұл процестен мынаны байқауға болады: ауызша сөздің ең кішкене единицасы – дыбыс жазба сөздің ең кішкене единицасы – әріп, бір-бірімен тілдің ең кішкене единицасы фонема арқылы байланысып жатады. Осы байланыстар жазуда орфография арқылы реттеліп отырады. Сонда орфография дегеніміз, тар мағынасында, «дыбысталған сөзді (акустикалық сигналды) жазба сөзге (оптикалық сигналға) көшірудің ережесі» болып табылады.

1.4 Латын графикасына көшуде орфоэпияны оқытудың ерекшеліктері

Дыбыс тіркесін таңбалайтын әріптер (*И, У*) емлесі мен орфоэпиясы және тасымал мәселесі. *И* - төл сөздерде ый, ій дыбыс тіркесін таңбалайтын әріп болып табылады. Сол сияқты *у-да ұу, уу* дыбыс тіркесін таңбалайтын әріп болып табылады. *И* дыбысы барлық дыбыстармен қатар жазыла береді, айтылғанда жуан буынды сөздерде жуан, жіңішке буынды сөздерде жіңішке болып айтылады. Тек *сый және тый* сөздерінде құрамы ажыратылып жазылады (Қ.Күдерінова). *И* әрпі сөз басы мен аяғы, ортасында жазылады. Мысалы, *ине, игілік, қиын, киім, жи, би*. Ал айтылғанда алдынан не артынан синграмбуынға қарай не *ы* дыбысы, не *і* дыбысы қосылып айтылады. Мысалы, *ійне, ійнелік, қыйын, кійім, жый, бій*.

А.Байтұрсынұлының төте жазуында *и* әрпі жоқ. *Й* әрпі жарты дауысты болып саналады. 1925 жылы емле ережелелір қабылданарда *и* дыбысының дауыссыз *я* дауысты екендігі туралы пікірталас көп болды. Ә.Бөкейхан, Е.Омаров, Х.Досмұхамедұлы, Н.Шағиұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы *и-ді* дауыссыз дыбыс деп таныса, Т.Шонанұлы, Р.Сүгірұлы, Н.Зәлиұлы дауысты қатарына жатқызады. Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 жылы) *и* әрпі болған жоқ. *И* әрпі *ый, ій* дыбыс тіркесі арқылы берілді. 1938 жылы латын әліпбиіне енгізілген түзетуде қосар *ый, ій* дыбыстарының орнына бір ғана *и* таңбасы алынды. Бірақ *тый, сый* сөздерінде бұрынғы емле сақталды.

Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.) *и* әрпі орыс әліпбиі құрамында орыс тілі арқылы енген сөздерді таңбалау үшін енді. Ал қазақ тілі сөздерінде дыбыс тіркесі арқылы берілді және орфограммаға өзгертулер енгізу ұсынылды. Мысалы, жіңішке сингармотембрде бір әріппен (*ки*); жуан сингармотембрде екі таңбамен беру (*қый*). Ғылым Академиясының Тіл, әдебиет институтында (1952 ж.) өткен жиналыста ый, ій қосарын *и* таңбасымен беру қабылданады. 1953 жылы емле ережелері жобасында ый тіркесі *тый, сый* сөздерінде жазылды да, бұл сөздерге қосымша жалғанғанда жалаң *и* жазылды. 1957 жылғы емле ережелеріне төл сөз құрамында тек *тый, сый* сөздерінде қосар әріп, қалған сөздерде *и* әрпі жазылатын болды.

Р.Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегінде: у әрпі үш түрлі қызмет атқарады:

1) жуан айтылатын ұу дауысты дыбысын таңбалайды: су (сұу), суық (сұуық), туыс (тұуыс), бару (барұу), жу (жұу), жуық (жұуық);

2) жіңішке айтылатын үу дауысты дыбысын таңбалайды: гу (гүү), гуледі (гүүледі), келу (келүү), жүру (жүүру);

3) сөз басында дауысты дыбыстан бұрын тұрса (уақ, уыс, уылдырық) және сөз ішінде дауысты дыбыстан кейін не екі дауыстының арасында тұрса, у әрпі үнді (сонор) дауыссыз дыбыстың таңбасы болады да, жеке бір өзі буын жасай алмайды. Мысалы, уа-қыт, уыл-ды-рық, та-уық, тыр-на-уыш. сонымен қатар орыс тілінен енген сөздерде дауысты у дыбысының қызметін атқарады. Мысалы, университет.

У дыбысы сөздің басында, ортасында және аяғында келеді. Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.) у дыбысы v әрпімен таңбаланады. 1929 жылға дейін у дыбысы ыу, іу, ұу, үу болып таңбаланды, 1929 жылдан бастап қана у дыбысы жүйелі түрде ұу, үу болып таңбаланады. 1929-1938 жылдар аралығында екі түрлі пікір болды. Бірі у фонемасын қосар әріппен (ұ+у+, ү+у) таңбалау керек деген көзқарасты ұстанды, ал бірі у фонемасын бір таңбамен беруді ұсынды.

И, у орфоэпиясы. Әліпбидегі у әрпі ұу, үу дыбыс тіркесінен, не үнді дауыссыз дыбысын беретіні белгілі. Мысалы, су – сұу, суық – сұуық, қуат – құуат. Бірінші буындағы ұ, у дауыстыларының әсерінен екінші-үшінші буында жазылатын езулік дыбыстар еріндікке айналады. Мысалы, қуғын – құуғұн, қуқыл – құуқұл, туыс – тұуыс.

Сондай-ақ у дауыссыз дыбысынан басталған буын құрамындағы езуліктер де еріндік болып айтылады. Мысалы, тауық – тауұқ, сауық – сауұқ, керуен – керүүен.

Әліпбидегі и әрпі ый, ій дыбыс тіркесін береді. Тек сый, тый сөздері мен осы түбірдің туынды сөздері ғана ый әрпімен жазылады: сыйлық, тыйым, тыйымды. Қалған жағдайда и әрпі сөз құрамындағы басқа дауыстылардың ырқымен жуан, жіңішке болып оқылады: қиын – қыйын, жиын – жыйын, тиімді – тийімді, мирас – мыйрас. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жеке тұрғандағы қалпы жуан дыбысталады: мы, ыр, сы, ты, ды, шы. Сондықтан ми – мый, мидай – мыйдай, миқи – мыйқый сияқты сөздерді көрші буындағы жуан дауысты арқылы және бірыңғай жуан үндестікте айтылады.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру мәселесінде мектеп бағдарламасына өзгерту мен бағдарламаны толықтыру мәселесі тұратыны хақ. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу (оқыту қазақ тілінде) бағдарламасындағы 5-сыныпқа арналған ұзақ

мерзімді жоспарының 1-тоқсанда берілген төменгі кестені меңгертуде «Дыбыс үндестігін» оқытқанда, латыннегізді жаңа емле ережені толықтай меңгерткен дұрыс (29-кесте. 5-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспары).

29-кесте. 5-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспары

2. Киіну. Сән.Талғам. Фонетика	Дыбыс үндестігі	Әдеби тіл нормалары	5.4.2.1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу
--------------------------------------	-----------------	---------------------	--

Берілген материалды меңгертуде жаңа емле ереженің: «Әліпбидегі әріптер атауы мен дыбысталуы» (Қ.Күдерінова); «Әліпбидегі әріп пен фонема қатынасы» (З.Базарбаева); Орфографиялық ереже. Орфографиялық нормалардың жазба тілді реттеудегі қызметі мен маңызы. Қазақ тілі емлесінің жаңа ережелері: құрылымы, жаңалығы (А.Фазылжанова) және т.б. басшылыққа алуды ұсынамыз. Ал Омоним. Синоним. Антонимдерді оқытуда «Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің бөлек жазылу себептері» емлесін басшылыққа алған дұрыс (30-кесте. 5-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспары).

30-кесте. 5-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспары

4. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі. Лексика	Омоним. Синоним. Антоним	Жазылым	5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау
---	--------------------------------	---------	--

«Екпін, оның түрлерін» оқытқанда «Ырғақты топ, күрделі сөзді ұластырып айту орфоэпиясы» (Л.Еспекова, Ш.Қапантайқызы); «Шетелдік сөздердің орфографиялануы» (А.Алдашева, С.Сапина); «Айтылуы бойынша жазылатын кірме сөздердің емлесін» басшылыққа алған жөн (31-кесте. 6-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспары)

31-кесте. 6-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспары

2. Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика	Екпін, оның түрлері	Әдеби тіл нормалары	6.4.2.1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану
---	---------------------	---------------------	--

Латыннегізді жаңа қазақ әліпбиін меңгерткенде «Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің емлесі» сабағының жоспары (32-кесте. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің емлесі)




32-кесте. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің емлесі


SABAQ JOSPARY

Оқытушы:	
Сабақтың тақырыбы:	Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің емлесі
Жалпы мақсат:	* Анықтауыштық қатынас туралы түсінік беру; * Анықтауыштық қатынаста тұрған сөз тіркестерін ажыратуды дағдыландыру; * Ақпаратты қабылдай отырып, дұрыс орфоэпиямен оқуға машықтандыру; * Жазу дағдысын қалыптастыруға бейімдеу;

Сілтеме:	«Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» 2019 жылғы 14 қаңтар. III тарау «БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ», §22.
Күтілетін нәтижелер:	1. Оқушылар анықтауыштық тіркестегі сөз тіркестерінің жаңа емлеге сәйкес , жаттығу жұмыстарын орындау арқылы жазылуын меңгереді.
Сабақтың ресурсы	Презентация, сөзжұмбақ, түрлі түсті стикерлер.
Лексикалық минимум:	Алтын сандық[алтын сандық], қара шай [Ғ қара шәй], құрақ көрпе[құрақ көрпе], ақ аю[ағаиу] сарымай[сармай], ақсақал[аҒқсақал], шайқасық [шәйғасық]
Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:	«Ой шақыру», «Сұрақ-жауап», «Сәйкестендіру», «Суретпен жұмыс жасау», «Сипаттау», «Мәтінмен жұмыс», «Ән арқылы оқыту», «Сөз жұмбақ»
Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:	

Тапсырма	Оқытушының іс-әрекеті	Тыңдаушының іс-әрекеті
Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі: «Сұрақ-жауап» әдісі. Мақсаты: жаңа сабаққа дайындау.	Қайырлы күн, құрметті оқушылар.	Диалог құрады. Жинақыланып, жаңа материалды қабылдауға дайындалады.
I. Оқушыларға Мақсаты: психологиялық ахуал туғызу (3 мин)	«Қосқолды жазу» тренингі	1. Белсенділік танытады. 2. Жаңа жазу дағдаларын қалыптастыруға тырысады. 3. Жаңа әріпті тануға машықтануға тырысады.
II. «Ой толғаным» тақырыпты ашу, «Сипаттау» әдісі. Мақсаты: оқушылардың айтылым әрекеті арқылы тақырыпқа бағыттау. (3мин)	Жетекші сұрақтар : * Не көріп тұрсыздар? (экранның суреттер шығарылады) * Бұл не? Ол қандай? * Осы атауларды жаңа әліпбимен жазып көрейік. Жауаптары: Altyn sandyq, qara shai, quraq kógre, aq aiú, keshki úaqyt, Ал енді мына суреттеді көріңіздер. * Осы атауларды жаңа әліпбимен жазып көрейік. Sarymai,	Тапсырманы қызығушылықпен орындайды Оқушылар экранға шығарылған суреттерді атайды. Оларды бір сын есімді пайдаланып сипаттайды. Жазады. Сұрақ қояды. Жазады. Сұрақ


	<p>aqsaqal, shaiqasyq, kúrketaýuq, balqaraǵaı. Сіздермен не жаздық? Сөйлем бе, сөз бе әлде сөз тіркестері ме? Дұрыс айтасыздар! Сөз де, сөз тіркестері де жазылды.</p>	<p>қояды. Жауап береді.</p>																		
<p>IV Мағынаны тану. Жаңа тақырып (20 мин)</p>	<p>Бүгін мен сіздерге «Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері емлесі» тақырыбының кейбір сөздерінің жазылуына тоқталғым келеді түр. III тарау «БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ», §22 Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері бөлек жазылады: altyn saǵat, kiiz úı, bota kóz, qara shai, at qora, maqta maiy, quraq kórpe</p>	<p>Ережені жазып алады. Түсінбеген тұстарынан сұрақ қояды.</p>																		
<p>Тапсырма: «Сәйкестендіру» әдісі. Мақсаты: жаңа жазуды пайдаланып, жазу дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Anyqtaýyshtyq qatynastaǵy sóz tirkesterin durys nusqasy men saıkestendirıńız.</p> <table border="1" data-bbox="705 1075 1181 1957"> <tr> <td data-bbox="705 1075 933 1198"></td> <td data-bbox="933 1075 1181 1198">kúmis qasyq</td> </tr> <tr> <td data-bbox="705 1198 933 1288"></td> <td data-bbox="933 1198 1181 1288">altyn alqa</td> </tr> <tr> <td data-bbox="705 1288 933 1388"></td> <td data-bbox="933 1288 1181 1388">kók tý</td> </tr> <tr> <td data-bbox="705 1388 933 1467"></td> <td data-bbox="933 1388 1181 1467">kirpish úı</td> </tr> <tr> <td data-bbox="705 1467 933 1568"></td> <td data-bbox="933 1467 1181 1568">aǵash astaý</td> </tr> <tr> <td data-bbox="705 1568 933 1657"></td> <td data-bbox="933 1568 1181 1657">qorqaq qoıan</td> </tr> <tr> <td data-bbox="705 1657 933 1758"></td> <td data-bbox="933 1657 1181 1758">jer úı</td> </tr> <tr> <td data-bbox="705 1758 933 1836"></td> <td data-bbox="933 1758 1181 1836">at arba</td> </tr> <tr> <td data-bbox="705 1836 933 1957"></td> <td data-bbox="933 1836 1181 1957">sary oram 1</td> </tr> </table>		kúmis qasyq		altyn alqa		kók tý		kirpish úı		aǵash astaý		qorqaq qoıan		jer úı		at arba		sary oram 1	<p>Оқиды, сәйкестендіреді.</p>
	kúmis qasyq																			
	altyn alqa																			
	kók tý																			
	kirpish úı																			
	aǵash astaý																			
	qorqaq qoıan																			
	jer úı																			
	at arba																			
	sary oram 1																			
<p>Тапсырма. «Мәтінмен жұмыс» әдісі</p>	<p>Мáтінди оқыңыз. Qaramen jazylǵan sózderdi kóshirip jazuyız.</p>	<p>Оқиды, түсіндіре</p>																		

<p>Мақсаты: дұрыс орфоэпиямен оқуға үйрету</p>	<p>Halyq: "Adamnyń <u>jaqsy qasietteri</u> naǵashydan juǵady" - deidi. Munda áleýmettik shyndyqtyń kózi bar. Jiendik jasqa qaramaıdy. Munyń naǵashy-jıendik rásimderge kedergisi joq. Jıen jasyna qaraı <u>jen aǵa, jen ara, jen sinli</u> t.b bolyp atalady. Jienshar (eri de, áiel zaty da) - jiennen tǵan bala. Ol da ákesi sıaqty jiendik ǵurypty jalǵastyrady. Onyń balasy jıenshar, onyń balasy kógenshar, onyń balasy degenshar, onyń balasy júrejat, onyń balasy túajat dep atalady.</p>	<p>жазады.</p>
<p>Сергіту сәті «Ән арқылы оқыту» әдісі Мақсаты: дұрыс орфоэпиямен айтуға үйрету</p>	<p>«Күміс көмей» «Әу, демейтін қазақ жок» демекші сіздерді караокемен ән айтуға шықырамын.</p>	<p>Оқиды, ән айтады</p>
<p>Тапсырма «Сәйкестендіру» әдісі. Мақсаты: сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Mátinniń ekinshi sóilemin jańa jazymen kóshirip jazuyz. Бөле (ер, әйел) - апалы-сіңлілі қыздардың балалары. Нағашы жұрт арқылы жалғасатын туыс қатарына жатады, бөтенге саналмайды. Олар да нағашы-жиенді адамдар сияқты бір-бірімен әзілдесіп ойнайды. Дұрыс жауабы: <i>Бөле (ер, әйел) - апалы-сіңлі қыздардың балалары. <u>Naǵashy jurtagyly jalǵasatyn tıys qataryna jatady, bótenge sanalmaıdy. Олар да нағашы-жиенді адамдар сияқты бір-бірімен әзілдесіп ойнайды.</u></i></p>	<p>Оқиды, жазады.</p>
<p>Қорытындылау «Сөз жұмбақ» тәсілі</p>	<p>Тақырып бойынша қорытынды сынақ</p>	<p>Сөзжұмбақ сұрақтарына әріптер жазылған фишкаларды пайдаланып жауап береді</p>
<p>Рефлексия</p>	<p>«Алмаағаш» </p>	<p>Өз пікірлерін жазып, алма ағашына алма формасындағы стикерлерді жапсырады.</p>
<p>VIII. Үй тапсырмасын беру (2 мин)</p>	<p>Сөз жұмбақтағы сөздермен сөйлем құрап келу.</p>	<p>Үй жұмысын жазып алады. Үй тапсырмасы бойынша сұрақ</p>

Сабақтың тақырыбы: Шеттілдік сөздердің орфографиясы мен орфоэпиясы


Я әрпінің қазақ әліпбиінде орын алуы. Орыс тілі арқылы келген ғылыми-техникалық терминдерді дұрыс жазу мақсатында жаңа қазақ әліпбиіне "ц", "ч", "щ", "ь", "ъ", "э", "ю", "я" әріптерін енгізу шешімі қабылданды. Осылайша, орыс графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиі 1940 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Президиумында бекітілді (33-кесте. Қазақ тілінің негізгі емле ережелері)

33-кесте. Я әрпінің негізгі емле ережесі



ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ СӨЗДЕРІНДЕ «Я» әрпі «ИА» және «А» әрпі болып жазылады. Ал ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДЕ «Я» әрпі «иа» және «а», «ә» әрпі болып жазылады (34-кесте. Қазақ тілінің негізгі емле ережелері).

34-кесте. Я әрпінің негізгі емле ережесі




ANA ÁLDII (диктант)

Qazirgi tańda Eýropa men AzIanyń eń myqty neontologtary besik jyryn shala týǵan sábillerge emdik shara retinde qoldanyp keledi. Besik jyrynyń tili jeńil ári túsinikti. Sol sebepti ol balanyń ana tilin tez meńgerýine septigin tıgizip, sáblidin tildik daǵdylaryn qalyptastyrady. Sondal-aq besik jyry sáblidin Imýndyq júlesin qalyptastyrýǵa atsalysady. 2008 jyly túrik ǵalymdary besik jyryn tyńdaǵan balalaryń óte tózimdi bolatynyn ári vIrystyq aýrýlarǵa jaqsy tótep беретинин dáleledi.

Besik jyrynyń áseri onyń rItmine, bolmasa sózine ǵana emes, ony altyp otyrǵan adamnyń sezimine de baIIanysty. Besik jyrynda ananyń júregin jaryp shyqqan lebizi, úmiti, tilegi syrly sazben úllesken duǵaǵa alnalady. Besik jyrynda tutas bir halyq janynyń melodIkasy, mádenI-tarIhI qundylyqtary kórinis tabatyndyqtan, ol sáblidin óz halqynyń bolmysymen áyez arqyly qaúyshýyna sebep bolady (78 sóz).


Қазақ тілінің негізгі емле ережелерін меңгертуде төмендегі кестені пайдалануға болады (35-кесте. Ю әрпінің емлесі).

35-кесте. Ю әрпінің емлесі.



Латыннегізді жаңа әліпбиді меңгертуде «Шеттілдік сөздердің берілуі» деген тарауы бар. Аталған тарауды меңгертуде А.Алдашева мен А.Сейітбекова жазған «Шетелдік сөздердің орфографиялануы»; А.Алдашева мен С.Сапинаның «Ә, Ё, Ц, Щ әріптері бар сөздердің жаңа емлесі және оларға қазақ тілі қосымшаларының жалғануы» және т.б. басшылыққа алу керек. Ю әрпінің емлесін меңгертуде төмендегі кестені басшылыққа алуға болады (33-кесте. Шетелдік сөздерде кездесетін Ю әрпі)

36-кесте. Шетелдік сөздерде кездесетін Ю әрпі



Осы ретте, Ю мен Я әріптері бар сөздердің жаңа емлесі және оларға қосымшалардың жалғануы (С.Сапина); Ъ,Ъ таңбалары бар сөздердің жаңа емлесі (А.Хабиева, С.Сапина); һ-мен жазылатын сөздердің жаңа емлесі (С.Сапина, А.Балабеков); СС, ММ, ЛЛ, ТТ, ФФ, НН, ББ, РР, ПП, ГГ, ДД, КК, УУ қосар дауыссыздармен келген сөздердің емлесі (С.Сапина, А.Фазылжанова); Қатар келген дауыссыздардың емлесі; ТЧ, ДЖ, СТ, СТЬ, ИЙ, НГ әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесі (С.Сапина, А.Хабиева, С.Кенжемұратова); ОГ, РК, РГ, КС, ЛК, КЛ, НК, КТ, СК, ПТ, ФТ, НКТ әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесі (А.Хабиева), Айтылуы бойынша жазылатын кірме сөздердің емлесін мектепте меңгерту кезінде мұғалім емле ережені толық меңгеріп барып соны оқушыларға меңгерту керек (37-кесте. Я, Ю әрпімен Ъ таңбасымен келетін сөздер).

37-кесте. Я, Ю әрпімен Ъ, Ы таңбасымен келетін сөздер:

Я **ia/á**

- *Ialta*
- *alians*
- *zarád*

Ь **á/ó/ú**

- *ansámbł*
- *paról*
- *múltfilm*

Ю **iý/ú**

- *ansámbł*
- *paról*
- *múltfilm*

Ъ **ø**

- *sýbekt*

3-сурет. Қосымшалардың жалғануы

polús -tik, -ten, -ke, -ler

kompúter -lik, -den, -ge, -ler

Iýra -nyń, -dan, -ğa, -men

Iýrmala -nyń, -dan, -ğa, -da

tútor -ğa, -lyq, -da, -dyń

Valúta -ğa, -lyq, -lar, -nyń

Iýpiter ғаламшары
Iýpiter – Kún
júiesiniń eń úlken
ғаламшары. Ol – óte alyp
ғаламshar. Kún júiesiniń
Kúnnen bastap
sanaғandaғы besinshi
ғаламshary. Onyń
massasy qalğan
ғаламsharlardyń báriiniń

massasyn qosqandaғыdan 2,5 ese asyp túsedі. Al Jer massasynan 318 ese kóp. Iýpiterdiń kórinerlik shartabaғы onyń sozlyńqy atmosferasynyń joғarғы qabaty bolady. Tipti shaғыn teleskoptyń ózinen ғаламshardyń analы osi boıymen 116-ға teń syғыlyńqy ekeni baıqalady. Ekvatorlyq shartabaқтыń diametri polýs aimaғыndaғыsynan 1,07 ese úlken bolyp keledi.

Iýpiter Jer sınaқты batystan shyғыsqa qarai analady.

Qazaқтыń tuńғыsh múlftilmi

Qazaqstan Respýblikasynyń Eńbegi sińgen óner qairatkeri, QR Memlekettik syılyғыnyń laýreaty, táyelsiz «Tarlan» syılyғыnyń iegeri, Uly Otan soғыsynyń ardageri, Ulttyq óner akademiasynyń profesory, rejisr-animator, qazaq múltplikasiasynyń negizin qalaýshy Ámen Qaidar Máskeý qalasyndaғы Búkilodaқтыq memlekettik kinematografia institútyyn úzdik bitirip, qazaqsha múlftilm shyғarýға kirisken bolatyn.

Alғashqy múltplikasialyq týyndysyn shyғarmas buryn ol qazaq ańyz-ertegileri men qıssa-dastandaryn oqyp, qazaq aýyz ádebietine úlken zertteý júrgizgen. «Qarlyғash uiasyn buzýға bolmaıdy!» degen tyıym sózdi estip ósken ol alғashqy týyndysyna halyq ertegisin arqay etti.

Múlftilm jasaýға bes adamnan turatyn shyғarmashylyq top kiristi. Az yaqyttan keiin keipkerler beineleri salyndy. Múlftilm múzykasy belgili sazger Nurғыsa Tilendievke tapsyryldy. Qazaқтыń tuńғыsh múlftilmi ulttyq múzykalyq aspap dombyra áyenimen árlendi. Uzaқтығы 10 minýtqa jetetin múlftilm jasaýға bir jarym jyl yaqyt ketti.

Ámen Qaidardyń ulttyq múlftilm túsirý týraly oıyn sol kezdegi «Qazaqfilm» kinostýdiasynyń basshysy Kamal Smaylov qoldağan bolatyn. Sol zamanғы tártip boıynsha, esep berý maqsatynda múlftilmdi Máskeýge jiberedi. Kóp uzamai Máskeý qalasyнан mamandar kelip, jumys barysyn óz kózderimen kórip, shyғarmashylyq top eńbegin joғary baғalady. Óz kezeginde múlftilm jumysy jalғasa berdi.

Múlftilm jasaý jumystary aiaqtalğan soń, ony 1967 jyly arнай top tekserdi. Týyndy oń baғаға ie bolған soń, ekranga shyғыp, qazaқтыń tuńғыsh múlftilminiń tusaýy kesildi.

«Qarlyғashtyń quiryғы nege айыр?» tuńғыsh qazaq múlftilmi jaryqqa shyqqan boıda, kórermeңderdiń ystyq yqylasyna bólene bastady. Búkilodaқтыq tusaýy kesilgen sátten bastap-aq, múlftilm shetelderge usynylyp, 48 eldiń ekranyнан kórsetildi.

Múltfilm 1968 жылы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласында өткен ІІІ Бүкілодақтық кинофестивальде ІІІ жүлдені иеленсе, 1975 жылы Халықаралық Нью-Йорк мультфильмдер фестивалінде «Коллаж» жүлдесіне ие болды. (270 сөз)

Жалпы жаңа ережені меңгерудің басты ерекшелігі бұл – заман талабына сай қазақ тіліне еніп жатқан тілдегі құбылыстар мен өзгерістер. Солардың бірі шетелдік сөздердің қазақ тіліне бейімделуі.

Сол секілді, оқушыларға жаңа әліпбиді меңгерткенде сол сөздердің жазылуын суреттер арқылы үйреткен де дұрыс. Бұл дегеніміз, оқушылардың көру дағдыларымен қатар сөздердің дұрыс жазылуын да есте сақтауға көмегі бар.

«Қазақ тілі» пәнін жаңа әліпби, емле ережелері негізінде оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» әдістемелік ұсынымдамасын басшылыққа ала отырып белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады.

Атап айтқанда, жазылым бойынша:

- қазақ әліпбиіндегі әріптердің танып, ажырата алады;
- әріптерді жазбаша түрімен жаза алады;
- емле ережесін меңгереді;
- жазба жұмыстарының барлық түрін сауатты орындай алады;
- жазбаша жаттығулар мен тапсырмаларды түсініп орындай алады;
- қатемен жұмыс жасап, өзін-өзі түзете алады.

Оқылым бойынша:

- қазақ әліпбиіндегі әріптердің жазбаша және баспаша түрін дұрыс ажырата алады;
- әріптердің жазбаша түрін де, баспаша түрін де оқи алады;
- нормаға сәйкес оқу дағдысын қалыптастырады;
- оқылымға арналған тапсырмаларды талапқа сәйкес орындай алады;
- латыннан кирилге, кирилден латынға оңай ауысып, тапсырмаларды дұрыс орындай алады.

Тыңдалым бойынша:

- ақпаратты есту арқылы сөздің айтылу дағдысын дұрыс қалыптастырады;
- тыңдалым тапсырмаларын орындау арқылы жазу және оқу дағдысын жетілдіреді;
- тыңдаған материалды түсініп, сол бойынша берілген тапсырманы орындау дағдысы қалыптасады;

«Қазақ тілі» пәнін жаңа әліпби, емле ережелері негізінде оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» әдістемелік ұсынымдамасын құрастыруда басшылыққа алынатын ұстанымдар:

- дидактикалық ұстаным;
- білімді белсенді түрде меңгеру ұстанымы;
- ғылымилық ұстанымы;
- жүйелілік ұстанымы;
- меңгерілген білімнің беріктігі ұстанымы;
- қатысымдық-функционалды ұстаным;

- танымдық ұстаным;
- көрнекілік ұстанымы.

«Қазақ тілі» пәнін жаңа әліпби, емле ережелері негізінде оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» әдістемелік ұсынымдамасы мазмұнының басты ерекшелігі:

- жаттығуларды орындауда жеке және топтық жұмыстарға бағытталғаны;
- лексикалық минимум ескерілгені;
- тапсырмаларды беру жеңілден күрделіге ұстанымына негізделгені.

Сонымен, жоғарыдағы мақсат-міндеттер жүзеге асырылғанда, жазбаша сөйлеудің қалыптасуына түрткі болады.

Жазбаша сөйлеудің ерекшелігі:

Осыдан келіп жазылымның графикасы мен емлесіне мән берудің қажеттігі туындайды.

- әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады;
- бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады;
- жазылым құбылысында сөйлеу әрекетінің барлық түрі қатысады.

Жазуды меңгеруде лингвистикалық жақтан үйретілетін негізгі мәселе – орфография.

Ол – белгілі бір сөзді әріптік таңбалар арқылы дұрыс жаза білудің ережесі. Мұндай ережені игермей тұрып, жазуды да, тілді де сауатты меңгеру мүмкін емес. Осыдан келіп сауат ашудың алғышарттары шығады. Олар:

- дыбысты әріппен таңбалай білу;
- каллиграфиялық талапқа сай жазу;
- емле ережелерін дұрыс түсініп, ережеге сай жаза білу және т.б.

«Қазақ тілі» пәнін жаңа әліпби, емле ережелері негізінде оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» әдістемелік ұсынымдамасы арқылы латыннегізді жаңа әліпбидің емле ережесін үйретуде дағды қалыптастыру маңызды. Дағды қалыптастырудың негізгі шарттары:

1. Ережені білу;
2. Ережені қолдану тәсілдерін білу;
3. Дағды қалыптастыратын жаттығулар;

Жазу дағдысын қалыптастыру жолдары:

- лайық ережелерді пайдалану;
- тұрақты түрде жазу;
- қаламмен жазу;
- жиі жазу.

Белгілі педагог Я.А.Коменский ереже жөнінде мынадай талаптар қояды:

- әрбір ғылым өте тұжырымды, дәл ереже арқылы берілуі тиіс;
- әрбір ереже қысқа, бірақ өте айқын сөздермен баяндалуы тиіс.

Жазудың маңыздылығын түсіндіре келіп, А.Байтұрсынов: «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін

тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек», – дейді.

Жаттығу – оқыту әдісі, бірнеше рет қайталанатын іс-әрекет, білік пен дағдыны игеруде және олардың сапасын көтеру мақсатында білік пен дағдыны дамытуда қолданылады. Сауаттылыққа үйретуде жаттығу жұмысының мәні зор. «Қазақ тілі» пәнін жаңа әліпби, емле ережелері негізінде оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» әдістемелік ұсынымдамасындағы жаттығулардың берілуі негізгі мақсат-міндетпен толықтай сәйкес келеді.

2 Тіл мәдениеті, сөзжасам, пунктуация, терминдер, кәсіби сөздер мен диалект сөздерді оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар

2.1 Тіл мәдениетін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар

Тіл мәдениеті халықтың жалпы мәдени дәрежесімен, әдеби тілдің қандай белесте екенімен тығыз байланысты. Халықтың жазу, әдеби мұралары, тіл жұмсау, сөйлеу өнері неғұрлым жоғары болса, әдеби тілдің мәдениеті де соғұрлым биік болмақ. Қазіргі қазақ тілі әралуан әдебиет майданында шындалған, кемеліне келген бай, мәдениеті жоғары тілдің бірі деуге болады.

Дмитрий Сергеевич Лотте терминкорға енген кірме сөздердің себептерін төмендегідей экстралингвистикалық факторлар әсерінен болатындығын атап көрсетеді:

1. Бір ұлттың екінші ұлтқа мәдени негізде әсер етуі.
2. Ауызекі және хат алмасу арқылы қарым-қатынас жасау.
3. Қандай да бір тілді үйренуге қызығушылықтың артуы.
4. Түпкі тілдің беделділігі.
5. Бөтен ел мәдениетіне әлеуметтік тұрғыдан белгілі бір тарихи уағдаластықтың (тәуелділіктің) артуы.
6. Жаңа сөз қабылдаушылардың әлеуметтік тұрғыдан тіл мәдениетіне қойған шарттары.

Оның мұндай дәрежеде болуы – совет заманының мақтанышы, лениндік ұлт саясатының іске асу нәтижесі. Сол әдеби тілді байытуда, халықтың тіл мәдениетін арттыруда қазақ баспасөзінің ролі ерекше болғаны аян.

Тіл мәдениетінің қамын жеу, сайып келгенде, тіл тазалығына, ой дәлдігіне қамқорлық жасау болып табылады. М.Горький «Тіл тазалығы үшін, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күрес – мәдениет құралы үшін күрес» деген болатын. Бұл құрал неғұрлым өткір болса, ол солғұрлым нысанаға дәл тиіп, ол солғұрлым жеңімпаз болмақ. Жаңа өскелең өмірдің мүддесіне қызмет ететін қазақ тілінің жеңімпаздық күшін арттыру үшін әлі де оның тазалығын, мағына дәлдігін күшейтіп, оны шындай түсу мақсаты қойылып отыр. Олар өзінен-өзі бола бермейді. Ол жайында сол тілдік құралдың дұрыс жұмсалыуына біздің қауымның жанашырлық ғылыми негіздегі іс-әрекеті болуға тиіс. Әдеби тіл – халық тілінің жоғарғы формасы. Оның іргесін әлі де бекемдей түсу үшін оның байлығын арттырумен қатар, жүйелілік сапасын да арттыру міндеттері қойылмақ. Әдеби тілді пайдаланушылар арасында сөздерді әркім әртүрлі жазатын, түрліше айтатын, талғамай қолдана беретіндей бағыт байқалса, әдеби тіл мәдениетінің дәрежесі онша мақтанарлық болмағаны. Біздің арамызда ондайлар жоқ емес. Әдеби тілдің жауы – анархия. Біз соған жол бермеуіміз керек (38-кесте. 5-сыныпқа арналған оқу бағдарламасы).

38-кесте. 5-сыныпқа арналған оқу бағдарламасы.

Лексика-грамматикалық бөлімдер	Грамматикалық материал	Тақырыптар/жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
1. Мәдениет:	Дауысты, дауыссыз	Тыңдалым	5.1.1.1 тірек сөздер мен ұсынылған

тіл және қарым-қатынас. Фонетика	дыбыстардың емлесі. Үндестік заңы. Орфографиялық норма	және айтылым	иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау; 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру
		Оқылым	5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау; 5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану
		Жазылым	5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру; 5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу
		Әдеби тіл нормалары	5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлесілік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу

Жалпы бағдарламада берілген тақырыпты меңгерту барысында «Жаңа қазақ әліпбиі таңдалуының қысқаша тарихы» (А.Сейітбекова); Әліпбидегі әріптер атауы мен дыбысталуы (Қ.Күдерінова); Орфографиялық ереже. Орфографиялық нормалардың жазба тілді реттеудегі қызметі мен маңызы. Қазақ тілі емлесінің жаңа ережелері: құрылымы, жаңалығы (А.Фазылжанова); Қазақ тілі емле ережелерінің басты және қосалқы ұстанымдарын (З.Базарбаева, Е.Әміржанова) басшылыққа алу керек.

2.2 Сөзжасамды оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар

Жалпы мектептегі оқу бағдарламасын латыннегізді жаңа әліпбиге көшіргенде сөзжасамды оқыту барысында оқушыларға «сөзжасам» деген ұғымды түсіндіре келіп, жаңа ережедегі «Қосымшалар арқылы бірге жазылатын сөздердің емлесі (Қ.Күдерінова, Ш.Қапантайқызы); «Сөзалды сыңарлары бар күрделі сөздер емлесі» (Б.Момынова, Ш.Қапантайқызы); «Сөзсоңы сыңарлары бар біріккен сөздер емлесі» (Қ.Күдерінова, Ш.Қапантайқызы); Мағыналық өзгерістер арқылы бірге жазылатын сөздердің емлесі» (Қ.Күдерінова, Ш.Қапантайқызы); Кіріккен сөздер құрамы мен белгілері (Қ.Күдерінова, Ш.Қапантайқызы) тақырыптарын басшылыққа алу керек.

5-сыныпқа арналған оқу бағдарламасының «Әдеби тіл нормалары» бөлігіндегі 5.4.4.1 мақсатында: жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану деп берілген. Сөздің жасалу жолдарын жаңа әліпбимен меңгерткен кезде

«Қосымшалар арқылы бірге жазылатын сөздердің емлесі» (Қ.Күдерінова, Ш.Қапантайқызы); «Сөзалды сыңарлары бар күрделі сөздер емлесі» (Б.Момынова, Ш.Қапантайқызы); «Сөзсоңы сыңарлары бар біріккен сөздер емлесі» (Қ.Күдерінова, Ш.Қапантайқызы); «Мағыналық өзгерістер арқылы бірге жатылатын сөздердің емлесі» (Қ.Күдерінова, Ш.Қапантайқызы); «Кіріккен сөздер құрамы мен белгілерін» (Қ.Күдерінова, Ш.Қапантайқызы) басшылыққа алған жөн (39-кесте. 5-сыныпқа арналған Қазақ тілінің оқу бағдарламасы).

39-кесте. 5-сыныпқа арналған Қазақ тілінің оқу бағдарламасы

5. Бос уақыт және хобби. Морфология	Сөздің жасалу жолдары	Әдеби тіл нормалары	5.4.4.1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану
-------------------------------------	-----------------------	---------------------	---

Сол секілді, 6-сыныпқа арналған бағдарламада «Орфографиялық норма», «Орфографиялық сөздік» тақырыптарын меңгерткенде, жаңа жазуға негізделген «Орфографиялық сөздікпен» қатар «Терминком» бекіткен сөздікті де басшылыққа алуға болады (40-кесте. 6-сыныпқа арналған Қазақ тілінің оқу бағдарламасы).

40-кесте. 6-сыныпқа арналған Қазақ тілінің оқу бағдарламасы

Қазақстандағы көрікті жерлер. Лексикография	Орфографиялық норма. Орфографиялық сөздік	Әдеби тіл нормалары	6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу
---	---	---------------------	---

Сөзжасамды оқытқан кезде жаңа латыннегізді емле ережедегі жаңалықтарды басшылыққа алып төмендігідей сабақ жоспарын да құруға болады (41-кесте. *рқ, рг, кс* әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгерту).

41-кесте. *рқ, рг, кс* әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгерту

Мұғалімнің аты-жөні:		
Күні:		
Қатысқандар:		Қатыспағандар:
Сабақ тақырыбы	<i>рқ, рг, кс</i> әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесі	
Сабақ мақсаты	Оқушыларға <i>рқ, рг, кс</i> әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін дұрыс қолдана білуге үйрету және шеттілдік сөздерді жаңа емле бойынша жазуын игерту.	
Сабақтың әдісі:	Ой қозғау, түсіндіру, сұрақ-жауап. Жеке жұмыс. Бірлескен жұптық жұмыс. Топтық жұмыс.	
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының құндылықтары: тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы; қарым қатынас қабілеті;	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 3 минут 1 минут	Қызығушылығын ояту: Ойжинақ кезеңі. (Оқушылар әр сөзді жаңа әліпбимен тақтаға жазады. Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты.	Интербелсенді тақта.

<p>Сабақтың ортасы 2 минут</p>	<p>Жаңа сабақты түсіндіру. рк, рг, кс әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесі жайлы мағлұматтар беру. Жаңа емле бойынша қазақ тіліне басқа тілден енген сөздердің жазылуы белгілі бір емле заңдылықтарына бағынады. Атап айтқанда <i>-рк, -рг, -кс</i> әріп тіркестерімен біткен сөздерге бірыңғай жіңішке қосымшалар жалғанады: <i>ocherk (-tiń, -i, -ke, -ter), hirýrg (-tiń, -i, -ke, -ter), sirk (-tiń, -i, -ke, -ter).</i></p>	<p>Интербе лсенді тақта</p>										
<p>5 минут</p>	<p>1-тапсырма. Ауызша жаттығу. Төмендегі сөздердің дұрыс емес нұсқасын көрсетіңіздер. <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td>sirk + tyń</td> <td>sirk + tiń</td> </tr> <tr> <td>affiks+ti</td> <td>affiks+ty</td> </tr> <tr> <td>hirýrg+ tyń</td> <td>hirýrg+ tiń</td> </tr> <tr> <td>dendropark+qa</td> <td>dendropark+ke</td> </tr> <tr> <td>boks + tiń</td> <td>boks + tyń</td> </tr> </table> <p>2-тапсырма. Жазылым Топтық жұмыс. (Екі топ ішінен бір-бір оқушыдан тақтаға шығарылады) Сөздерге қосымша жалғап жазыңыздар. 1-топ indeks + ... (септеу) ocherk + ... (септеу) boteks + ... (тәуелдеу) neirohirýrg+...(септеу) 2-топ lúks + ... (септеу) kodeks + ... (тәуелдеу) radioocherk+...(септеу) kserks + ... (септеу)</p> </p>	sirk + tyń	sirk + tiń	affiks+ti	affiks+ty	hirýrg+ tyń	hirýrg+ tiń	dendropark+qa	dendropark+ke	boks + tiń	boks + tyń	
sirk + tyń	sirk + tiń											
affiks+ti	affiks+ty											
hirýrg+ tyń	hirýrg+ tiń											
dendropark+qa	dendropark+ke											
boks + tiń	boks + tyń											
<p>5 минут</p>	<p>3-тапсырма. Оқылым Мәтінмен жұмыс. Дұрыс емес жалғанған жалғауларды табыңыздар. Sirk - ónerdiń óte erteden kele jatqan túri. Búkil ómirin kóship qonýmen ótkizetin sirkter de bolady. Ocherk kórkem ádebiet pen pýblisistikanyń kóp qyrly, kúrdeli janry. Búginde álem boıynsha kásibi boksqa asa kónil bólinip keledi. Qazaqstannyń hirýrgtary shetel áriptesterimen tájiribe almasıda. Hirýrg mamandyǵy – sheshimdi tez qabyldaıdy qajet etetin, bilimdilikti kóp qajet etetin jáne tájiribeni kerek etetin mamandyq.</p>											
<p>3 минут</p>	<p>4-тапсырма. «Тапқыр болсаң, тауып көр» ойын формасы. Бос орынды толтырыңыздар _ramatýrg, _fleks, _ffiks, _hirýrg, _aks, _dropark, _ehnopark, _ambýrg, _oks, _metallýrg, _renbýrg, k_ks, _mıks, _teks, _deks</p>											
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>Сабақты қорыту. «Сұрақ-жауап». Оқушылар өткен тақырып бойынша <i>-рк, -рг, -кс</i> әріп тіркестерімен біткен сөздерді пайдаланып бір-біріне сұрақ қояды. Өздігінен ізденуге негізделген тапсырма (үйге</p>											

	тапсырма). -рк, -рг, -кс әріп тіркестерімен біткен сөздерді (2 сөз) септік жалғауларын жалғап жазып келу.	
--	--	--

Очерк көркем әдебиет пен публицистиканың көп қырлы, күрделі жанры. Бүгінде әлем бойынша кәсіби боксқа аса көңіл бөлініп келеді. Қазақстанның хирургтері шетел әріптестерімен тәжірибе алмасуда. Хирург мамандығы – шешімді тез қабылдауды қажет ететін, білімділікті көп қажет ететін және тәжірибені керек ететін мамандық.

Ойлан тап: драматург, рефлекс, суффикс, факс, гидропарк, технопарк, Гамбург, бокс, металлург, Оренбург, кекс, комикс, ботекс, кодекс

Жаңа емле ережені меңгерткен кезде мұғалім үшін ең бастысы дұрыс сабақ жоспарын құрып, алдына қойған мақсатқа жетуде материалды шеберлікпен меңгерту. Сондықтан да төмендегі кестеде сабақ жоспарын ұсынамыз (42-кесте. -ий, -нг, -ог әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгерту)

42-кесте. -ий, -нг, -ог әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгерту

Күні:		
Тақырыбы:	-ий, -нг, -ог әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгерту	
Мақсаты:	Оқушыларға -ий, -нг, -ог әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін таныстыру; Оқушылардың жазылым тапсырмалары арқылы қолдағдыларын және оқылым тапсырмалары арқылы көздағдыларын қалыптастыру.	
Әдіс-тәсілдер:	Болжау әдісі, ППП (презентация – түсіндіру, практика – жаттығулар, продукт – сабақ нәтижесі)	
Көрнекіліктер:	Презентация, үлестірме материалдар	
Сабақ барысы		
Жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер
Кіріспе 4 мин.	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен танысу; Оқушылардың назарын сабаққа жұмылдыру; Оқушылардың қызығушылықтарын ояту; Топта жағымды психологиялық орта қалыптастыру.</p> <p>II. Жаңа тақырыпты болжау. Тақтада тақырыпқа қатысты бірнеше суреттер беріледі. Оқушылар берілген суреттерде қандай сөздер жасырылғанын анықтап, жазылуындағы ұқсастықтарды ажыратады. Сол арқылы жаңа тақырыпты болжайды.</p>	Презентация
		
		



Негізгі бөлім
15 мин

I. Жаңа сабақты түсіндіру.

Тірек ұғымдар:

Әріп – дыбыстың әліпбидегі графикалық таңбасы.

Дыбыс – айтылымдағы ең кіші тілдік бірлік.

Емле – жазу нормаларын қалыптастыратын ережелер жиынтығы, орфография.

Жуан дауыстылар – тілдің ұшы кейін тартылып, үсті дөңестену арқылы жасалатын дыбыс. Олар: а, о, ұ, ы.

Қосымша – сөз мағынасын өзгертетін, түрлендіретін, сөз бен сөзді байланыстыратын грамматикалық бірлік.

Түбір сөз – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, мағыналы негізгі бөлігі.

Шеттілдік сөз – жазба тұлғаты түпнұсқасынан үлкен айырмасы болмайтын өзге тілден енген сөз.

Латын графикасына негізделген жаңа әліпби бойынша әріптер төменде келтірілген үлгі бойынша жазылады:

и, й – і

о – о

г – g

н – n

нг – ñ

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. VIII тарау. Шеттілдік сөздер емлесі.

§90. **-ий**-мен аяқталған сөздердің соңында бір ғана **і** әрпі жазылады: *kalı, alıımı, natri, kafeteri, realı.*

§94. **-ог** әріп тіркесімен аяқталатын сөздерге қосымшалар жуан жалғанады: *pedagog (-tyń, -y, -qa, -tar), ekolog (-tyń, -y, -qa, -tar) filolog(-tyń, -y, -qa, -tar).*

§97. Сөз соңындағы **-нг** әріп тіркесі **ñ** әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: *boýlıń (-niń, -ge, -i, -der), brıfıń (-niń, -ge, -i, -der), reıtıń(-niń, -ge, -i, -der).*

Ескерту. Бір буынды сөздерге **нг** тіркесі жазылады: *ring, rang, sleng.*

Презентация

<https://egemen.kz/article/180567-zhanha-alipbi->

1-tapsyrma. Bilý, túsiný jattyǵy.
Mátindi oqyp, qaramen jazylǵan sózderdiń jazylýyna mán beriniz.

Marketúntiń maqsaty – taýarlardy utymdy ótkizý. **Kalı** júrek bulshyq etin qataıtady. **Treniń** ádisin alǵash bolyp amerikalyq **pedagog** Deil Karnegi qoldanǵan. Lingvisterdiń zertteyi boynsha **sleng** sózder 13-23 jas aralyǵynda keńinen qoldanylady. Qazirgi jahandaný zamanında aýdarmashy jáne **filolog** mamandyqtary erekshe suranysqa ie. **Natri** ashlyq sary túспен janady.

2-tapsyrma. Qoldaný mentaldaý deńgeindegi jattyǵy.
Berilgen sózderge qosymshalardy jalǵap, kóshirip jazyńyz.

I топ	II топ	III топ
калий	кафетерий	натрий
маркетолог	сейсмолог	биолог
ринг	маркетинг	диалог
кремний	магний	гелий
монолог	кинолог	антрополог
брифинг	тренинг	боулинг
холдинг	сленг	рейтинг

kalı
marketolog
ring
kremni
monolog
brifiń
holdiń kafeterı
seismolog
marketiń
magni
kinolog
treniń
sleng natri
biolog
dialog
geli
antropolog
boylıń
reitiń

Орындалу барысы: Оқушылар 3 топқа бөлініп, берілген сөздерді қатесіз жазуы керек.

3-tapsyrma. Qoldaný mentaldaý deńgeindegi jattyǵy. Qatesiz jazylǵan nusqany taýyp, baǵandarǵa bólip jazyńyz.

Дұрыс нұсқасы:

-ий	-ог	-нг
калий+диң	сейсмолог+қа	маркетинг+тиң
кафетерий+ге	кинолог+тар	боулинг+ке
магний+диң	биолог+тың	рейтинг+і
натрий+мен	антрополог+қа	брифинг+ке
гелий+диң	педагог+ты	тре инг+тер

negizindegi-qazaq-tili-emlesininh-erezheleri

[Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері]

<https://kk.wikipedia.org>

https://massaget.kz/layfs_tayl/sport/bul_kyzyk/43000/

	<p>kalı+diń kafeterı+ge magnı+diń natrı+men gelı+diń seismolog+qa kınolog+tar biolog+tyń antropolog+qa pedagog+ty marketiń+tiń boýlıń+ke reitiń+i brifiń+ke treniń+ter</p> <p>4-tapsyrma. Qoldanı mentaldaý deńgeindegi jattyǵy. <i>Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жалғаңыз.</i> Калий... денсаулыққа пайдасы өте көп. Тренинг... педагог... қатысты. Сейсмолог... ауа райын болжайды. Боксшылар ринг... көтерілді. Самат Серікті боулинг... шақырды.</p>	
<p>Қорытынды 3 мин</p>	<p>5-тапсырма. Жинақтау, бағалау деңгейіндегі жаттығу. <i>Берілген сұрақтарға дұрыс жауапты таңдаңыз. Пікіріңізді дәлелдеңіз.</i></p> <p>-ий-мен аяқталған сөздердің соңында ... әрпі жазылады. и у і ú</p> <p>-ог әріп тіркесімен аяқталатын сөздерге қосымшалар ... жалғанады. жіңішке жуан</p> <p style="text-align: center;">Дұрыс жалғанған қосымшаны табыңыз.</p> <p>pedagotıń pedagogtyń pedagogtyn pedagogtiń</p> <p>Бір буынды сөздерге .. тіркесі жазылады. -ng ı</p> <p>Дұрыс жазылған нұсқаны табыңыз. boýling boýlıń</p>	Презентация
<p>Бағалау 1 мин</p>	<p>Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу үлгерімдерін «Блоб ағашы» арқылы бағалайды.</p>	Карточкалар
<p>Рефлексия 1 мин</p>	<p>Не білдім? Не үйрендім? Бұл не үшін керек? Оның қолданысы қандай? Бұл білімді әрі қарай қалай дамытамын?</p>	Стикерлер

	Тағы да не білгім келеді?	
Үй тапсырмасы 1 мин	Үлестіріме материал. 6-тапсырма. Жақшада берілген сөздерге қосымша жалғап, мәтінді көшіріп жазыңыз.	



Латыннегізді жаңа әліпбиді меңгертуге арналған сабақ жоспары (43-кесте. *тч, дж, -ст, -сть* әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесі).

43-кесте. *тч, дж, -ст, -сть* әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесі

Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:
Сабақтың тақырыбы	<i>-тч, дж, -ст, -сть</i> әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесі
Сабақтың мақсаты	Емле ережесіндегі - <i>тч, дж, -ст, -сть</i> әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгерту : латын қарпінде қатесіз жазуға, емлені ауызша және жазба жұмыстарда дұрыс қолдануға машықтандыру.
Сабақтың әдіс - тәсілдері	Сұрақ-жауап әдісі, миға шабуыл әдісі, ой қозғау әдісі
Жұмыс түрі	Топтық жұмыс, жеке жұмыс. Оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым.

Жоспар



Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жаттығу түрлері
<p>Сабақтың кіріспесі</p> <p>Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу (3 минут)</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Танысу.</p> <p>- Сәлеметсіздер ме, оқушылар! Сабағымызды бастамас бұрын сіздермен танысып алайық! «Танысу» тренингі</p> <p>Алдымен оқытушы өз есімін айтады. Келесі тыңдаушы мұғалімнің атын сосын өзінің атын айтады. Топтағы оқушылар саны аяқталғанша осылай қайталанады. Мыс, Менің есімім - Жадыра, келесі тыңдаушы Жадыра – Дариға келесі Жадыра – Дариға – Маржан Танысқанымға өте қуаныштымын!</p> <p>Ал енді, бүгінгі қазақ тілінің жаңа әліпбиге көшуіне байланысты сіздер жаңа ережелерді меңгеріп жатырсыздар. Біздің бүгінгі тақырыбымыз сол жаңа емле ережесіндегі шеттілдік сөздердің орфографиясы бойынша болып отыр. Шеттілдік сөздер біздің тілге қалай келеді?</p> <p>- Адамзаттың тарихи даму үдерісінде ұлт тілдері үнемі бір-бірімен байланыста болады. Ақпараттық ағынның күшеюі, ғаламдық интернет жүйесінің пайда болуы, елдер арасындағы байланыстардың кеңеюі, әлемдік сауданың, экономиканың, ақпараттық технологиялардың дамуы біздің тілімізге жаңа сөздердің енуіне себеп болып тұр.</p> <p>Мысалы: <i>спортта – баскетбол, волейбол, футбол, хоккей т.с.с. информатикада – принтер, клавиатура ноутбук, сканер, интернет...</i></p> <p>Ал енді тақтаға назар аударыңыздар! Тақырыпты болжау.</p> <p>СКЕТЧ, МАТЧ, КЛАТЧ осы үш сөзде қандай екі әріп қайталана кездеседі? Тамаша, -тч, бәрекелді, дұрыс.</p> <p>АЛЬПИНИСТ, СТИЛИСТ, АКТИВИСТ - ст</p> <p>ДЖИНСЫ, ДЖЕМ, ДЖАКУЗИ - дж</p> <p>ПОВЕСТЬ, ВЕДОМОСТЬ – осы сөздерде қандай үш әріп қайталана кездеседі? -сть</p> <p>Бәрекелді, ЖАРАЙСЫЗДАР! Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Емле ережесіндегі <i>-тч, дж, -ст, -сть</i> әріп тіркестері</p>
<p>«Ой қозғау» (3 минут)</p>	


<p>ЖАҢА САБАҚ Тыңдалым (3 минут)</p>  <p>Оқулым (3 минут)</p> <p>Жазылым (3 минут)</p> <p>Айтылым (3 минут)</p> <p>Сергіту сәті (2 минут)</p>	<p>Грамматикалық тақырыпты түсіндіру. Ережені меңгерту Ережемен танысыңыз!</p> <p>§86. тч әріп тіркесімен аяқталатын сөздердегі т әрпі түсіріліп жазылады: <i>skoch, skech, mach.</i></p> <p>§87. дж әріп тіркесі бар сөздерде д әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: <i>menejer (-diń, -i, -ge, -ler), jinsi (-niń, -si, -ge, -ler), jentlmen (-niń, -i, -ge, -der).</i></p> <p>Бірақ <i>búdjjet, lodjy, djaz, djem</i> болып жазылады.</p> <p>§92. –ст, -сть әріп тіркестеріне біткен сөздердің соңғысы(лары) түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: <i>ekonomis (-tiń, -i, -ke, -ter), komýnis (-tiń, -i, -ke, -ter), manifes (-tiń, -i, -ke, -ter), týris (-tiń, -i, -ke, -ter), poves (-tiń, -i, -ke, -ter).</i></p> <p>Mátinnen дж, ст, сть әріп тіркестері бар sózderdi tabyńyzdar. Stilis-imijmeiker.</p> <p>Bul elimizdeki jańa mamandyqtardyń biri. Shashtaraz, vızajıs, stilis sekildi birneshe baғыtty qurady. Óte jeńil kásip sekildi kóringenmen, bul adamnyń tek syrtqy sulýlygymen ғana emes, ishki jan dúniesiniń ereksheликтерін, temperamentin de eskere otyryp, jumys istetin kásip ieleri.</p> <p>Sondyqtan stilis-imijmeiker túster úlesimdiligin, estetika, sán tarihyn, adamnyń fiziologialyq jáne psihologialyq ereksheликтерін tereń bilý керек.</p> <p>Atalған mamandyq ieleri sulýlyq salondarynda, imij, kino, teledidar, teatr stýdialarynda, jarnama jáne sán agenttikтерінде, sán akademialarynda jumys isteidi.</p> <p><i>1-мансырма. Berilgen sózderdi jańa álipbimen jazyńyz, ilik septigindegi formasyn jazyńyz jáne durys oqyp shyғыńyz.</i></p> <p><i>2-мансырма. Аўызша орындамыз. Berilgen sózderdi qoldanyp, sólem qurastyryńyzdar.</i></p> <p><i>Мысалы: Sabaqtan keiin qalyp, skech дайындау керек.</i></p> <p><i>Skoch, skech, mach, menejer, jinsi, jentlmen, jersi, jip, pijak, jemper, gajet, joistik, imi, búdjjet, lodjy, djem, djaz, ekonomis, komýnis, manifes, týris, poves.</i></p> <table border="0" data-bbox="430 1321 1484 1612"> <tr> <td>Огурцы – кияр,</td> <td>Усы – мұрт,</td> </tr> <tr> <td>А граната - ...</td> <td>А груша- ...</td> </tr> <tr> <td>Мороз – аяз,</td> <td>Кобыла – бие,</td> </tr> <tr> <td>А лук – ...</td> <td>А вишня - ...</td> </tr> <tr> <td>Жираф – керік,</td> <td>Земля – топырақ,</td> </tr> <tr> <td>А абрикос - ...</td> <td>А лист - ...</td> </tr> <tr> <td>Один – жалғыз,</td> <td>Фрукт – жеміс,</td> </tr> <tr> <td>А арбуз - ...</td> <td>А овощь - ...</td> </tr> </table>	Огурцы – кияр,	Усы – мұрт,	А граната - ...	А груша- ...	Мороз – аяз,	Кобыла – бие,	А лук – ...	А вишня - ...	Жираф – керік,	Земля – топырақ,	А абрикос - ...	А лист - ...	Один – жалғыз,	Фрукт – жеміс,	А арбуз - ...	А овощь - ...
Огурцы – кияр,	Усы – мұрт,																
А граната - ...	А груша- ...																
Мороз – аяз,	Кобыла – бие,																
А лук – ...	А вишня - ...																
Жираф – керік,	Земля – топырақ,																
А абрикос - ...	А лист - ...																
Один – жалғыз,	Фрукт – жеміс,																
А арбуз - ...	А овощь - ...																
<p>Қорытындылау (2мин)</p>	<p>Венн диаграммасы Ортақ қасиеттері</p>  <p>Сонымен, құрметті оқушылар, бүгінгі сабағымыздан түсінгеніміз не? - Кез келген тілде шет тілінен енген сөз кірген тілдің нормалары мен заңдылықтарына бағынып, өзгеріске ұшырайды. Яғни, айтылуы да, жазылуы да өзгереді.</p>																

<p>Бағалау (3 минут)</p> <p>Үй жұмысы</p>	<p>Дұрыс. Нақты қандай сөздер қандай өзгеріске ұшырайды? - Құрамында -тч, дж, -ст, -сть әріп тіркестері бар сөздер: Сөздің соңында -тч бар сөздерде т әрпі түсіріліп жазылады; Сөздің басында, ортасында, соңында да кездесетін дж әріп тіркесі бар сөздерде д әрпі түсіріліп жазылады; Сөз -ст, -сть әріп тіркестеріне біткен сөздердің т, ть әріптері түсіріліп жазылады.</p>		
	скотч	<i>skoch</i>	<i>skochtyń</i>
	матч		
	скетч		
	менеджер		
	джинсы		
	джентельмен		
	джем		
	джерси		
	джип		
	пиджак		
	джемпер		
	г джет		
	имидж		
	бюджет		
	лоджия		
	джаз		
	экономист		
	манифест		
	турист		
повесть			
коммунист			
	<p>Өте жақсы. Тек дж тіркестері бар сөздерге қатысты қандай сөздер бұл ережеге бағынбайды дедік? - <i>búdjjet, lodjy, djaz, djem.</i> Өзін-өзі бағалау Үйге емле ережесіндегі -тч, дж, -ст, -сть әріп тіркестеріне мысалдар жазу. Сау болыңыздар. РАҚМЕТ!</p>		

Латыннегізді жаңа әліпбиді меңгертуге арналған сабақ жоспары (44-кесте. Тч, дж, ст, сть әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгерту).
44-кесте. Тч, дж, ст, сть әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгерту

Сабақ тақырыбы:	Тч, дж, ст, сть әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгерту.
Жалпы мақсат:	➤ Оқушыларға аталған әріптерге аяқталған шеттілдік сөздердің жазылуын жаңа емле бойынша меңгерту; ақпаратты қабылдай отырып дұрыс орфоэпиямен оқуға үйрету; жазу дағдысын қалыптастыруға бейімдеу;
Сілтеме:	«Жаңа әліпбидің емлесі» Егемен Қазақстан 18-қаңтар 2019 жыл
Күтілетін нәтижелер:	1. құрамында тч, дж, ст, сть әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесі туралы түсінік ала отырып, жаттығу жұмыстары арқылы тақырыпты меңгереді.
Сабақтың	Түрлі-түсті стикерлер, маркерлер, презентация

ресурсы		
Лексикалық минимум:	Менеджмент, альпинист, стилист, джем, скетч, матч, энциклопедист, ведомость, бейджик, экомонист, турист, повесть, джинсы, клатч, трест, активист, тест, колледж, джакузи,	
Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдері:	Ой шақыру, «Сәйкестендіру» әдісі, сұрақ-жауап, «Көзбен есте сақтау» әдісі	
Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:		
Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Тыңдаушының іс-әрекеті
Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі:		
I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу (3 мин)	1 «Жылы алақан» тренингі  2.Топқа бөлу.	1.Белсенділік танытуға шақыру. 2. Шағын топтарға бірігу.
II.	Жаңа әліпби бойынша білімдерін тексеру	Жаңа әліпби бойынша білімдерін қорғайды. Сұраққа жауап береді.
III. Ой толғаныс – тақырыпты ашу <i>Мақсаты: қатысушылардың айтылым әрекеті арқылы тақырыпқа бағыттау (3 мин)</i>	 <p>Жетекші сұрақтар : Суреттегі атауларды атаңыздар Сөздің құрамындағы сөздер қандай дыбыстарға аяқталып тұр? Осы атауларды жаңа әліпбимен жазып көрейік. Жауаптары: àłpınıs, túyis, menejer, skoch. Сонымен, бүгінгі біздің сабағымыз «Шеттілдік сөздер емлесіндегі» кейбір сөздердің жазылуы. 86. Тч, 87. дж. 92 ст, сть әріп тіркестері бар сөздердің жаңа емлесін меңгереміз. Ереже жазу</p>	Тапсырманы қызығушылықпен орындайды Оқушылар мысалдар арқылы, тақырыпты оқулықтан оқып, меңгергендерін пысықтап, қорғайды.
IV Мағынаны тану. Жаңа тақырып (20 мин)	I. Жаттығу жұмыстары «Көз қаперінде сақтау» <i>Берілген сөздерді оқып, емлеге сәйкес жаңа әліпбимен жазыңыз.</i>	Дәптермен жұмыс. Мәтіндегі ст, сть, тч, дж әріп тіркестері бар сөздерді көзбен
	1 топ	2 топ

	<p>1. menejment 2. ensiklopedis 3. mach, 4. vedomos 5. povos 6. jins 7. kollej</p>	<p>skech bejik ekonomis tyris jakyzı klatch aktivis</p>	<p>жаттау арқылы жазады.</p>															
	<p>Менеджмент, альпинист, стилист, джем, скетч, матч, энциклопедист, ведомость, бейдж, экомонист, турист, повесть, джинсы, клатч, трест, активист, тест, колледж, джакузи,</p>																	
Тапсырмалар	<p>«Сәйкестендіру» әдісі. 2-жаттығу. Туісті жалғауларды тауып сәйкестендіріңіз А және В бағандарын сәйкестендіріңіз.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th></th> <th>А</th> <th>В</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td>vedomos</td> <td>diń, i,ge, der.</td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>kollej</td> <td>tyń, y,qa, tar</td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>skoch</td> <td>tiń,ke, ti,ter</td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>stilst</td> <td>ty,tyń, y,</td> </tr> </tbody> </table>			А	В	1	vedomos	diń, i,ge, der.	2	kollej	tyń, y,qa, tar	3	skoch	tiń,ke, ti,ter	4	stilst	ty,tyń, y,	<p>Топтық жұмыс.</p>
	А	В																
1	vedomos	diń, i,ge, der.																
2	kollej	tyń, y,qa, tar																
3	skoch	tiń,ke, ti,ter																
4	stilst	ty,tyń, y,																
<p>Мақсаты: Орфоэпиялық норма бойынша оқуға бейімдеу. Сабақтан алған білімдерін тексеру.</p>	<p>3 жаттығу Оқылым. Мәтінді оқыңыз. дж, ст, сть әріп тіркестері бар сөздерді табыңыздар. Мамандықтың бәрі жақсы: Стилист-имиджмейкер Бұл еліміздегі жаңа мамандықтардың бірі. Шаштараз, визажист, стилист секілді бірнеше бағытты құрайды. Өте жеңіл кәсіп секілді көрінгенмен, бұл адамның тек сыртқы сұлулығымен ғана емес, ішкі жан дүниесінің ерекшеліктерін, темпераментін де ескере отырып, жұмыс істейтін кәсіп иелері. Сондықтан стилист-имиджмейкер түстер үйлесімділігін, эстетика, сән тарихын, адамның физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін терең білу керек. Аталған мамандық иелері сұлулық салондарында, имидж, кино, теледидар, театр студияларында, жарнама және сән агенттіктерінде, сән академияларында жұмыс істейді. https://massaget.kz/okushyilarga/jogargyi_syinyip/25823/</p>																	
Қорытынды тест	Қорытынды тест		Кahoot.com. ойнату															
Сергіту сәті	Кароке латын		Ән айту															
Рефлексия																		

VIII. Үй тапсырмасын беру (2 мин)	Тч, дж, ст, сть әріп тіркестеріне сөздер тауып жазу.	Үй тапсырмасын түртіп алады.
-----------------------------------	--	------------------------------

Сөзалды сыңарлары бар күрделі сөздер емлесі.

Сабақтың тақырыбы: Сөзалды сыңарлары бар біріккен сөздер емлесі - Sózaldy syñarlary bar birikken sózder emlesi

Сабақтың мақсаты: Сөзалды сыңарлары бар біріккен сөздердің емлесін (орфографиясын) үйрету, жасалу жолдарына жеке-жеке тоқталу, грамматикалық ұғымдарды сауатты, әрі дұрыс қолдана білу дағдыларын қалыптастыру және латыннегізді әліпбиде жазылу сипатын меңгерту;

Дамытушылық мақсаты: тіл үйренушілердің қазақша ойлау дағдысын қалыптастыру, ауызекі сөйлеу, шығармашылық танымдық қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын байыту;

Құндылықтарға баулу: мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру; өзара сыйластыққа, бір-біріне құрметпен қарауға шақыру.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: миға шабуыл, тренинг, оқылым, жазылым, сұрақ-жауап, ой қорыту.

АКТ қолдану дағдылары: слайд, интербелсенді тақта.

Сабақтың түрі: жаңа білімді меңгерту сабағы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- оқушылармен амандасу;

- оқушылардың көңілдерін сабаққа аудару.

«Сәлемдесу» тренингі

Мақсаты: Оқушылар арасында жағымды көңіл-күй қалыптастыру, бір-біріне жақындастыру.

➤ *Бір-біріңізбен жаңа танысқан адамша*

сәлемдесіңіз;

- *Бір-біріңізбен көптен кездеспеген достар сияқты сәлемдесіңіз;*
- *Бір-біріңізбен мұғалім мен оқушы сияқты сәлемдесіңіз;*
- *Бір-біріңізбен көп ұнатпайтын адамдар сияқты сәлемдесіңіз;*
- *Бір-біріңізбен бастықпен сәлемдескен сияқты амандасыңыз.*

Сабақтың кезеңдері:

1. Бағдарлау-мотивациялық кезең:

Коммуникативтік тренинг

- Сіз неше тіл білесіз?
- Сіздің ана тіліңіз қай тіл?
- Сіз үйде қай тілде сөйлейсіз?
- Сіз оқуда қай тілде сөйлейсіз?
- Сіз қазақ тілін не үшін үйреніп жүрсіз?



«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – демекші, тіл үйрену ешуақытта артықтық етпейді. Қазақ атамның осы сөзінің жаны бар секілді.

1. Орындаушылық-операциялық кезең.

Грамматикалық тақырыпты түсіндіру (слайдтар арқылы)

Біріккен сөздердің ерекшеліктері:

– мағынасы әртүрлі, жеке айтылғанда бір-біріне қатысы жоқ сөздерден құралады;

– жеке тұрғанда бір ұғымды береді;

– мағынасы жеке компоненттерінің мағынасына сай болмайды.

Біріккен сөздердің екі түрі бар:

– құрамына енген түбірлерінің тұлғасы сақталған;

– құрамына енген түбірлерінің тұлғасы сақталмайтын.

Біріккен сөздер тарихи құбылыс, олардың компоненттері әртүрлі сөз таптарынан, тіпті сөзалды сыңарлардан (қосымшалардан) да болады.

Түркі сөзінің құрылымы: префикс+түбір+аффикс =қазақ сөзі.

Мысалы: бей+уақыт= бейуақыт

бей+хабар= бейхабар, т.б.

Сөзалды сыңарлары шартты түрде 2-ге бөлінеді:

I топ - әсіре, бей, бір, көп, жалпы

II топ – авиа, авто, агро, анти, гидро

Сөзалды қосымшалардың бәрі кірме болып келеді. Мысалы, **бей** – көне кірме қосымша, екеуінің де бір-бірінен мағыналық айырмашылығы жоқ, биуақыт – бейуақыт; беймарал – бимарал, т.б. Ал **авто-**, **аван-**, **агро-** префикстері авангардтық, ғылыми-техникалық жаңалықтарды атайды. Бұл префикстердің қазақ сөздерімен бірігуі әлеуеті жоғары. Ал **авто-** префиксі көлік және көлікке қатысты атулар құрамында кездеседі, кейінгі келетін түбірлермен бірге жазылады: автокөлік, автотұрақ, автожуу және т.б. **Авиа-** префиксі кейінгі позициядағы компонентпен бірге жазылады, көбі аударылмайды: авиалайнер, авиарейс, т.б. **Анти-** екі түрлі ұғым тудырады: а) әлденеге қарсыласу, ә) жоққа шығару. Аталған сөзалды қосымшасымен нигилистік ағым атаулары жасалады, түбір сөздермен бірге жазылады: антипоэзия, антимузыка, т.б.

• *ásire, bir, kóp, jalpy және avia, avto, agro, aero, kino, mega, mini, radio, tele, trans, ýltra, foto, elektr* сөзалды сыңарларымен келген атаулар бірге жазылады.

Мысалы: *ásiresolshyl; birjutym, birqainatym;*

kópmándi, kópmúshe; jalpyulttyq, jalpymemlekettik,

aviabilet, aeroshana, aviareis,

agrokeshen, avtojol, megajoba, t.b.

Сондай-ақ *bei* қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады:

beikúná

beihabar

beiyáqyt

beitarap

beimezgil

beimarat

• **Макси-**, **мини-**, **мобиль-**, **супер-**, **гипер-**, **ультра-** префикстері өзінен

кейін келетін сөздермен бірге жазылады, агглютинативтік әлеуеті өте жоғары.

Осы префикстер арқылы жасалған лексиканың негізгі қорын терминологиялық, публицистикалық, мемуарлық, қоғамдық-саяси сөздер құрайды: *ультракүлгін, суперавиация, гипербелсенді, минимаркет, мегажоба, инфрақұрылым, т.б.*

Бірге жазылатын сөздердің алдыңғы сыңары тек префикс түрінде ғана емес, өз алдына жеке мағыналы сөз түрінде де болады:

кинотуынды, ультрадыбыс, фотосурет, электрсүзгі, радиохабар, т.б.

Тапсырмалар. 1-тапсырма. Берілген сөздердің жұптастырыңыз және жаңа емле бойынша жазып шығыңыз.

/жаңа емлемен жазылған дұрыс нұсқасы тақтаға анимациямен шығарылады/ (45-кесте. Берілген сөздерді жұптастыру)

45-кесте. Берілген сөздерді жұптастыру

<i>1. мега</i>	<i>а. өнеркәсіп</i>
<i>2. бір</i>	<i>ә. авиация</i>
<i>3. авто</i>	<i>б. жоба</i>
<i>4. агро</i>	<i>в. көлік</i>
<i>5. гипер</i>	<i>г. саясат</i>
<i>6. супер</i>	<i>з. қайнатым</i>
<i>7. ультра</i>	<i>д. туынды</i>
<i>8. кино</i>	<i>е. күлгін</i>
<i>9. агро</i>	<i>ж. белсенді</i>
<i>10. гидро</i>	<i>з. бекет</i>

2-тапсырма. ОҚЫЛЫМ.

Орфоэпиялық нормаға сай оқыңыз.

Radiohabaryn taratý isi bir mezigilde birneshe mindetti qatar atqarady. Agrokolledj kásibi sheberligi joǵary mamandardy dаяrlaıdy. Respýblikamyzdyń agroónerkásip salasy kesheni ekonomıkanyń asa mańyzdy salasy. Ońtústik sharýalary úshin «Agrobanktyń» tiimdiligi zor. Gıpermátin – ózge qujattarǵa siltemelik qyzmet etetin mátin. Beimezigil shaqta kelgen kisige qazaqtyń kelinderi «nan aýyz tińiz», dep dastarqanǵa nan qoiady.

Радиохабарын тарату ісі бір мезгілде бірнеше міндетті қатар атқарады. Агроколледж кәсіби шеберлігі жоғары мамандарды даярлайды. Республикамыздың агроөнеркәсіп саласы кешені экономиканың аса маңызды саласы. Оңтүстік шаруалары үшін «Агробанктың» тиімділігі зор. Гипермәтін – өзге құжаттарға сілтемелік қызмет ететін мәтін. Беймезгіл шақта келген кісіге қазақтың келіндері «нан ауыз тиіңіз», деп дастарқанға нан қояды.

3-тапсырма. Берілген сөзалды сыңарлармен бірге жазылатын сөздерді жаңа әліпбимен жазып шығыңыз.

<i>Авто</i>	автоқалашық		агроөнеркәсіп
	автодүкен	<i>агро</i>	агрокешен
	автожарыс		агроколледж
	автозауыт		агросаясат
	автокеруен		агробанк

**4-тапсырма. Берілген атауларды мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.
46-кесте. Атауларды мағынасына қарай сәйкестендіру**

Radiohabar	Стратосфералық немесе өте жоғары жылдамдықтағы жедел авиация
«Megaqurylys» gipermarketi	Күштік қондырғы (қозғалтқыш) көмегімен атмосферада ұшуға арналған ұшу аппараты
Agroónerkásip kesheni	Радиобайланыстың көмегімен әуе толқындары арқылы берілетін ақпараттық, қоғамдық-саяси, көркем және музыкалық хабарлар
Sýperaviatsua	Халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету
Avialainer	Құрылыс-өңдеу материалдарының үлкен сауда орны

Бекіту: Топтастыру стратегиясы.

5-тапсырма. Кесте бойынша біріккен сөздерді топтастырыңыз.

47-кесте. Біріккен сөздерді топтастыру

Авто-, аван-, агро-, авиа-, анти- префикстерімен келген сөздер	bei- қосымшасымен келген сөздер	макси-, мини-, мобиль-, супер-, гипер-, ультра- префикстерімен келген сөздер

Рефлексия:

1. Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды?
2. Қандай жаңа түсініктермен таныстыңыздар?
3. Бүгін біз қандай нәтижеге жеттік?

Біріккен сөздердің емлесін естерінде сақтаңыздар, әсіресе сөзалды сыңарлармен бірге жазылатын біріккен сөздердің жазылуын жақсы білу өте маңызды.

Үй тапсырмасы: жаңа сөздерді жаттау және 5 сөйлем құрау.

Сөзсоңы сыңарлары бар біріккен сөздер емлесі. Қазақ тілінің сөзжасамында орыс тілінен калькалау арқылы сөздер біршама өзгеріс енгізгені белгілі. Аралық сөзі орыс тілінен меж, между деген тұлғалармен аударылған терминдерде көптеп кездесіп, бірге жазылатын болады. Аралық сөзінің арнайы формантқа айналуы халықаралық сөзінен бастау алып, ауыларалық, буынаралық, жоларалық, еларалық, сыныпаралық, колхозаралық, континентаралық, клеткааралық, қабатаралық, қалааралық, мекемеаралық, мемлекетаралық, облысаралық, салааралық, пәнаралық, мектепаралық сияқты атаулармен жалғасады. Аралықтың сөзжасамдық қабілеті сол ол кез келген сөзге жалғана бермейді. Сондықтан элеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси кешенді нысандар (мектеп, ауыл, мемлекет, сала) төңірегіндегі жалпы атаулар

осы формантты постпозицияда алуға бейім (4-сурет. Сөзсоңы сыңарлары бар біріккен сөздер емлесі)

4-сурет. Сөзсоңы сыңарлары бар біріккен сөздер емлесі



Жаңа емле ереже негізінде «Мағыналық өзгерістер арқылы бірге жазылатын сөздердің емлесі» деген жаңа емле де бар. Осыған арналған сабақ жоспарын ұсынуды жөн көрдік.

Сабақтың мақсаты

- оқушыларға мағыналық өзгерістер арқылы бірге жазылатын сөздердің емлесін меңгерту;
- тыңдаушының өтілген материалды тиянақты меңгеруіне, жазылым және оқылым дағдысының қалыптасуына түрткі болу;
- тақырып аясында берілген лексикалық минимум арқылы тыңдаушының сөздік қорын молайту;
- мәліметті өз бетінше жинау немесе қорыту, түйіндеу дағдыларын дамыту;
- түрлі жаттығулардың көмегімен теориялық білімді тәжірибеде дұрыс қолдануға дағдыландыру.

Тілдік мақсаттар

- ✓ тыңдаушы мағыналық өзгерістер арқылы бірге жазылатын сөздерді емлеге сәйкес жазады;
- ✓ сөйлеу әрекеттері (жазылым, оқылым) тапсырмаларын шығармашылықпен орындайды;
- ✓ орфографиялық және орфоэпиялық дағдысын қалыптастырады;
- ✓ танымдық жағынан қажетті ақпараттар алады.

48-кесте. Лексикалық минимум

<i>Мінез-құлыққа байланысты сөздер</i> мысықтілеу қарынбай эпербақан бесбике бесаспап басасау безбүйрек көңтері көнекөз	<i>Ботаникалық атаулар</i> келінбармақ қоянот арамшөп бабажапырақ биеемшек ботақұлақ	<i>Ұлттық болмысымызға сай атаулар</i> қарақағаз ежеқабыл (дәст.) жаубүйрек (тағам) атбайлар ерентүз (астр.) қозыжауырын (жебе)
--	--	---

Ресурстар

- сабақтың презентациясы;
- үлестірмелі қағаздар, әліпби;
- эскиз жобасы, латын қарпіндегі караоке;
- компьютер және мультимедиялық проектор

Сабақтың әдіс-тәсілдері:

түсіндіру, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, сөздік және суретті диктант, топтық жұмыс, ой шақыру, болжау стратегиясы, кластер әдісі, білімді тестілік бағалау тәсілі



Ой шақыру. BILGENGE MARJAN!



Bounty – жомарт

Fairy – перизат

Dove – көгершін


Hyundai – бүгінгі, қазіргі

Mitsubishi – үш гауһар

Жаңа сабақпен байланыс. Болжау стратегиясы.

Сөздер қай уақытта бірге жазылады?

(Біріккен сөздерге мысал келтіріңіздер)



Eрежелмен танысуңыз.

Сөздерді қашан бірге жазамыз?

➤ Сөз тура мағынасында қолданылмаса немесе екі сыңары да өз мағынасында емес, басқа мағынада қолданылса немесе бұрын көрмеген белгісіз зат атауы болса, бөлек жазылады. Мысалы: жұпарбас, жүкаяқ, еменқұлақ, жалпақшешей, кемпірауыз, қосаяқ, сарымай, жүрекжұтқан т.б.

➤ Мағыналық өзгерістер, әсіресе, жиі қайталана келе соңғы жалпы мағынадағы сыңарын түсіріп, бірге жазылады. Мысалы: қалқан тұмсық (жылан), бұзау бас (бәтіңке), ит бас (жарғанат), бұзау тіс (қамшы) т.б.

49-кесте. Berilgen sózderdi jańa álipbimen jazýñyz

жертөле	кемпірауыз	егеуқұйрық бұзаубас
жүкаяқ	қосаяқ	қосауыз
итаяқ	сарымай	бұзаутіс

саптыаяқ	ақсақал	
----------	---------	--

Бұл сөздердің дұрыс айтылуын естен шығармаңыз!

Ескерту: жүкаяқ емес, жүгаяқ!

Sózdik dıktant. Jańa álipbimen jazyńyz

Бесаспап, басасау, безбүйрек, келінбармақ, қоянот, арамшөп, бабажапырақ, ботақұлақ, биеемшек, көнекөз, көнтері

Ózińizdi tekserińiz

Besasrap, basasaý, bezbúirek, kelinbarmaq, qoianot, aramshóp, babajapyraq, botaqulaq, bieemshek, kónekóz, kónteri

5-сурет. Sýretti dıktant. Kúrdeli ataýlar jazyńyz

Sýretti dıktant. Kúrdeli ataýlar jazyńyz.



50-кесте. Ózińizdi tekserińiz

<p>1. Бірге жазылатын нұсқаны табыңыз. А) Баян сұлу Б) Кәркен қажы С) Көне көз Д) Бас маман</p>	<p>2. Атылúy бойынша берілген нұсқаны табыңыз. А) Bespıke Б) Basasaý С) Qojjaýryn Д) Atpaılar</p>	<p>3. Minez-qulyqqa qatysty birikken sózdi tabyńyz. А) Erentúz Б) Atbailar С) Kelinbarmaq Д) Mysyqtileý</p>
<p>4. Juldyz ataýyn bildiretin birikken sózdi tabyńyz. А) Kónteri Б) Erentúz С) Ejeqabyl Д) Jaýbúirek</p>	<p>5. Атылúy бойынша берілген нұсқаны табыңыз. А) Kónekóz Б) Qarymbai С) Qaraqagaz Д) Áperbaqan</p>	<p>6. Emle erejesine sai jazylǵan nusqany tabyńyz. А) Besbike Б) Kónegóz С) Atpaılar Д) Botaǵulaq</p>

Sabaqty qorytyndylaý. Klaster jasańyz

Refleksıa

Бүгін мен білдім...

Қиындық туғызды...

Енді мен...

Мен үйрендім...

Маған маңызды болып көрінді...

5-сурет. Сабақ көрнекілігі



2.3 Пунктуацияны оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар

Қазақ тарихында тұңғыш рет өз қалауымызбен жоғары мемлекеттік деңгейде Жаңа әліпби қабылданып, емле ережелерін мақұлдау жұмыстары жүзеге асырылып жатыр. Қазақ тілі әліпбиінің тарихына қысқаша шолу жасайтын болсақ, алғаш көне түркі жазуы (жыл санауымыздан бұрын ХІІ д.-б.з. Х ғасыры), Ислам дінін қабылдаумен бірге келген араб тілі мен әліпбиі (VIII-XX ғғ.), сонан соң А.Байтұрсыновтың төте жазуы (1912-1929 жж), латын жазуы (1929-1940), кирилл жазуын (1940), қолданып келдік. Латыннегізді әліпби (2018 жылдың 19 ақпанында) бекітілді.

Дүниежүзіндегі түркі халықтарының 60 пайызға жуығы осы латын әліпбиінде. Түркітілдес елдердің көбі (қазір түркітілдес халықтардың 7 дербес мемлекеті бар: Әзірбайжан, Түркия республикасы, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан) латын графикасын пайдаланады. Қазақстан мен Қырғызстаннан басқасы латын әліпбиіне бұрыннан өтіп кеткен. Бұл дегеніміз Қазақстан ортақ түркілік әліпбилік жүйеден тыс тұр. Біз ең соңғы болып өтіп жатырмыз. Біздің тіліміз бір, жазуымыз бірдей болса қарым-қатынасымыз одан әрі дамиды. Гуманитарлық, экономикалық, саяси байланыстар нығаяды, кеңиді, мәдени-тарихи тамырластығымыз тереңдей түседі. Сондықтан, латын әрпіне көшу түркі халықтарымен жақындастыра түсетін маңызды факторлардың бірі.

Ал Қазақ елінің кирилл әліпбиінде қала беруі осындай сабақтастық пен тамырластыққа қайшы келеді.

Үшінші себебі, халықаралық қауымдастықта Елбасы айтқандай, латын таңбалы әліпбидің маңызы зор. Латын әліпбиі әлемдік деңгейде басым болып отыр, сондықтан латынға деген жаппай мұқтаждық бар. Елдердің

70-80 проценті латын графикасын пайдаланатыны белгілі. Сондықтан ақпараттық жүйелер арқылы басқа елдер біздің мәдениетімізбен, тарихымызбен, дәстүрімізбен еркін танысады.

Шетелде Еуропада, Азияда, Америкада 5 миллион отандастарымыз бар. Олардың көбі кирил графикасын білмейді, бір-бірімен халықаралық жазуды пайдаланады. Халықаралық жазу латын графикасына негізделген. Сондықтан да жаңа әліпбиге көшудің түпкі мәні жазу-сызуды (письменность) реформалау. Төңкеріс жасау емес. Әліпби өзгертуді бір әріпті, тіпті қаріпті (шрифті) алмастыру деп түсінсек, түсінігіміздің тым таяз болғаны. Реформаның түпкі мәні, жазу-сызуымызға ұлттық сипат беру, яғни ұлттық кодты сақтауға, дамытуға қызмет етуіміз қажет. Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын тілде, ұлттық мәдениетте көрініс табады. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, адамгершілік қасиеттері қамтылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір этикетке айналған тұста, осы ұлттық кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Тіл арқылы сақталған ұлттық кодты жаңғырта дамытудың бір жолы – жаңа әліпби негізінде емле ережелерді төл тіліміздің заңдылығы негізінде қайта жаңартып, сөйлеу тіліміздің гармониялық жүйесін қайта орнықтыру болса керек.

Қорыта келгенде, жазу-сызу – біздің түп негізі бар рухани дүниеміз. Жазуға реформа жасау - бұл қағаз бетіне түскен барлық мұраларымызды жаңа әліпби, жаңа емле бойынша қайта жазып шығумен тең. Демек, *кирил қарпімен жазылған еңбектер қайта жаңғырады деген сөз. Алдағы уақытта* емле ережелерінің негізінде орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер, анықтағыштар осы ережелерге сәйкес құрастырылады. Сол кезде, басы ашылмай жатқан тіл мәселелері де бірізділікке түсіп, тұрақталады деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы.
2. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 462 Жарлығы.
3. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығы.
4. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №637 Жарлығы.
5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» №27 өкімі.
6. Білім берудің барлық деңгейлерінде 2025 жылға дейінгі латын әліпбиіне көшу кестесін бекіту туралы» 2018 жылғы 27 сәуірдегі №183 ҚР БҒМ бұйрығы
7. Білім берудің барлық деңгейлерінде 2025 жылға дейінгі латын әліпбиіне көшу кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 59 бұйрығы
8. ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы Ұлттық комиссия құрамына кірген әдістемелік жұмыс тобының 2018-2020 жылына арналған жұмыс жоспары» 2018 жылғы 16 ақпандағы №59 бұйрығы
9. Jaña emle oqý-ádistemelik qural, Астана, 2019. – 11 б.
10. Н.Төленбергенова, Л.Қабылдина. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында жүргізілетін іс қағаздары жазылымының анықтамалығы – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 62 бет.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығы
12. Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері // Егемен Қазақстан газеті. - 18.01.2019.
13. Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. Ұжымдық монография. Жалпы ред. Басқарған А.Фазылжанова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. -560 б.
14. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы, – Алматы: Арыс, 2007. - 410 б.
15. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. -532 б.
16. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық

- негіздері: филол.ғ.к. дисс. – Алматы, 1993. -162 б.
17. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. -380 б.
18. Күдеринова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы: 2005. – 144 б.
19. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929-40 жж.): филол.ғ.к....дисс. – Алматы, 2010. -142 б.
20. Байтұрсынұлы А. Дыбыстарды жіктеу туралы // Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
21. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2010
22. Байтұрсынұлы А. Емле туралы // «Еңбекші қазақ» газеті
23. Базарбаева З. Некоторые аспекты реформирования казахского алфавита на основе латинской графики // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. -410 б.
24. Досанова А.Ж. Латын әліпбиі негізінде сауат ашу әдістемесі: пед.ғ.к.... дисс. –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2009. -166 б.
25. Жүнісбек Ә. Әліпби мәселесі // <http://одв.abai/kz/content/elimkhan-zh-nisbek-elipbi-meselesi>
26. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 2005
27. Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 1998.
28. Момынова Б. Саткенова Ж. Қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014

Орта білім жүйесін латын графикасына көшіргенде 5-сыныпқа арналған факультатив сабақтарыды жүргізу бағдарламасы мен оны меңгерту әдістемесі

Қазақ тілі пәнінің оқыту мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету болғандықтан, латыннегізді жаңа қазақ әліпбиін меңгертуде факультатив сабақтардың жоспарларын ұсынып отырмыз.

5-сыныпқа арналған латын графикасын оқытудың факультатив бағдарламасы (34 сағат)

№	Тақырыбы:	Usynylatyn jumys túrleri	Jazbasha jumys taqyryptary
1.	Mádeniet: til jáne qarym –qatynas Latyn álipbii týraly	Oqylym. Mátinmen jumys. Tapsyrma.	
2.	Til – qarym-qatynas quraly. Daýysty dybystar emlesi	Tyńdalym. Aýdiomátin. Tapsyrma.	
3.	Adamzat úshin tildiń mańyzy A, á dybystarynyń emlesi	Shaǵyn esse	«Siz úshin tildiń mańyzydylyǵy nede?» (70-80 sóz)
4.	Suhbattasý mádenietti O, ó dybystarynyń emlesi	Aıtylym. Dialogtik tapsyrma qurý	
5.	Kiiný. Sán. talǵam. U, ú dybystarynyń emlesi	Oqylym. Prezentasia.	
6.	Ulttyq kiim – asyl mura Ý, i dybystarynyń emlesi	Aıtylym. Tyńdalym.	
7.	Qazirgi sán úlgisi Dybystarynyń emlesi	Jazylym. Esse	«Zamanaıy sán úlgisi oıyńyzdan shyǵa ma?» (70-80 sóz)
8.	Nátije sabaq	Test/dıktant	
9.	Otbasylyq dástúrler men mereler Daýyssyz dybystardyń emlesi	Oqylym. Mátinmen jumys.	
10.	Otbasy – shaǵyn memleket I, ý áriptleriniń emlesi	Aıtylym. Tyńdalym. Aýdiomátin	
11.	Salt-dástúrdegi qundylyqtar Ia, ıy árpi	Oqylym. Mátinmen jumys	
12.	Ádep saqtaıy – izgilik. Túbir sózderdiń emlesi. Qosymshalardyń jalǵanýy Túbir sózder emlesi	Jazylym. Esse	«Mádenietti adam qandaı bolý kerek?» (70-80 sóz)
13.	Janýarlar álemi men ósimdikter dúniyesi. Qosymshalardyń jalǵanýy	Tyńdalym. Aıtylym	
14.	Janýarlar jáne tirshilik Qosymshalardyń jalǵanýy	Oqylym. Jazylym. Mátinmen jumys	
15.	Tórt túlik. Bólek jazylatyn sózderdiń emlesi	Shyǵarmyshylyq jumys	
16.	Nátije sabaq	Esse/dıktant	«Qorshaǵan ortamyzdy qalaı qorǵaımyz?» (70-

			80 sóz)
17.	Bos ýaqyt jáne hobbi Bólek jazylatyn sózderdiń emlesi	Dialog qurý	
18.	Ýaqyt – altynnan qymbat Birge jazylatyn sózderdiń emlesi	Tyńdalym. Aitylym. Pikirtalas	
19.	Bos ýaqytta saiahattaýdyń paidasy Birge jazylatyn sózderdiń emlesi	Jazylym. Saiahat dápteri	
20.	Qıal álemi. Fantazıa. Birge jazylatyn sózderdiń emlesi	Tyńdalym. Aitylym.	
21.	Ertegiler Defispen jazylatyn sózder emlesi	Jazylym. Ertegi qurastyry	Erkin taqyrypta
22.	Qıal men ańyz Defispen jazylatyn sózder emlesi	Jazylym. Diktant	
23.	Bala Abai Bas árip emlesi. Qosymshalardyń jalǵanýy	Tyńdalym. Beinematerial	
24.	Áke – balaǵa synshy Jalqy esimler emlesi	Sýret boıynsha mátin quray	
25.	Ýádege adaldyq Jalqy esimler emlesi	Jazylym. Esse	
26.	Nátıje sabaq	Test	
27.	Adamnyń syrt kelbeti men minezi Jer bederi, aspan deneleri ataýlarynyń emlesi	Oqylym. Mátinmen jumys.	
28.	Kólik jáne jol belgileri Kúrdeli ataýlar emlesi	Tyńdalym. Aitylym. Aýdiomátin	
29.	Baǵdarsham. Kúrdeli ataýlar emlesi	Aitylym. Dialogtik jumys	
30.	Jol qaýipsizdiginiń erejeleri Qysqarǵan sózder emlesi	Jazylym. Esse.	«Qaýipsizdik ne úshin qajet?» (70-80 sóz)
31.	Aspan áleminiń qurıalary. Men ǵaryshker bolamyn Shettildik sózder emlesi	Tyńdalym. Aýdiomátin	
32.	Aıǵa sapar Shettildik sózder emlesi	Shyǵarmashylyq jumys	
33.	Juldyzdar jymyndaıdy Sózderdiń tasymaldanýy	Jazylym. Esse	«Aspan syryn bilemiz be?» (70-80 sóz)
34.	Nátıje sabaq	Test	
	Barlyǵy 34 saǵat		

Берілген жоспарда «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу (оқыту қазақ тілінде) бағдарламасы басшылыққа алынып, бағдарламадағы негізінде факультатив бағдарламасы ұсынылды. Емле ереже толықтай бағдарламаға отырғызылды.

Бағдарламада тілдік дағдылардың төрт түрі де сақталған. Атап айқанда: айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым. Сондай-ақ жазба жұмысында эссе тақырыптары да берілді. Эссе тақырыптары сұрақ ретінде берілді. Әрбір сегізінші сабақты нәтиже сабақ ретінде алып нәтиже сабаққа эссе немесе диктант жұмыстарын алу көзделген. Латыннегізді жаңа қазақ әліпбиіне көшкен

кезде берілген тақырыптарды ұлттық құндылықтармен ұштастыра, сабақтастыра оқытуды басты назарға ұстау керек.

Қазақ графикасын латыннегізді жаңа жазуға көшіруде мектеп қабырғасында білім алушылардың сауатты жазуға қалыптастыру үшін ең алдымен ережені толыққанды меңгеруі керек. Мәселен, қазақ тіліндегі орфоэпия мен орфография мәселелеріне тоқталсақ, жаңа емле ереженің басты ерекшелігі орфоэпиялық заңдылыққа баса назар аударылған.

Енді «Факультатив сабақтарда қандай әдіс-тәсілдерді басшылыққа алу керек?» – деген сұраққа жауап іздесек, латыннегізді жаңа қазақ әліпбиіне көшкен кезде факультатив сабақтарда жаңа емле ережені меңгерту және лексикалық тақырыптарды өту барысында ұлттық құндылықтардың меңгерілуін басшылыққа алған жөн. Мұғалім жаңа әліпбиді меңгерткенде оқушыға жүйелі білім беріп, қазақ тілінен алған білімін факультатив сабақта латын әліпбиі негізінде бекітсе, материалды меңгеру жеңіл әрі, жылдам игеріледі деген ойдамыз. Сондықтан да интербелсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- – өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- – ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- – өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- – пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- – шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Латыннегізді жаңа қазақ әліпбиіне көшкен кезде жаңарылған білім мазмұнына сай түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сабақты жүргізуге болады. Атап айтар болсақ, Кері байланысты өткізуде оқушылар «Бес бармақ» әдісі бойынша өз пікірін білдіреді.

Сұрақ-жауап әдісін қолданғанда оқушыны ойландыратын негізде құрылған плакаттар мен слайдтар және т.б. қолдануға болады.

Сол секілді оқушыларға берілген ребустарды шешіп, қай мақалдың тақырыпқа қатысты екендігі туралы өз пікірлеріңізді білдіріңіздер деген тапсырма да беруге болады.

Қорыта айтқанда, еліміз жаһандануға бет бұрған тұста мектеп мұғалімі мен оқушысы үшін факультатив сабақтардың бағдарламасы мен сабақты тиімді өткізуге арналған әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланған орынды.

1-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары






Күні:	Мектеп:
Сынып: 5	Мұғалімнің ТАӘ:
Сабақтың тақырыбы	Мәдениет: тіл және қарым-қатынас Латын әліпбиі туралы
Сабақтың мақсаты	Мәдениет: тіл және қарым-қатынас туралы айту; Латын әліпбиі туралы түсінік алу;
Бағалау критерийлері	Мәдениет: тіл және қарым-қатынас туралы айтады Латын әліпбиі туралы түсінік алады


Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы және терминология: төл дыбыстар, апостроф, әліпби, емле.																																																																																																																																																	
Құндылықтар	Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет: Өз халқының мәдениеті мен тіліне деген құрмет, Отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру.																																																																																																																																																	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, әдебиет, тарих																																																																																																																																																	
Осыған дейін меңгерілген білім	Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы мағлұмат																																																																																																																																																	
Сабақтың барысы																																																																																																																																																		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған әрекеттер	Ресурстар																																																																																																																																																
Сабақтың басы 5 минут	<p>«Мүмкін» әдісі арқылы болжам жасату <i>«Тілі мәңгі жасаған халықтың өзі де өлмейді» Ш.Айтматов</i> Сұрақ қоя отырып, оқушыларға болжалды жауаптарды ойлануға және зерделеуге мүмкіндік беру үшін, арасында «мүмкін» деген сөз орамын қолданамын. Қарым-қатынас құралы ретінде тілдің атқаратын қызметі қаншалықты маңызды болуы мүмкін? Латын әліпбиіне көшу қаншалықты өзгеріс әкелуі мүмкін? (Сабақ тақырыбы бойынша оқушыларға болжам жасату)</p>																																																																																																																																																	
Сабақтың ортасы 10 минут	<p>Латын әліпбиімен танысу. Қазақ жазуының тарихы жайлы шоду жасау. 9-дыбыс апостермен жазылатын түсіндіріп өту</p> <table border="1" data-bbox="435 1077 1230 1496"> <thead> <tr> <th colspan="8">ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ</th> </tr> <tr> <th>Қазақ әліпбиі</th> <th>Қысқартылған әліпбиі</th> <th>Әліпбиі</th> <th>Қысқартылған әліпбиі</th> <th>Қазақ әліпбиі</th> <th>Қысқартылған әліпбиі</th> <th>Әліпбиі</th> <th>Қысқартылған әліпбиі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Аа</td> <td>А а</td> <td>[a]</td> <td>Аа</td> <td>Ññ</td> <td>Ñ ñ</td> <td>[yá]</td> <td>Ññ</td> </tr> <tr> <td>Áá</td> <td>Á á</td> <td>[á]</td> <td>Әә</td> <td>Оо</td> <td>О о</td> <td>[o]</td> <td>Оо</td> </tr> <tr> <td>Вв</td> <td>В в</td> <td>[by]</td> <td>Бб</td> <td>Óó</td> <td>Ó ó</td> <td>[ó]</td> <td>Өө</td> </tr> <tr> <td>Дд</td> <td>Д д</td> <td>[dy]</td> <td>Дд</td> <td>Рр</td> <td>Р р</td> <td>[ry]</td> <td>Іі</td> </tr> <tr> <td>Ее</td> <td>Е е</td> <td>[e]</td> <td>Ее</td> <td>Qq</td> <td>Q q</td> <td>[qy]</td> <td>Ққ</td> </tr> <tr> <td>Ғғ</td> <td>Ғ ғ</td> <td>[gy]</td> <td>Фф</td> <td>Rr</td> <td>Р r</td> <td>[ry]</td> <td>Рр</td> </tr> <tr> <td>Gg</td> <td>G g</td> <td>[g]</td> <td>Гг</td> <td>Ss</td> <td>С s</td> <td>[sy]</td> <td>Сс</td> </tr> <tr> <td>Ğğ</td> <td>Ğ ғ</td> <td>[gy]</td> <td>Ғғ</td> <td>Tt</td> <td>Т t</td> <td>[ty]</td> <td>Тт</td> </tr> <tr> <td>Нн</td> <td>Н н</td> <td>[ny]</td> <td>х, ь</td> <td>Uu</td> <td>У u</td> <td>[u]</td> <td>Үү</td> </tr> <tr> <td>Иі</td> <td>И и</td> <td>[i]</td> <td>И</td> <td>Úú</td> <td>Ú ú</td> <td>[ú]</td> <td>Үү</td> </tr> <tr> <td>И</td> <td>И</td> <td>[i]</td> <td>и, й</td> <td>Vv</td> <td>У v</td> <td>[vy]</td> <td>Вв</td> </tr> <tr> <td>Jj</td> <td>Ј ј</td> <td>[jy]</td> <td>Жж</td> <td>Yy</td> <td>У y</td> <td>[y]</td> <td>Ыы</td> </tr> <tr> <td>Кк</td> <td>К к</td> <td>[k]</td> <td>Кк</td> <td>Ýý</td> <td>Ý ý</td> <td>[uý]</td> <td>Уу</td> </tr> <tr> <td>Ll</td> <td>Л л</td> <td>[ly]</td> <td>Лл</td> <td>Zz</td> <td>З z</td> <td>[zy]</td> <td>Зз</td> </tr> <tr> <td>Mm</td> <td>М м</td> <td>[my]</td> <td>Мм</td> <td>Sh sh</td> <td>Ш sh</td> <td>[shy]</td> <td>Шш</td> </tr> <tr> <td>Nn</td> <td>Н н</td> <td>[ny]</td> <td>Нн</td> <td>Ch ch</td> <td>Ч ch</td> <td>[chy]</td> <td>Чч</td> </tr> </tbody> </table>	ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ								Қазақ әліпбиі	Қысқартылған әліпбиі	Әліпбиі	Қысқартылған әліпбиі	Қазақ әліпбиі	Қысқартылған әліпбиі	Әліпбиі	Қысқартылған әліпбиі	Аа	А а	[a]	Аа	Ññ	Ñ ñ	[yá]	Ññ	Áá	Á á	[á]	Әә	Оо	О о	[o]	Оо	Вв	В в	[by]	Бб	Óó	Ó ó	[ó]	Өө	Дд	Д д	[dy]	Дд	Рр	Р р	[ry]	Іі	Ее	Е е	[e]	Ее	Qq	Q q	[qy]	Ққ	Ғғ	Ғ ғ	[gy]	Фф	Rr	Р r	[ry]	Рр	Gg	G g	[g]	Гг	Ss	С s	[sy]	Сс	Ğğ	Ğ ғ	[gy]	Ғғ	Tt	Т t	[ty]	Тт	Нн	Н н	[ny]	х, ь	Uu	У u	[u]	Үү	Иі	И и	[i]	И	Úú	Ú ú	[ú]	Үү	И	И	[i]	и, й	Vv	У v	[vy]	Вв	Jj	Ј ј	[jy]	Жж	Yy	У y	[y]	Ыы	Кк	К к	[k]	Кк	Ýý	Ý ý	[uý]	Уу	Ll	Л л	[ly]	Лл	Zz	З z	[zy]	Зз	Mm	М м	[my]	Мм	Sh sh	Ш sh	[shy]	Шш	Nn	Н н	[ny]	Нн	Ch ch	Ч ch	[chy]	Чч	Таныстырылым аудиотыңдалым
ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ																																																																																																																																																		
Қазақ әліпбиі	Қысқартылған әліпбиі	Әліпбиі	Қысқартылған әліпбиі	Қазақ әліпбиі	Қысқартылған әліпбиі	Әліпбиі	Қысқартылған әліпбиі																																																																																																																																											
Аа	А а	[a]	Аа	Ññ	Ñ ñ	[yá]	Ññ																																																																																																																																											
Áá	Á á	[á]	Әә	Оо	О о	[o]	Оо																																																																																																																																											
Вв	В в	[by]	Бб	Óó	Ó ó	[ó]	Өө																																																																																																																																											
Дд	Д д	[dy]	Дд	Рр	Р р	[ry]	Іі																																																																																																																																											
Ее	Е е	[e]	Ее	Qq	Q q	[qy]	Ққ																																																																																																																																											
Ғғ	Ғ ғ	[gy]	Фф	Rr	Р r	[ry]	Рр																																																																																																																																											
Gg	G g	[g]	Гг	Ss	С s	[sy]	Сс																																																																																																																																											
Ğğ	Ğ ғ	[gy]	Ғғ	Tt	Т t	[ty]	Тт																																																																																																																																											
Нн	Н н	[ny]	х, ь	Uu	У u	[u]	Үү																																																																																																																																											
Иі	И и	[i]	И	Úú	Ú ú	[ú]	Үү																																																																																																																																											
И	И	[i]	и, й	Vv	У v	[vy]	Вв																																																																																																																																											
Jj	Ј ј	[jy]	Жж	Yy	У y	[y]	Ыы																																																																																																																																											
Кк	К к	[k]	Кк	Ýý	Ý ý	[uý]	Уу																																																																																																																																											
Ll	Л л	[ly]	Лл	Zz	З z	[zy]	Зз																																																																																																																																											
Mm	М м	[my]	Мм	Sh sh	Ш sh	[shy]	Шш																																																																																																																																											
Nn	Н н	[ny]	Нн	Ch ch	Ч ch	[chy]	Чч																																																																																																																																											
10 минут	<p>Ё, ю, я, щ, ь, ъ – дыбыстары мүлдем жоқ, латын алфавитінен алынып тасталынғаны туралы айту Тыңдалым, айтылым, жазылым дағдысы бойынша латын алфавитін тыңдату, айтқызу. Жазылу үлгілеріне мән бергізу. /Видео/ 1-тапсырма: Есте қалған 10 сөзді жатқа жаз. Өз-өздеріне тексертіп, бағалату. 2-тапсырма: «Сен де латынша жазып көр!» деген тапсырмамен тіл туралы мақалдарды латын қарпімен жаз. <i>«Тіл мәртебесі - ел мәртебесі»</i> <i>«Тіл - достықтың алтын көпірі»</i> <i>«Тіл - ұлттың сүйенетін тамыры, сиынатын тәңірі»</i> <i>«Тілі өлген ел - тірі өлген ел»</i> 3-тапсырма. Латын әліпбиімен тіл туралы өлең шумақты</p>																																																																																																																																																	

	<p>мәнерлеп оқы. <i>Ana tiliñ aryñ bul, Uátyñ bop tur bette. Ózge tildiñ bárin bil, Óz tiliñdi qurmette!</i></p> <p>«Крестиктер мен нолдіктер»</p> <table border="1"> <tr> <td>1</td> <td>2</td> <td>3</td> <td>1.</td> <td>Латын әліпбиінде неше қаріп бар? (32)</td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>5</td> <td>6</td> <td>2.</td> <td>«Апостер» деген не? (үтір)</td> </tr> <tr> <td>7</td> <td>8</td> <td>9</td> <td>3.</td> <td>Латын алфавиті қай күні бекітілді? (26 қазан)</td> </tr> </table> <p>Апостермен неше қаріп жазылады? (9) Латын әліпбиін қолданатын түркі тілдес мемлекеттерді ата. (Өзбекстан, Туркия, Әзербайжан, Түркіменстан) Кириллица алфавитінен мүлдем алып тасталынған әріптерді ата. (ё, ю, я, щ, ь, ы) Бұрынғы латын алфавитінде неше таңба болған? (25) 2017 жылы 26 қазан күні нешінші жарлықпен бекітілді? (№ 569) Дескриптор: Мәдениет: тіл және қарым-қатынас туралы біледі Латын әліпбиі туралы түсінік алады</p>	1	2	3	1.	Латын әліпбиінде неше қаріп бар? (32)	4	5	6	2.	«Апостер» деген не? (үтір)	7	8	9	3.	Латын алфавиті қай күні бекітілді? (26 қазан)	Видео көрсетілім
1	2	3	1.	Латын әліпбиінде неше қаріп бар? (32)													
4	5	6	2.	«Апостер» деген не? (үтір)													
7	8	9	3.	Латын алфавиті қай күні бекітілді? (26 қазан)													
Сабақтың соңы 5 минут	Сабақтың соңында мұғалім бағалау критерийлері мен сабақ мақсаттарына қайта оралады. Бағалау критерийлеріне қаншалықты қол жеткізгендері туралы бірге талқылайды.	2 жұлдыз, 1 тілек															

2-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары






Күні:	Мектеп:	
Сынып: 5	Мұғалімнің ТАӘ:	
Сабақтың тақырыбы	Тіл –қарым-қатынас құралы Дауысты дыбыстар емлесі	
Сабақтың мақсаты	Тіл –қарым-қатынас құралы екендігін білу; Дауысты дыбыстар емлесін анықтау;	
Бағалау критерийлері	Тіл –қарым-қатынас құралы екендігін біледі Дауысты дыбыстар емлесін анықтайды	
Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы және терминология: дауысты дыбыс, емле, таңба.	
Құндылықтар	Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет: Қоғамда өздерін көрсете және өз еліне пайдалы бола алатын, Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін патриот ұрпақ тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, әдебиет, тарих	
Осыған дейін меңгерілген білім	Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Латын әліпбиі туралы түсінік.	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған әрекеттер	Ресурстар

<p>Сабақтың басы</p> <p>5 минут</p>	 <p>Топқа бөлу Сынып оқушылары Ту суреттері берілген парақшалар арқылы 3 топқа бөлінеді.</p>   	
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>5 минут</p> <p>10 минут</p> <p>10 минут</p> <p>10 минут</p>	<p>Оқушыларды дауысты дыбыстардың емлесімен таныстыру:Ереже</p> <p>Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: а, á, о, ó, у, і, и, ұ, е.</p> <p>§1. а, е, у, і әріптері сөздердің барлық буынында жазылады: <i>ana, baqyt, shaǵala, balapan, bota, bolashaq; elik, egemendik, elgezek, qurmet, kórkem; yqpal, yrys, mysal, jańǵyrý, baqsy, jaqsy; irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeil, senim.</i></p> <p>§2. á, о, ó, и, ú әріптері төл сөздің басында жазылады: <i>ádis, álem, sán, dán, mádeniet, báiterек; ozyq, ońtaily, qoǵam, torsyq; óris, ómirsheń, kósem, bórik; utymdy, ustaz, qijat, tumar; úrdis, úkimet, júne, túbegeili. Kірме, шеттілдік сөздердің екінші, үшінші буынында да жазылады: sirá, kiná, kúá, ińkár, kúmán, shúbá, zámzám, dúdámal; bulbul, maǵlumat, samuryq, májbúr, dúldúl, dástúr, manóvr, montór, parashút, absalút, festívál, kobált, banknot, alkogól, vestibúl.</i></p> <p>j, sh мен ı әріптерінің ортасында келген a дыбысы жіңішке айтылғанымен, a әрпі жазылады: <i>jai, jaiłaý, jaily, shai, shailyq.</i></p> <p>1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Тіл туралы мәтін тыңдайды.</p> <p>Топтық жұмыс.</p> <p>«Сіз қаншалықты сенімдісіз?» әдісі</p> <p>I топ. Берілген мәтінді түсініп оқып, негізгі идеясын анықта. Тірек болып тұрған 5 сөзді анықтап, оны латын әліпбиімен жаз.</p> <p>II топ. «Төрт сөйлем» әдісімен тіл туралы ойыңды латын әліпбиімен жаз.</p> <p>III топ. «ПОПС формуласымен» тіл туралы ойыңды айт.</p>  <p>2-тапсырма.</p> <p>Тіл туралы берілген мақалдарды латын әліпбиімен жаз.</p> <p>«Тіл - өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем»</p> <p>«Тілден тілдің кеңдігі болмағанымен, кемдігі жоқ»</p> <p>«Өз тілің - бірлік үшін, Өзге тілің - тірлік үшін»</p> <p>«Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді»</p>	<p>Таныстырылы</p> <p>м</p> <p>аудиотыңдалы</p> <p>м</p>

	<p>«Тіл қоса алар жер мен көктің арасын, тіл айырап анасының баласын» «Тіл ақылдың – өлшемі»</p>	
Сабақтың соңы 5 минут	<p>Сабақтың соңында мұғалім бағалау критерийлері мен сабақ мақсаттарына қайта оралады. Бағалау критерийлеріне қаншалықты қол жеткізгендері туралы бірге талқылайды.</p> <p>Рефлексия. Оқушыларға аяқталмаған сөйлемдер ұсынылады. Оқушылар осы сөйлемдерді өздері толықтырып, бүгінгі сабаққа кері байланыс береді.</p>	<p>«Себет» кері байланысы. Бүгінгі сабақтан қандай жаңа мәлімет алдыңыз ? Алған білімді себетке салыңыз.</p>


3-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары


Күні:		Мектеп:
Сынып: 5		Мұғалімнің ТАӘ:
Сабақтың тақырыбы	Адамзат үшін тілдің маңызы А а дыбыстарының емлесі	
Сабақтың мақсаты	Адамзат үшін тілдің маңызын білу; А а дыбыстарының емлесін анықтау;	
Бағалау критерийлері	Адамзат үшін тілдің маңызын біледі; А а дыбыстарының емлесін анықтайды;	
Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы және терминология: Тыңдалым мен айтылымға қажетті сөз тіркестері: <i>Átesh, ábat,sálem, ánek, ánshi, sháli.Óner aldy – qyzyl til</i>	
Құндылықтар	Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет: өз мәдениеті мен тіліне құрмет, басқа да мәдениеттер мен тілдерге, құқықтарға, адамгершілік пен пікірлердің әртүрлілігіне құрметті қамтиды.	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, әдебиет, тарих	
Осыған дейін меңгерілген білім	Тіл қарым-қатынас құралы Дауысты дыбыстардың емлесі	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Бүгінгі сабақ ерекше сабақ. Бізге қонаққа ауылдан әжей келіп отыр. Ол кісі сендерден көмек сұрай келіпті. Әженің Әсет және Әсел деген екі немересі бар екен. Әжемiз қалаға ертіп келгенде екі бала сыртқа шығып адасып кетеді. Сұрайын десе әжей түсіндіріп айта алмайды.(Сюжетті суреттердің көмегімен тапсырманы орындаймыз)	Таныстырылым
Сабақтың ортасы	1. Тапсырма «Өзеннен өту» I тапсырма. «Миға шабуыл» Сөзжұмбақ латын әліпбиімен жазу	

<p>5 минут</p>	<p>Әкенің анасы кім. Ешкінің төлін ата. Тышқанның үйін ата. Ірі жануарды ата. Жеті күн тағы қалай аталады.</p> <p>Ыдыс түрі. Аҗе, лақ, ін, піл, апта, кесе Қандай сөз шықты? Әліппе Әліппе сөз қай дыбыстан басталып тұр? Ә дыбысынан Бүгінгі өтетін тақырыбымыз Ә дыбысының емлесі</p>	
<p>5 мин</p>	<p>2 тапсырма. «Алма ағашы» Ә әрпі кездесетін сөздерді латын әліпбиімен қатесіз жазу.</p>	
<p>10 минут</p>	 <p><i>Атас</i></p>	<p>шағын эссе жазу</p>
<p>10 минут</p>	<p>h, ábat, sálem, ánek, ánshi, sháli Әжеміз де немересіне асығып келе жатқан, алдынан сиқырлы пеш шықты.</p> <p>3-тапсырма. «Сиқырлы пеш» тапсырмасын орындаймыз. Сөздерге сөйлем ойлап схема түрінде тақтаға жазу.</p> <p> Аҗе áldii .</p> <p> Álippe – sóz atasy</p> <p> Óner aldy – qyzyl til</p> <p>Біз «сиқырлы пештегі» нандарды күйдірмей алып тапсырманы жақсы орындадық. Әжесімен немерелері бір – бірімен кездескенде әлемдегі ең жақсы сөздерді айтуға тырысты. Олар ойларын жақсы жеткізу үшін не маңызды болды?</p> <p>4- тапсырма. Эссе жазу Siz úshin tildiń mańyzdylyǵy nede?</p> <p>Дескриптор: Адамзат үшін тілдің маңызын біледі; Ә ә дыбыстарының емлесін анықтайды;</p>	<p>Кері байланыс парағы</p>
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>Сабақтың соңында мұғалім бағалау критерийлері мен сабақ мақсаттарына қайта оралады. Бағалау критерийлеріне қаншалықты қол жеткізгендері туралы бірге талқылайды.</p> <p>Рефлексия. Оқушыларға аяқталмаған сөйлемдер ұсынылады.</p>	

	Оқушылар осы сөйлемдерді өздері толықтырып, бүгінгі сабаққа кері байланыс береді.	
--	---	--


4-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Күні:	Мектеп:	
Сынып: 6	Мұғалімнің ТАӘ:	
Сабақтың тақырыбы	Сұхбаттасу мәдениеті О о дыбыстарының емлесі	
Сабақтың мақсаты	Сұхбаттасу мәдениетін білу; О о дыбыстарының емлесін анықтау;	
Бағалау критерийлері	Сұхбаттасу мәдениетін біледі. О о дыбыстарының емлесін анықтайды.	
Тілдік мақсаттар	<p>Пән лексикасы және терминология: <i>sheshen, mura, qazyna</i> Тыңдалым мен айтылымға қажетті сөз тіркестері: <i>ilge júrik, kóz jumarynda, qamyqpa, qazynam, qadirine jet, aryp</i> – <i>ashyp, abyz aqsaqaldarǵa, aqtyq dem, sózdiń dámi, máńgilik mura.</i></p> <p>- <i>«Balam ákem kedei»</i> - <i>E, balam, áke balasyňa ótirik atpas bolar.....»</i> <i>Dúmede tilden qymbat.....»</i></p>	
Құндылықтар	Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет: «Мәңгілік ел» идеясындағы «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығын ішінара жүзеге асыру;	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, әдебиет, тарих	
Осыған дейін меңгерілген білім	Адамзат үшін тілдің маңызы А а дыбыстарының емлесі	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ой шақыру. Сынып қабырғасына түрлі суреттер ілінеді.  <p>Суреттер қандай тақырыпқа арналған? Суреттерде адамдардың қандай әрекеттері байқалады? Осы суреттер арқылы – сөйлеу, сөйлесу мәдениеті туралы не айтасыз?</p>	Таныстырылы М
Сабақтың ортасы	1-тапсырма. Оқылым Мәтінді түсініп оқып, диалог құрастырыңыз. Қымбат қазына Erteде bir tilge júrik, sheshen qarıa kóz jumarynda	

10 минут	<p>ulyна: «Balam, ákem kedeı boldy dep qamyqpa. Meniń saǵan tastaǵan kóp qazynam bar, sony taýyp alyp qadirine jet», - deпти. Bala keinnen ony ári izdeidi, beri izdeidi, taba almaıdy. Aryp- ashyp júrip, áyylдаǵы abyz aqsaqaldарǵа muńyn shaǵypty. Álgi dana qart tyńdap bolyp:</p> <p>-E, balam, áke balasyna ótirik aıtpas bolar, aqtyq deminde aqıqatyn aıtqan eken. Ákeń óte sheshen adam edi, jaryqtyq. Onyń saǵan qaldyrǵan mol murasy- qasıetti til. Bárimiz sózdiń dámin keltirip, qalaı sóleýdi seniń ákeńnen úirengen edik. Dúmede tilden qymbat, mángilik mura bolmaq pa, sirá! – dep ataly sózdiń jumбаǵын sheship beripti.</p> <p>2-тапсырма. Айтылым. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» Қадыр Мырзалиев.</p> <p>Өз ойыңызды «ПОПС» формуласы бойынша білдіріңіз.</p> <p>«ПОПС» формуласы 1. Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... » 2. Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... » 3. Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... » 4. Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»</p>	
10 минут	<p>3-тапсырма «Қабырғаға жазу» әдісі. Бірнеше сөздерді қабырғаға аударып жазып шығады.</p> <p><i>óris, ómirsheń, kósem, bórik, ótirik, óte, sóz</i></p>	
5 минут	<p>сөзді жазып қою бағалау постерге жапсыру үш плакат</p>	Кері байланыс парағы
5 минут	<p>Дескриптор: 1. Сұхбаттасу мәдениетін біледі. 2. О о дыбыстарының емлесін анықтайды.</p>	
Сабақтың соңы 5 минут	<p>Сабақтың соңында мұғалім бағалау критерийлері мен сабақ мақсаттарына қайта оралады. Бағалау критерийлеріне қаншалықты қол жеткізгендері туралы бірге талқылайды.</p> <p>Рефлексия. Оқушыларға аяқталмаған сөйлемдер ұсынылады. Оқушылар осы сөйлемдерді өздері толықтырып, бүгінгі сабаққа кері байланыс береді.</p>	

5-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Күні:	Мектеп:
Сынып: 6	Мұғалімнің ТАӘ:
Сабақтың тақырыбы	Киіну, сән, талғам Ú ú дыбыстарының емлесі
Сабақтың мақсаты	Киіну, сән, талғам тақырыбын түсіну; U ú дыбыстарының емлесін анықтау;


Бағалау критерийлері	Киіну, сән, талғам тақырыбын түсінеді U ú дыбыстарының емлесін анықтайды	
Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы және терминология: O ó дыбыстарының емлесі, Тыңдалым мен айтылымға қажетті сөз тіркестері: Менің байқағаным,... Менің ойымша,... Мен... ойлаймын, себебі... Қорытындылай келе,...	
Құндылықтар	Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет: өз мәдениеті мен тіліне құрмет, басқа да мәдениеттер мен тілдерге, құқықтарға, адамгершілік пен пікірлердің әртүрлілігіне құрметті қамтиды.	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, әдебиет, тарих	
Осыған дейін меңгерілген білім	Сұхбаттасу мәдениеті O ó дыбыстарының емлесі	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>«Атомдар мен молекулалар» әдісімен 4 топқа бөлінеді. «Бес қадам» ойынының шарты: Ортаға табан іздері тасталады. Сыныптан 5 оқушы ойынға шығады. Әр оқушыға лексикалық тақырып бойынша бір сұрақ қойылады. Оқушы берілген табан іздерін баса отырып, жылдам жауап береді.</p> <p>Сұрақ үлгілері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ұлттық киімнің 1 түрін ата. – Қысқы киімдердің 1 атауын айт – Киім түрлеріне қатысты 1 мақал айт. – Киімге қатысты 2 сын есім айт. – Қыздардың 2 киімінің атауын ата. <p>Ал енді мына суреттерге қарап, бүгінгі сабақ тақырыбын болжап көріңіздер.</p>  <p>Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаты таныстырылады.</p>	Таныстырылым
Сабақтың ортасы 5 минут	<p>Киіну. Сән. Талғам. Оқшау сөздер</p> <p>Тыңдалым алды тапсырма</p> <ul style="list-style-type: none"> – Қалай киіну керек? Қалай ойлайсыздар? – Кейбір адамдардың «Сәннен қалу – қатарыңнан қалу» деген сөзіне қалай қарайсыздар? Пікірлері тыңдалады. – Бүгінде кішкентай балалардың киім үлгісі үлкендердің сән үлгісінен кем түспейді. Балақай, егер сен ең сәнді болғың келсе, «Таңшолпанның» кішкентай көрермендеріне арналған кеңесін ескер. <p>http://kaztrk.kz:8888/ru/node/4241 тыңдалымы тыңдалынады.</p> <p>1-тапсырма. Жаңылтпашты латын әліпбиімен жаз.</p>	Латын әліпбиі
5 минут		

<p>10 минут</p>	<p>Дауысты дыбыстардың емлесін түсіндір. Үміт түбіт түтті, Түбітті түтіп бітті. 2-Тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Оқылым. Суреттегі балаға ү дыбысынан келетін ат қоямыз. «Үсен» деп қоямыз. Кубиктің ішіндегі суреттердің атын атау: Үкі, үй, үйрек. Ертеде бір үйрек болған екен. Ол көлде жүзіп жүрген аққулардың сұлулығын, әдемілігін қызғаныпты. «Осы жұрт аққуды жақсы көреді, жемейді». Аққуды көре алмаған үйрек бір күні түлкіні көреді. Түлкіге айтады: - Түлкі, түлкі сен неге мына семіз аққуларды жемейсің? - Олардың ұйықтайтын жерін көрсетші, - дейді түлкі. Уәде бойынша үйрек түлкіні аққулардың ұйықтайтын жеріне ертіп келеді. Мұны сезген қос аққу ұшып кетеді. Түлкі үйрекке ашуланып бас салып жемекші болады. Үйрек айтады: - Түлкіжан, мені жеме мен сенің тапсырмаларыңның бәрін орындайын. Түлкі келіседі. - Ал енді үйрек бізден көмек сұрап тұр екен, біз үйрекке көмектесіп, түлкіден құтқарайық. 3 – тапсырма. Жұмбақты шешіп, латын әліпбиімен жаз. Үү дыбыстарының емлесін еске сақта. 1. Күндіз соқыр не деген, Түнде қандай көреген. (Үкі) 2. Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе) 3. Өзі қу, жүрген жері айқай да шу. (Түлкі) 4. Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Дескриптор: Киіну, сән, талғам тақырыбын түсінеді U ү дыбыстарының емлесін анықтайды</p>	
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>Сабақтың соңында мұғалім бағалау критерийлері мен сабақ мақсаттарына қайта оралады. Бағалау критерийлеріне қаншалықты қол жеткізгендері туралы бірге талқылайды. Рефлексия. Оқушыларға аяқталмаған сөйлемдер ұсынылады. Оқушылар осы сөйлемдерді өздері толықтырып, бүгінгі сабаққа кері байланыс береді.</p>	<p>Кері байланыс парағы</p>

6-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

<p>Күні : Сынып: 5 «А»</p>	<p>Мектеп:</p>	
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Ұлттық киім-асыл мұра. У, і әріптерінің емлесі</p>	
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>Оқушылар: «Ұлттық киім-асыл мұра» мәтінін мұқият оқу, өз пікірін айту Мәтіннен у,і әріптері бар сөздердің дұрыс оқылуы мен жазылуына назар аудару Емле ережесін түсініп қолдану</p>	

Бағалау критерийі	«Ұлттық киім-асыл мұра» мәтінін мұқият оқып, өз пікірін айтады. У, і әрпі бар сөздерді латын әліпбиі негізінде дұрыс оқып, жазады. Емле ережесін түсініп қолданады.	
Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы мен терминология. Тыңдалым және айтылымға қажетті сөздер: baqyt, yqpal, yrys, mysal, jańgyrý, baqsy, jaqsy; irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeil, senim, irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeil, senim.	
Құндылықтар	Тарихтың, тіл мен мәдениеттің біртұтастығы Азаматтық жауапкершілік, ынтымақ-бірлік, сыйластық.	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, тарих	
Осыған дейінгі меңгерілген білім	Киіну. Сән. Талғам. У, ұ дыбыстарының емлесі	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасу, оларды түгендеу, дәптерлеріне бүгінгі күнді жазғызу. Қызығушылықты ояту. «Сымсыз телефон» ойыны Оқушылар шеңбер жасап тұрады. Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, У(ы) немесе і әрпі бар бір сөз айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, осылайша соңғы адамға дейін жалғасады. Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап сұрайды. Мүмкін соны қате естіп, өзгерткен адам айып өтейді. Айып әр түрлі: ән салу, би билеу, өлең оқу, т.б. <i>Сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады.</i> <i>Күтілетін нәтижелер белгіленеді. Оқушылар 3 топқа бөлінеді</i>	Слайд
Сабақтың ортасы	Мағынаны тану. Оқылым мәтіні Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі ел қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілерін табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасты. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанба көрінісі бар. Қазақ халқының ұлттық киімдерін ерлер киімдері және әйелдер киімдері деп екіге бөлсек; ерлер киімдеріне: айыр қалпақ, зерленген тақия, шапан, шалбар, тымақ, ішік, саптама, етік жатады. Ал әйелдер киімдеріне: қос етік, көйлек, сәукеле, кимешек, кебіс-мәсі, тақия, бөрік, көкірекше жатады. 1-тапсырма. Ұлттық киімдерді атаңдар. Әр топ оқушылары «Карусель» әдісімен ұлттық киімдер атауын айтып, ой бөліседі Ереже Қазақ тілінде 28 дыбыс бар. Оның 9-ы дауысты және 19-ы дауыссыз дыбыс. У, і әріптерінің емлесі У, і әріптері сөздердің барлық буынында жазылады:	

<p>Қолдау көрсету. Қабілеті жоғары оқушылар айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.</p>	<p>baqyt, yqpал, yrys, mysal, jańǵyrý, baqsy, jaqsy; irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeil, senim,irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeil, senim т.б.</p> <p>Тыңдалым. Диктофоннан құрамында у,і әріптері кездесетін сөздерді тыңдап,хормен айту. Ulan, ushaq, ishik, usta, irimshik, urshyq, isker, etik, untaq, qulyn, quraq, mási, qumyra, ilgish, qulan, bórik, qulaq, qumyrsqa.</p> <p>2-тапсырма Оқушылар «Ұлттық киім –асыл мұра»туралы оқылған мәтін негізінде сөйлемдердің ішінен негізгі ойды анықтайтын сөздерді тауып, «Ұлттық киім» (жинақы мәтін) етіп жазып шығады Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып,латын әліпбиінде көшіріп жазыңдар. Ulтт...q кi...m, тоq...lǵан shekpen, q...mbat matalar, ...ńǵail... кi...m, kóshpend...ler mádeniет...</p> <table border="1" data-bbox="323 745 1233 1126"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Сөйлемдер</th> <th>Дұрыс</th> <th>Бұрыс</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td>Тарихта түркілердің киім үлгілері туралы деректер жоқтың қасы.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>Жай адамдар қой,түйе жүндерінен жасалған күпі,жадағай,шекпен киген.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>Көшпенділер бағалы аң терілерінен, қымбат маталарды пайдаланбаған.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>Қазақтардың ұлттық киімдерінде көне киім үлгілерінің іздері бар.</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дұрыс жауапты белгілендер.Өз таңдауларыңды түсіндіріңдер. Дескриптор: 1.У, і әріптерінің емлесін латын әліпбиінде жаза алады. 2.Сөздердің дұрыс оқылуы мен жазылуын анықтайды. 3.Емле ережесін түсініп қолданады.</p>	№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс	1	Тарихта түркілердің киім үлгілері туралы деректер жоқтың қасы.			2	Жай адамдар қой,түйе жүндерінен жасалған күпі,жадағай,шекпен киген.			3	Көшпенділер бағалы аң терілерінен, қымбат маталарды пайдаланбаған.			4	Қазақтардың ұлттық киімдерінде көне киім үлгілерінің іздері бар.			<p>Әдебиет,тарих сабағы. Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. Смайликте р</p>
№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс																			
1	Тарихта түркілердің киім үлгілері туралы деректер жоқтың қасы.																					
2	Жай адамдар қой,түйе жүндерінен жасалған күпі,жадағай,шекпен киген.																					
3	Көшпенділер бағалы аң терілерінен, қымбат маталарды пайдаланбаған.																					
4	Қазақтардың ұлттық киімдерінде көне киім үлгілерінің іздері бар.																					
<p>Сабақтың аяғы</p>	<p>Рефлексия «Термометр» әдісі 38- қызықты да түсінікті 36,6- қызықсыз, күрделі 34- пайдасыз, құнды емес.</p> 																					

7-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

<p>Күні : Сынып: 5 «А»</p>	<p>Мектеп:</p>
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Қазіргі сән үлгісі. Ә,э дыбыстарының емлесі</p>
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>Оқушылар: «Қазіргі сән үлгісі» мәтінін мұқият оқу, өз пікірін айту Мәтіннен Ә,э әріптері бар сөздердің дұрыс оқылуы мен жазылуына назар аудару Емле ережесін түсініп қолдану</p>
<p>Бағалау критерийі</p>	<p>Қазіргі сән үлгісі» мәтінін мұқият оқып, өз пікірін айтады Мәтіннен Ә,э әріптері бар сөздердің дұрыс оқылуы мен жазылуына назар аударады. Емле ережесін түсініп қолданады.</p>
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Пән лексикасы мен терминологиясы. Тыңдалым және айтылымға қажетті сөздер:</p>

	Сән үлгілері, сәнді киіну, классикалық, спорттық, романтикалық және фольклорлық стилдер	
Құндылықтар	Сән үлгісі құндылықтары Тарих пен мәдениет, тілдің біртұтастығы	
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет, сурет	
Осыған дейінгі меңгерілген білім	Ұлттық киім-асыл мұра. У, і әріптерінің емлесі	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дерек көздер
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасу, оларды түгендеу. Шаттық шеңбері: «Ыстық лебіз». Шеңберге жиналып, бір-біріне жылы лебіз, тілек айту. <i>Сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады.</i> <i>Күтілетін нәтижелер белгіленеді. Оқушылар 3 топқа бөлінеді</i>	Слайд
Сабақтың ортасы	<p>Мағынаны тану. Оқылым мәтіні</p> <p>Сән адамзат баласы пайда болғаннан бастап пайда болды. Әлемдегі әр түрлі елдердің дәстүрлі халықтық костюм үлгілері қазір де сән жасаушылар үшін шығармашылық жаңалықтардың негізгі бастауы болып отыр және қандай жағдай болмасын арналып тігілген киімдердің бәрінен де өзінің нақты көрінісін табуда. Қазіргі кезде кез келген адамның өз қалауынша сәнді киінуіне мүмкіншілігі бар. Тіге білетін және сәнге қызыққан адам өзіне ыңғайлы және сәнді бұйым тігіп кие алады.</p> <p>Сән (франц. <i>moda</i>, латын <i>modus</i> - өлшем, әрекет тәсілі) киім кию</p> <p>Киімде бірнеше классикалық, спорттық, романтикалық және фольклорлық стилдер болады. Классикалық стильге (катал. <i>Искер, сәнді киіну</i>) салыстырмалы түрде тұрақты, сән әлеміндегі өзгерістерге онша беріле бермейтін барлық киім түрлері кіреді.</p> <p>Спорттық стиль - демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер.</p> <p>Романтикалық стильде – әдемілік, ерекшелік, сүйкімділік, нәзіктікті әдеттегіден тыс бөліп көрсетеді. Романтикалық стильдің ерекшелігі - қатпарлар, желбіреушілер, шілтерлер, банттар, желбіршектер жиынтығынан тұрады.</p> <p>1-тапсырма Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер. <i>1. Сыпайы киімді киіп тоздырады,</i> <i>Сараң киімді жиып оздырады.</i> <i>2. Ағаш көркі – жапырақ.</i></p> <p>ЕРЕЖЕ 1. э әрпі е әрпімен жазылады: <i>element, elevator, poetika, koefisient.</i> 2. ё әрпі о әрпімен таңбаланады. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: <i>manóvr (-diń, -i, -ge, -ler), brýselóz (-diń, -i, -ge, -der), aktór (-diń, -i, -ge, -ler), dirijór (-diń, -i, -ge, -ler), rejisór (-diń, -i, -ge, -ler).</i></p> <p>1-тапсырма. Берілген сөздерді пайдалана отырып, сөйлемдер құраңыз. Жаңа әліпбимен жазыңыз</p>	Әдебиет, тарих сабағы. Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне
Қолдау көрсету.		

<p>Қабілеті жоғары оқушылар айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.</p>	<p>Элемент, экскаватор, элеватор, поэтика, поэзия. 2-тапсырма. Берілген сөздерді жаңа әліпбимен жазып, мына қосымшалардың тиістісін жалғаңыз: -dy, -di, -ny, -ni, -ға, -ге, -lar, -ler. Монтёр, актёр, шахтёр, амёба. Сыныпта оқушыларға «Заманауи сән үлгісі ойыңыздан шыға ма?» тақырыбында эссе жазғызу. Дескриптор: 1.Ә,э әріптерінің емлесін латын әліпбиінде жаза алады. 2.Сөздердің дұрыс оқылуы мен жазылуын анықтайды. 3.Емле ережесін түсініп қолданады.</p>	<p>тәрбие леу. Смайликтер</p>
<p>Сабақтың аяғы</p>	<p>Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілі арқылы оқушылардың басқа топтарды бағалауын жүзеге асыру. Оқушылар сағат тілі бойынша қасында отырған топтағы оқушылардың сабақтағы белсенділігіне, тапсырмаларды орындауына байланысты екі жетістігін көрсетіп, бір ұсынысын білдіреді.</p>	<p>Кері байланыс. «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілін қолдануға стикерлер тарату</p>

8-сабақ. Нәтиже сабақ.

Диктант №1

Тұған ólке, тарихи ordаны súуы – aqyldың isi emes, júrektiң isi.



Bizdiң sonaу dáуirlerden beri tamyryn tereңge jaıǵan bir ǵana Otanyмыз бар. Ol – Qazaq jeri. Osynaу alyp qazaq saharasyn kózdiң qarashyǵyndai qorǵap, ony sheksiz súуы – ár qazaqtың mindeti jáne azamattyq boryshy.

Otan degen tek túyp ósken jeriң ǵana emes, ol – kúndelikti otbasy, oshaqqasyń, aýasyn jutyp, sýyn iship, bailyǵyn ıgiliǵine jaratyp otyrǵan keń-baitaq jeriң. Otan – qazynaly qarıasy men aq jaýlyqty anasy bar altyn besigiң, tai-qulyndai birge ósken qurby-qurdaстан quralǵan ystyq aýlyń, qadirlı ata-ana, súiikti jar, súkimdi balań, júrgen túǵan eliң. Qoinaуy qazynaǵa, órisi malǵa toly yrysty atameken, «atamyз kúneу, anamyз kelin bolǵan jer» (101 sóz).

9-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

<p>Күні : Сынып: 5 «А»</p>	<p>Мектеп:</p>
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер.Қара шаңырақ. Дауыссыз дыбыстардың емлесі.</p>
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>Оқушылар: Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. Дауыссыз дыбыстардың жазылу ерекшеліктерімен танысу. Емле ережесін түсініп оқу.</p>
<p>Бағалау критерийі</p>	<p>а) Қасиетті қара шаңырақ (үлкен үй) туралы біледі; ә) Қара шаңыраққа байланысты тірек сөздерді айта алады Дауыссыз дыбыстардың жазылу ерекшеліктерімен танысады. Емле ережесін түсініп қолданады.</p>
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Пән лексикасы мен терминология. Тірек сөздер: үлкен үй, кенже бала, қара шаңырақ.</p>

	Тыңдалым және айтылымға қажетті сөздер: arab; pedagog, dáýlet, baǵdar, filosofia, múftı, paragraf; qahar, tarih, shekpen, alash, dastarqan, maqtanysh, bolashaq, saiasat, virýs, avtor, rezerv; shańyraq, búrshik, qylysh, chempion, kaýchýk, senvich; íá, ýaqyt, áleymet, taý. Ashshy, tushshy, keshshe т.б.	
Құндылық тар	Отбасы құндылықтары Тарихтың , мәдениет пен тілдің біртұтастығы	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, музыка, тарих.	
Осыған дейінгі меңгерілген білім	Қазіргі сән үлгісі. Дыбыстардың емлесі	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы Ынтымақ тастық атмосфер асын қалыптастыру 5 минут	Оқушылармен амандасу, оларды түгендеу. Қызығушылықты ояту. «Шаттық шеңберін» жасау, бір-бірлеріне сәттілік тілеу Отбасындағы балалардың жас ерекшелігі (үлкені, ортаншысы, кішісі) бойынша топтастыру <i>Сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады.</i> <i>Күтілетін нәтижелер белгіленеді. Оқушылар 3 топқа бөлінеді</i>	Шаттық шеңбері
Сабақтың ортасы	« Асыл тастардың қасиеттері » тақырыбында жазған ойтолғауларын оқиды «Болжау» әдісі бойынша Жарасқан Әбдірашевтің «Кенже ұл» аудиосын тыңдату. 1-тапсырма. ББҮ әдісі бойынша білетіндерін, білгісі келетіндерін қоржынға жазып жабыстыру Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: b, d, f, g, ğ, h, ı, j, k, l, m, n, ŋ, p, q, r, s, t, v, ý, z, sh, ch. ı, ý әріптері сөздің басында, ортасында, аяғында b, g, d, f, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch және жазылады: bailyq, kóbelek, arab; gúl, kógal, pedagog; dáýlet, baǵdar, asteroid; filosofia, múftı, paragraf; hıkara, qahar, tarih; jospar, ereje, muqtaj; kúmis, shekpen, berik; lebiz, alash, táyekel; máńgilik, qaımaq, ğalym; namys, kóne, dastarqan; parasat, kópir, talap; qurmet, maqtanysh, bolashaq; ras, ertegi, ómir; saiasat, kelisim, aıtys; tabıǵat, qatal, sáýlet; virýs, avtor, rezerv; zerde, bilezik, qundyz; shańyraq, búrshik, qylysh; chempion, kaýchýk, senvich; íá, qayıń, saı; ýaqyt, áleymet, taý. Ashshy, tushshy, keshshe сөздерінде екі sh әрпі қатар жазылады. ğ әрпі сөз басы мен ортасында ғана жазылады: ğarysh, aǵash, samǵa. ŋ әрпі сөз ортасы мен соңында ғана жазылады: mórtańba, eńbek, tańerteń, meń, zań. Кітаппен жұмыс. «Қара шаңырақ» мәтінін оқу. Оқу дағдыларының деңгейі: Білу «Пазл». 1. Қара шаңырақ дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Үлкен үй , мұрагерлік, киелі сөздерінің мағынасын айтыңдар.	Өткен тақырыпты еске түсіреді. Интербелсенді тақта, суреттер

<p>Сергіту сәті</p>	<p>2-тапсырма. «Орнын тап» әдісі бойынша тірек сөздерді суретке сай орналастырып, латын әліпбиімен жазу.</p>  <p>Шаңырағым – шаттығым» әні. (әр топ бір-бір шумақтан орындайды)</p> <p>3-тапсырма. «Қабырғаға жазу» әдісі. Берілген сөздерді постерде латын әліпбиімен жазыңдар. Қасиетті қара шаңырақ, үлкен, беделді, сыйлы, киелі, енші, жасау, кенже ұл, мұрагерлік.</p> <p>4-тапсырма. Дұрыс жауап болатын сөздерді сәйкестендіріңдер.</p> <table border="0"> <tr> <td>Enshi</td> <td>qyzǵa beriledi</td> </tr> <tr> <td>Jasaý</td> <td>otaý qurady, úlenedi</td> </tr> <tr> <td>Qyz</td> <td>ulǵa beriledi</td> </tr> <tr> <td>Ul</td> <td>turmysqa shyǵady</td> </tr> </table>  <ul style="list-style-type: none"> - әр суретке қатысты 3 тірек сөз жазады; - барлық суреттерге ортақ тақырып ұсынады; - суретке қарап әңгімелейді <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қасиетті қара шаңырақ туралы біледі; 2. Қара шаңыраққа байланысты тірек сөздерді айта алады 3. Дауыссыз дыбыстардың жазылу ерекшеліктерімен танысады, ережесін түсініп қолданады 	Enshi	qyzǵa beriledi	Jasaý	otaý qurady, úlenedi	Qyz	ulǵa beriledi	Ul	turmysqa shyǵady	<p>Сурет арқылы тірек сөздерді анықтайды.</p> <p>Әнді естеріне түсіреді, әртүрлі әуенге салып айтады.</p>
Enshi	qyzǵa beriledi									
Jasaý	otaý qurady, úlenedi									
Qyz	ulǵa beriledi									
Ul	turmysqa shyǵady									
<p>Сабақтың аяғы</p>	<p>Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бет – әлпеті салынған суреттерді таңдау.</p> <p>Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім</p> 	<p>Кері байланыс парағы</p>								

10-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

<p>Күні : Сынып: 5 «А»</p>	<p>Мектеп: №68 мектеп-гимназия Мұғалімнің ТАӘ Жумашева Р.А.</p>
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Отбасы – шағын мемлекет I, у әріптерінің емлесі</p>

Сабақтың мақсаты	Жаңа білімді меңгеру. Тақырыпты тыңдау, түсіну, жетекші сұрақтар арқылы талқылау. Алған білімді өмірде қолдану.	
Бағалау критерийі	Жаңа білімді меңгереді. Тақырыпты тыңдап, түсініп, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Алған білімді өмірде қолдана алады.	
Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы мен терминология: Тірек сөздер: Áke men sheshe, bala, otbasy, meiirimdilik, sylastyq, adaldyq, til alǵysh, adal, uqypty, tıanaqty t.b. Тыңдалым және айтылымға қажетті сөздер: ai, úı, oıshyl, iaǵni, qoıan, saıa, iod, fail, aikido, mezoıoi, ýaǵyz, ýaqyt, aý, saýkele, demeýshi, qaýyn, aıýan, keıýana.	
Құндылық тар		
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, тарих	
Осыған дейінгі меңгерілген білім	Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Қара шаңырақ. Дауыссыз дыбыстардың емлесі.	
Сабақбарысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. 5 минут	1. Ұйымдастыру Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! <i>Сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады.</i> <i>Күтілетін нәтижелер белгіленеді. Оқушылар 3 топқа бөлінеді</i>	Шаттық шебері
Сабақтың ортасы	1-тапсырма. Тыңдалым. Аудиомәтін. Отбасы – шағын мемлекет. Мәтін бойынша өз ойларын ортаға салу. Ереже 1. i, ý әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: ai, úı, oıshyl, iaǵni, qoıan, saıa, iod, fail, aikido, mezoıoi, ýaǵyz, ýaqyt, aý, saýkele, demeýshi, qaýyn, aıýan, keıýana. 2. yı (ый), ii (ий) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында i әрпімен жазылады: ıgilik, iman; kiim, tiyn, sia, siaqty; bi, tarihi; institút, kino, granıt. Ескерту. Қосар yı (ый) әріптері тек syı (сый), tyı (тый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: syılyq, syıymdylyq, syıú; tyıum, tyıuly, tyıú. 3. iу, ii әріп тіркестеріне аяқталған етістікке көсемшенің i (-й) жұрнағы жалғанғанда, екі i әрпі қатар жазылады: baiу – bandy, keii – kendi.	

4. **у́** (ұу), **ú** (үү) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында **ú** әрпімен жазылады: **úyldyryq, úyz, úildeú; túys, qúyrshaq, gúil, tintúir; oqú, sú, jazú, kelú, barú.** 2-

тапсырма

Өз отбасының әр мүшесі туралы 4-5 сөйлеммен жаз .



3 -тапсырма

Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып,көшіріп жазындар.

О...shyl,qo...an, sa...a, ...od, ...aғыз, ...aqt, a..., sá...kele, deme...shi, qa...yn, aI...an, keI...ana, aI, úI.

Дескриптор:

Жаңа білімді меңгереді.

Тақырыпты тыңдап,түсініп, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды

Емле ережесін түсініп қолданады.

Кері байланыс «Рухани жаңғыру»






Сабақтың соңы

Оқушылар қорытынды ойларын сурет қиындылары арқылы рухани жаңғырумен байланыстырып, кері байланыс береді.

11-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Күні : Сынып: 5 «А»	Мектеп:
Сабақтың тақырыбы	Салт-дәстүрдегі құндылықтар. Я, ю әрпі.
Сабақтың мақсаты	Оқушылар: Оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу Я, ю әрпінің емлесімен танысу. Емле ережесін түсініп оқу.
Бағалау критерийі	Қазақ халқының салт-дәстүріндегі құндылықтар туралы біледі; Салт-дәстүрге байланысты тірек сөздерді айта алады Я, ю әрпінің емле ерекшеліктерімен танысып,қолданады.
Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы мен терминология. Тірек сөздер:сүйінші,қонақасы,бастанғы,ерулік,қалау,жеті ата,тоқымқағар,тұлым,байғазы, көрімдік,енші т.б. Тыңдалым және айтылымға қажетті сөздер: aiú, baiú, oiú, jaiú, súú,qiú, jiú,qiar, sia, jaria.
Құндылықтар	Отбасы құндылықтары Тарих пен мәдениет,тілдің біртұтастығы

Пәнаралық байланыс	Әдебиет, тарих, музыка	
Осыған дейінгі меңгерілген білім	Отбасы – шағын мемлекет I, у әріптерінің емлесі	
Сабақтарысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 5 минут	Оқушылармен амандасу, оларды түгендеу. Қызығушылықты ояту. Оқушылар шеңбер жасап тұрып, қолдарындағы допты бір-бірлеріне лақтырып беру арқылы құрамында я.ю әріптері бар сөздерді айтады. Мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты, бағалау критерийлері туралы айтады. <i>Оқушылар 3топқа бөлініп, орындарына отырады.</i>	Шаттық шеңбері
Сабақтың ортасы	<p>1-тапсырма Тыңдалым. «Салт-дәстүрдегі құндылықтар» тақырыбында аудио жазба тыңдайды. Айтылым. Оқушылар өздері білетін қазақтың салт-дәстүрлерін естеріне түсіреді. Соның ішінде қазіргі уақытта қолданып жүрген салт-дәстүрлер туралы айтады. Мәселен: сүйінші, қонақасы, бастаңғы, ерулік, тоқымқағар, байғазы, көрімдік, енші. Ереже. Я, ю әрпінің емлесі. 1. ю әрпі іу әріп тіркесі түрінде жазылады: ай, бай, ой, жай, сүй. Е с к е р т у. і әрпінен кейін тұрған ю әрпінің орнына у жазылады: қу, жу. 2. я әрпі ia әріп тіркесімен жазылады: қоiaп, iaғни, saia. Е с к е р т у. и (i) әрпінен кейін тұрған я әрпінің орнына a жазылады: қiaр, sia, jaria. Я әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шетілдік сөздерде сөз басында, дауысты дыбыстан кейін, айыру белгісі (ь) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін ia әріп тіркесі арқылы жазылады.</p> <p>2-тапсырма. Мақал- мәтелді оқи отырып, ішінен Я дыбысы бар сөздерді тапбады. 1. Істің бастауын білсең, Аяқтап тастауың оңай. 2. Ащы тіл таяқтан да өткір.</p> <p>3-тапсырма. Сөздерге у дыбысы қосылғанда олар қалай жазылатынын түсіндір және солай өзгертіп жаз. күшей азай молай + у той көркей</p>	Сурет арқылы тірек сөздерді анықтайды.

Сергіту сәті	<p>4-тапсырма Орны ауыстырылған сөздерден сөйлем құрап жазындар. I топ. Аяғы, қастырдың, түсті, қақпанға II топ. Баян, сурет, бояумен, салды. III топ. Ұяда, жатыр, балапан, бес. Мына сөздерді латын әліпбиімен жаз Аяз, қою, қоян, жию, шаян, ұялшақ, дария, баю, қария, таяз, тыю. «Сықырлы таяқша» ойыны Я, ю дыбысына қатысты сөздер ойлату, сөйлем құрату.</p> <p style="text-align: center;">Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақ халқының салт-дәстүріндегі құндылықтар туралы біледі; 2. Салт-дәстүрге байланысты тірек сөздерді айта алады 3. Я, ю әрпінің емле ерекшеліктерімен танысып, қолданады. 	
Сабақтың соңы	<p>Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бет – әлпеті салынған суреттерді таңдау. Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім</p> <div style="text-align: center;">    </div>	Кері байланыс парағы

Сабақ жоспары

№ 18 сабақ тақырыбы:	Уақыт-алтыннан қымбат. Бірге жазылатын сөздердің емлесі.
Күні:	Мұғалімнің аты жөні:
Сынып:	Қатысқандар: Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру (5.Т/А5.);
Сабақ мақсаттары	<p>Барлық оқушылар орындай алады: <i>сұрақтарға жауап бере алады</i></p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: <i>негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды;</i></p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: <i>мәтінде көтерілген мәселеге сұрақтар негізінде жауап береді, өз ойын толық білдіре алады.</i></p>
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді; - негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады; - тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді; - көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіре алады.
Оқыту деңгейі	<i>Түсіну, талдау, қолдану</i>
Тілдік мақсат	<p><i>Оқушылар орындай алады: тірек сөздер мен ұсынылған бейнематериал арқылы тақырыпты талдауы, бір-бірімен тілдесуі.</i></p> <p><i>Талқылауға арналған сұрақтар: мұғалімнің жетекші сұрақтар арқылы жетелеп отыруы.</i></p>
Құндылықтарға баулу	<i>Уақытты тиімді пайдалану</i>
Пәнаралық байланыс	<i>Әдебиет, өзін-өзі тану, АКТ</i>
Тақырып бойынша алдыңғы білім:	<i>Оқушылар бос уақыттарында айналысатын сүйікті істері және хоббилері туралы құрастырған диалогтерін жариялайды</i>

Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы	<p>«Шаттық шеңбері» тренингі арқылы психологиялық ынтымақтастық орнату А-Ж-ға дейін 1-топ З-О-ға дейін 2-топ Ө-Я-ға дейін 3-топ</p> <p>2. Қызығушылығын ояту. Жұмбақ шешу: Тық-тық етеді, Құлағыңнан өтеді (сағат) Бір ұяда жеті жұмыртқа (апта күндері) Бір ағаштың он екі бұтағы әр бұтақта отыз не отыз бірден жапырақтары бар (жыл, он екі ай және күндері) Сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.</p>	АКТ
Ортасы	<p>3-тапсырма. Фильмді көру. https://youtu.be/fNd44wnRzYc «Прожектор» әдісі арқылы Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді; - фильмнен көрген түйінді ойларын сипаттайды; - негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады; - тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді; - көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіре алады. <p>4-тапсырма. ЖЖ әр жұпқа мәтін таратылып беріледі.</p> <div data-bbox="587 1196 1094 1491" data-label="Diagram"> </div> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіннің мазмұнын түсінеді; - мәтінді оқып, талқылайды; - күн тәртіптерін жоспарлап, жазады; - күрделі сөздерді анықтайды; - жұппен қорғайды. <p>5-тапсырма. Сұрақ-жауап. (ТЖ) Топпен бірге мына тұжырымдардың себебін төмендегі үлгі бойынша анықтайық. <i>А) Мен бос уақытымды тиімді өткіземін, себебі...</i> <i>Ә) Менің бос уақытым жоқ, себебі...</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тақырып бойынша пікірталас жүргізеді, - көтерілген мәселе бойынша өз ойларын білдіреді. 	<p>АКТ</p> <p>Постер</p> <p>Пікірталас</p> <p>Дәптер,</p>

	<p>6-тапсырма. «Сыңарын тап» ойыны</p> <table border="1" data-bbox="584 197 1289 385"> <tr> <td><i>Kók, shek, jer, baǵdar, beine, orta, jer, aram, búkil, jalpy, bir, aýyz, atqa, asha, balyq, jalań.</i></td> <td><i>ónis, sha, ara, tóle, pıǵyldyq, azıalyq, júzilik, halyqtyq, rettik; álemdik, baia, tuiaqtylar, kózdiler, miner, qorektiler.</i></td> </tr> </table> <p>Ботаникалық атауларды бөлек, зоологиялық атауларды бөлек жаз: <i>ortaazıalyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; aýzashar, atqaminer; ashatuiaqtylar, balyqqorektiler, jalańkózdiler, aǵashkemirgishter; kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish; sharyabasty, nemketti, súkeisaldy; alypqashpa, baýkespe, janbaǵys, kireberis, kúnkóris; aýaqyzdyrǵy, aýasúzgi, bórioinaq.</i></p> <table border="1" data-bbox="584 734 1289 869"> <tr> <td>Ботаникалық атаулар</td> <td>Зоологиялық атаулар</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Дескриптор: -күрделі сөздерді жазбаша және ауызша тілдесім барысында анықтай алады. §30. Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады: <i>kókónis, shekara, jertóle, baǵdarsham, beinebaian, sýsabyñ, kereńqulaq (өс.), itsandyq (өс.), kelteshash (өс.).</i> §31. Екінші сыңары <i>-lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik)</i> қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, <i>-ar (-er)</i> қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары, <i>-lar (-ler, -dar, -der, -tar, -ter)</i> қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар, <i>-qysh (-kish, -ǵysh, -gish)</i> қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары, <i>-ty (-ti, -dy, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-gi, -qy, -q)</i> қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады: <i>ortaazıalyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; aýzashar, atqaminer; ashatuiaqtylar, balyqqorektiler, jalańkózdiler, aǵashkemirgishter; kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish; sharyabasty, nemketti, súkeisaldy; alypqashpa, baýkespe, janbaǵys, kireberis, kúnkóris; aýaqyzdyrǵy, aýasúzgi, bórioinaq.</i> §32. <i>Ásire, bir, kóp, jalpy, beı</i> және <i>avan, avia, avto, agro, anti, aero, gidro, giper, eýro, izo, infra, kino, mega, mini, radio, tele, trans, últra, foto, elektr</i> сияқты сөзалды сыңарларымен, сондай-ақ <i>bei</i> қосымшасымен келген атаулар бірге</p>	<i>Kók, shek, jer, baǵdar, beine, orta, jer, aram, búkil, jalpy, bir, aýyz, atqa, asha, balyq, jalań.</i>	<i>ónis, sha, ara, tóle, pıǵyldyq, azıalyq, júzilik, halyqtyq, rettik; álemdik, baia, tuiaqtylar, kózdiler, miner, qorektiler.</i>	Ботаникалық атаулар	Зоологиялық атаулар			қалам
<i>Kók, shek, jer, baǵdar, beine, orta, jer, aram, búkil, jalpy, bir, aýyz, atqa, asha, balyq, jalań.</i>	<i>ónis, sha, ara, tóle, pıǵyldyq, azıalyq, júzilik, halyqtyq, rettik; álemdik, baia, tuiaqtylar, kózdiler, miner, qorektiler.</i>							
Ботаникалық атаулар	Зоологиялық атаулар							

	жазылады: <i>ásiresolshyl; birqalypty, birmándi; kópmándi, kópmúshe; jalpyulttyq, jalpymemlekettik; beikúná, beihabar; avansahna; aviamektep; avtojol; agrokeshen; antidene; aeroshana; gidrobeket; giperbelsendi; eýroспорт; izosyzyq; infraqurylym; kinoqondyrǵy; megajoba; minijoba; radiobailanys; telearna; transshekara; últradybys; fotosýret; elektrsúzgi.</i>	
Соңы	Кері байланыс  <p>«Бас бармақ» тәсілі</p> <p>Барлығын түсіндім --- </p> <p>Енді түсініп келемін --- </p> <p>Түсінбедім --- </p>	Стикерлер

19-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

№ 19 сабақ тақырыбы:	Бос уақытта саяхаттаудың пайдасы. Бірге жазылатын сөздердің емлесі.	
Күні:	Мұғалімнің аты жөні:	
Сынып:	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу (5.Ж2); 5.ӨТН4.1. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: <i>хат жаза алады;</i> Оқушылардың көпшілігі орындай алады: <i>құрылымын сақтап, жарнама, хабарландыру жазып, күрделі сөздерді ажыратады;</i> Кейбір оқушылар орындай алады: <i>жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімдеп, құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру жазып, күрделі сөздерді қолдана алады.</i>	
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді; - мәтін жанрын анықтай алады; - күрделі сөздерді ажыратады; -ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жаза алады. 	
Оқыту деңгейі	Түсіну, талдау, қолдану	
Тілдік мақсат	<i>Оқушылар орындай алады: тірек сөздер мен ұсынылған бейнематериал арқылы тақырыпты талдауы, бір-бірімен тілдесуі. Талқылауға арналған сұрақтар: мұғалімнің жетекші сұрақтар арқылы жетелеп отыруы.</i>	
Құндылықтарға баулу	Уақытты тиімді пайдалану	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, өзін-өзі тану, АКТ	
Тақырып бойынша алдыңғы білім:	Оқушылар бос уақыттарында айналысатын сүйікті істері және хоббилері туралы құрастырған диалогтерін жариялайды	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы	«Шаттық шеңбері» тренингі арқылы психологиялық ынтымақтастық орнату Бірінші, екінші, үшінші, төртіншіге саналу арқылы топқа бөліну Қызығушылығын ояту. «Миға шабуыл»	АКТ

әдісі



Дескриптор:

- Сұрақтарға жауап береді.
- Сабақ тақырыбын, мақсатын айқындайды.
- Топқа бөлінеді.

Ортасы

3-тапсырма. «Сыңарын тап» ойыны

Х алық	хат
Мемлекет	аралық
Е ш	ішілік
А шық	жанды
Ұлт	кім

Ботаникалық атауларды бөлек, зоологиялық атауларды бөлек жаз: *aqyq, aqshabaq, qaraqus, qaraaǵash, saryandyz, sarygúl;*

Ботаникалық атаулар	Зоологиялық атаулар

Дескриптор:

күрделі сөздерді жазбаша және ауызша тілдесім барысында анықтай алады.

§33. Екінші сыңары *aralyq, qumar, jandy, taný, tanym, jaı, hat, aqy, ishilik, symaq* сияқты сөздермен келген атаулар бірге жазылады: *halyqaralyq; ataqqumar; ultjandy; jaratylystaný; tiltanym; jylyjai; ashyqhat (ashyqhat sylaý); zeynetaqy; mekemeishilik; ákimsymaq*. Бірақ анықтауыштық қатынас сақталған күрделі сөздер бөлек жазылады: *ashyq hat, qyzmettik hat*.




§34. *Esh, ár, kei, bir, qai, qaisy, álde* сөздерімен келген есімдік, сын есім, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады: *eshkim; árkim; ártúrli; keibir; birdeñe; qair; qaisybireýler; áldeqalaı*.

Е с к е р т у. *Ár, kei, bir, qai, álde* сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады: *ár*

Дәптер, қалам

АКТ


Дәптер, қалам

	<p><i>el; kei bala; bir jumys; qai zaman; álde shyn, álde ótirik.</i></p> <p>§35. Бірінші сыңары <i>aq, qara, sary, kók, qyzyl, ala, boz</i> тәрізді түс атауларымен келетін ботаникалық, зоологиялық терминдер бірге жазылады: <i>aqıyq</i> (құс), <i>aqshabaq</i> (балық); <i>qaraqus, qaraaǵash</i> (өс.); <i>saryandyz</i> (өс.), <i>sarygúl; kókqutan</i> (құс), <i>kókbasshóp</i> (өс.); <i>qyzylqasqyr</i> (аң), <i>qyzylbıdai; alabuǵa</i> (балық), <i>alabulbul</i> (құс); <i>bozbetege</i> (өс.), <i>boztorǵai</i>. Үш құрамнан тұратын ботаникалық, зоологиялық атаулардың алдыңғы екі сыңары бірігіп жазылады: <i>aqbas sıyr, sarybas jylan</i>.</p> <p>Сергіту сәті. «Тірі сағат бола ма?»</p>  <p>4-тапсырма. РАФТ әдісі бойынша (Ж)</p> <p>Р-рөл. Оқушы</p> <p>А-аудитория. Өткен уақытқа хат, менің хоббиім жарнама, саяхат жөнінде хабарландыру,</p> <p>Ф-форма. Хат, жарнама, хабарландыру</p> <p>Т- тақырыбы. Босқа өткен уақыт. Менің хоббиім. Саяхат.</p> <p>«Автор орындығында» отырып, үздік жазба жұмысы оқылады. (ТЖ)</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтін жанрын анықтайды; - ресімделуі мен құрылымын сақтай отырып, хат, жарнама, хабарландыру жазады; - жазбаша тілдесім барысында күрделі сөздерді қолданады; - үздік жазбаны анықтайды. 	
<p>Соңы</p>	<p>«Маңыздылық аймағы» әдісі арқылы кері байланыс</p> 	<p>Стикерлер</p>

20-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

<p>№ 20 сабақ тақырыбы:</p>	<p>Қиял әлемі. Фантазия. Бірге жазылатын сөздердің емлесі.</p>
------------------------------------	---

Күні:	Мұғалімнің аты жөні:	
Сынып:	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау (Т/А1) 5.ӘТН4.1. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: тірек сөздерді таба алады Оқушылардың көпшілігі орындай алады: ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды; Кейбір оқушылар орындай алады: тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжап, мәтін құрастыра алады.	
Бағалау критерийі	- берілген иллюстрация арқылы тірек сөздерді табады; - тірек сөздер арқылы тақырыпты болжайды; - тақырып негізінде мәтін құрастыра алады.	
Оқыту деңгейі	Түсіну, талдау, қолдану	
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжауы, бір-бірімен тілдесуі, күрделі сөздерді қолдануы. Талқылауға арналған сұрақтар: мұғалімнің жетекші сұрақтар арқылы жетелеп отыруы.	
Құндылықтарға баулу	Қиялын, фантазиясын жетілдіру	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, өзін-өзі тану, АКТ, бейнелеу	
Тақырып бойынша алдыңғы білім:	Оқушылар бос уақыттары туралы хат, жарнама, хабарландыру жөнінде құрастырған үздік жазбаларын жариялайды	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы	<p>1.«Шаттық шеңбері» тренингі арқылы психологиялық ынтымақтастық орнату. Түсті қиындыларға бір және екі деген сан жазылған қиындылардың ұнағанын алады. Алған санына қарай өз бойларындағы ешкім білмейтін ерекшеліктерін айтып, түстері бойынша топқа бөлінеді.</p> <p>2. Қызығушылығын ояту. Сиқырлы сазды әуен Баланың қиялын дамытуға әсер ететін сазды әуен ойналады. Балалар көздерін жұмып тыңдайды (2-3 минут). Музыка тоқтаған соң, көздерін ашып не көргендерін өз қиялдары бойынша әңгімелейді. Олардың сипаттаған немесе көрген қиялын қағаз бетіне түсіруде төмендегі әдіс-тәсілдердің біреуін таңдап алады. – майшаммен сурет салу – қылқаламмен – түрлі түсті бормен – саусақтармен, алақанмен Сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.</p>	АКТ
Ортасы	3-тапсырма. https://vk.com/video-31181602_456244140 «Фантазия Гранблю» атты мультфильмдер желісі бойынша иллюстрациялық суреттер беріледі.	Иллюстрациялық суреттер




Дескриптор:

- иллюстрациялық суреттерден тірек сөздерді анықтайды;
- көрген түйінді ойларын сипаттайды;
- тақырыбын болжайды;
- болжаған тақырыптары негізінде сұрақтарға жауап береді;
- өз ойын білдіре алады.

4-тапсырма. (ЖЖ)

Қиялындағы өсімдіктердің суретін сал да, күрделі атаулармен ата.



Фразеологизм сөздерді пайдалана отырып, жұбыңмен диалог құрастыр.

Дескриптор:

- қиялындағы өсімдіктердің суретін салады, оған күрделі сөзден тұратын атау береді;
- фразеологизм сөздердің көмегімен диалог құрастырады.

§36. Лексикалық мағынасынан ажыраған *qoi, siyr, túie, bota, qozy, at, qoian, aiú, bóri, qasqyr, it* немесе *qum, sú, bal, ý, sor* сөздерімен тіркескен ботаникалық, зоологиялық атаулар бірге жазылады: *qoiýsan* (өс.), *siyrjońyshqa* (өс.), *botabúrgen* (өс.), *qozygúl* (өс.), *atqulaq* (өс.), *qoiansúiek* (өс.), *aiúbaldyrǵan* (өс.), *aiúbadam* (өс.), *bóriqaraqat* (өс.), *qasqyrjem* (өс.), *itbúldirgen* (өс.), *qumberish* (өс.), *sýbetege* (өс.), *balqaraqái* (өс.), *ýkekire, ýbidaiyq* (өс.), *sorqańbaq* (өс.).

Е с к е р т у. *Aq, qara, qyzyl, qońyr, sur, shubar* сөздері аң-құс, өсімдік түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: *aq alabota, qara qarǵa, sur jylan, shubar baqa.*

§37. Екінші сыңары *shóp, gúl, tiken, japyraq, tamyr, qus, balyq, qurt, jidek, jemis, qat* сөздерімен келетін ботаникалық атаулар бірге жазылады: *emenshóp, qońyraýshóp; kúimesgúl, qaltagúl; sortiken, shaǵyrtiken; túimejapyraq, sútjapyraq; altyntamyр, beltamyр; totyqus, kókqus; taraqbalyq, qylyshbalyq; qaraqurt, bósirqurt; qyzyljidek, itjidek; tamyrjemis, torjemis; qaraqat, qyzylqat.*


§38. Күрделі сөзге айналған фразеологизмдер бірге жазылады: *aqsaqal, aqsúiek, aqniет, aqniettik, aqkóńil,*

A4, түсті қарындаштар, дәптер

	<i>aqkóñildilik; kóshbasshy, dúniemoñyzdaný, erjúrek, erjúrektik, janpıda, janpıdalyq, ataqonys; basqosý, atsalysý, atústi, atústilik.</i>	
Соңы	<p>Кері байланыс</p> 	Стикерлер

21-сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

№ 21 сабақ тақырыбы:	Ертегілер. Дефиспен жазылатын сөздердің емлесі.	
Күні:	Мұғалімнің аты жөні:	
Сынып:	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру (5.ЖЗ.).	
Сабақ мақсаттары	<p>Барлық оқушылар орындай алады: сюжетті суреттер мен фотосуреттердің тірек сөздерін таба алады;</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: сюжетті суреттер мен фотосуреттерді ажыратып, әңгіме құрай алады;</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: сюжетті суреттер және фотосуреттер желісі бойынша құрылымын сақтай отырып, әңгіме құрастыра алады.</p>	
Бағалау критерийі	<p>- сюжетті суреттер мен фотосуреттерді ажыратады;</p> <p>- сюжетті фотосуреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыра алады.</p>	
Оқыту деңгейі	Түсіну, талдау, қолдану	
Тілдік мақсат	<p>Оқушылар орындай алады: тірек сөздер мен ұсынылған сюжетті фотосуреттер арқылы тақырыпты талдауы, ертегі құрастыра алуы.</p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: мұғалімнің жетекші сұрақтар арқылы жетелеп отыруы.</p>	
Құндылықтарға баулу	Қиялдай, армандай білу адамның ойлау қабілетін арттырады	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, өзін-өзі тану, бейнелеу өнері.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім:	Оқушылар күрделі фразеологизм сөздерден құраған диалогтарын жариялайды.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы	<p>1.Мотивациялық - қозғаушылық</p> <p>Шаттық шеңбері: Білер қазақ баласы, Сәлем сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен, Көп апайды қарашы. Бәріңе де ізетпен Иліп сәлем береміз.</p> <p>2-тапсырма. Сұрақ-жауап әдісі</p>	АКТ



Дескриптор:

- мұғалімнің жетекшілігімен қойылған сұрақтарға жауап береді;
- бір бірін толықтырады.

Ортасы

3-тапсырма. (ТЖ)



Дескриптор:

- сюжетті фотосуреттерді ажыратады;
- тірек сөздерді тауып, әңгіме құрайды.
- әңгімелерін топта талқылап, үздігін жазады.

4-тапсырма. Топтап жаз:

Қайталама қос сөздер	Еліктеуіш, одағай сөздер (дефис арқылы жазылатын)
-----------------------------	--

Өзара мағыналас	Қарама-қарсы мағыналас
------------------------	-------------------------------

Болжалдық сан есімдер	Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер
------------------------------	--

Дескриптор:

- дефис арқылы жазылатын қос сөздерді ажыратып жазады.

5. Қос сөздер дефис (-) арқылы жазылады.

§39. Қайталама қос сөздер дефис арқылы жазылады: *lek-lek, alyan-alyan, júre-júre, kóre-kóre, sólei-sólei, biik-biik, kóp-kóp, taý-taý, qaita-qaita.*

§40. Қосарланған еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер және көңіл-күй, шақыру одағайлары дефис арқылы жазылады: *jalt-jult, satyr-sutyr, qalt-qult, shaqyr-shuqyr, shart-shurt, sart-surt,*

Дәптер, қалам

	<p><i>tars-turs, pah-pah, shek-shek, áykim-áykim.</i></p> <p>§41. Сыңарлары өзара мағыналас және қарама-қарсы, жиынтық және жалпылама мәндегі, сондай-ақ мағынасы көмескіленген қос сөздер дефис арқылы жазылады: <i>sy-qurmet, úgit-nasihat, oi-óris, ydys-aiaq, telegeiteńiz, salt-dástúr, er-toqym, el-jurt, jer-jahan, kúsh-qairat, ońtústik-shyǵys, júrek-tamyr syrqaty, shtrih-kod, oqy-jattyǵy, ákimshil-qysymshyl; úlken-kishi, kári-jas, alys-jaqyn, ashshy-tushshy, alys-beris, joǵary-tómen, kóshi-qon, aitty-aitpady, kirer-kirmesten, kelimdi-ketimdi, kári-qurtań, kóilek-kónshek, et-met.</i></p> <p>§42. Қосарланған болжалдық сан есімдер дефиспен жазылады: <i>bir-eki, alty-jeti, úsh-tórt, otыз-qyryq, altaý-jeteý, bireý-ekey.</i></p> <p>§43. Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады: <i>týradan-týra, joǵy-joq, qoldy-qolyna, ózinen-ózi, qaraptan-qarap, bardy-joqty, azdy-kópti, tekten-tekke, teginnen-tegin, qolma-qol, betpe-bet, kózbe-kóz, jolma-jol, barar-barmas; bilep-tóstep, sharshap-shaldyǵyp, kórgen-túigen, júyp-shaıyp, qyryp-joıyp, jylap-eńirep, ósip-ónip.</i></p> <p>5-тапсырма. «Ертегі құру» еркін тақырыпта. Дескриптор: - еркін тақырыпта ертегі құрастырады.</p>	
Соңы	<p>Кері байланыс «Ашық микрофон» әдісімен құрастырған ертегілерін айтады.</p> 	Стикерлер

22- сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

№ 22 сабақ тақырыбы:	Қиял мен аңыз. Дефиспен жазылған сөздердің емлесі.
Күні:	Мұғалімнің аты жөні:
Сынып:	Қатысқандар: Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру. (5.Ж1.) Күрделі сөздерді дара сөздердің орнына қолдана білу (5.ӘТН.3.)
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: <i>қарапайым жоспар құра алады;</i> Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мәтінге сәйкес жоспар құра алады; Кейбір оқушылар орындай алады: <i>мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімдерді қамтитын жоспар құрай алады.</i>
Бағалау критерийі	- кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімді анықтай алады; - мәтінге сәйкес қарапайым жоспар құра алады;

Оқыту деңгейі	<i>Түсіну, талдау</i>	
Тілдік мақсат	<i>Оқушылар орындай алады: тірек сөздер мен ұсынылған бейнематериал арқылы тақырыпты талдауы, бір-бірімен тілдесуі. Талқылауға арналған сұрақтар: мұғалімнің жетекші сұрақтар арқылы жетелеп отыруы.</i>	
Құндылықтарға баулу	<i>Ауыз әдебиетінің жауһары ертегілер әлеміне ену</i>	
Пәнаралық байланыс	<i>Әдебиет, өзін-өзі тану, АКТ</i>	
Тақырып бойынша алдыңғы білім:	<i>Оқушылар еркін тақырыпта құраған ертегілерін жариялайды</i>	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы	<p>«Шаттық шеңбері» тренингі арқылы</p> <p>2.Ұйымдастырушылық ізденістік.</p> <p>- Балалар, бүгін бізде ерекше оқу қызметі болмақ. Себебі, бізге ертегілер елінен сиқырлы поезд Желаяқ келе жатыр екен.</p> <p>- Балалар, сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме? Ендеше ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келе ме? Онда ертегілер еліне барайық.</p> <p>Поезд: (роликтен көрсетіледі)</p> <p>- Саламатсыңдар ма, балалар! Мен ертегілер еліндегі Желаяқ поезымын. Ертегілер еліне барар жолымыз ұзақ, жаяу барсаңдар шаршап қаласыңдар. Бәріңіз поезға отырыңдар, әндетіп барайық.</p> <p>Сабактың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.</p>	АКТ
Ортасы	<p>3-тапсырма. Тыныштық сәті: (музыка ойнайды).</p> <p>Ертегілер елі өте ғажап, айнала толы әдемі түрлі-түсті гүлдерге, жап-жасыл ағаштарға толы керемет. Ол жерде сен жақсы көретін ертегі кейіпкерлерің жүр. Солармен бірге сен де ертегі елінде жүресің. Ол қандай ертегі көзіңді жұмып елестетші?</p> <p>- Ал енді терең тыныс алып көзімізді ашамыз. Біз ертегілер еліндеміз.</p> <p>Қандай ертегіні елестеттіңдер? Кейіпкерлерді атайықшы?</p> <p>- Ертегілер еліне де келіп жеттік. Кенеттен боялмаған Этеш пайда болады. Ол көңілсіз екен, мұңайып тұр (роликтен көрсетіледі)</p> <p>Мынау кім?</p> <p>- Балалар этештен сұрандаршы неге ол көңілсіз? Кім оны өкпелетті, ренжіткенін білейік.</p> <p>Этеш: - Сәлеметсіңдерме, балалар! Балалар, бірінші мынау мен туралы ертегіні көріп, мен туралы әңгімені тыңдасаңдар, барлығы түсінікті болады, сұрақтарыңның жауабы сол жерден табасыңдар.</p> <p>Этеш және бояулар ертегісі</p> <p>Мені бір суретші бала салды, содан ол мені бояуды ұмытып кетіпті. Содан мен аулаға</p>	Дәптер, қалам

серуендеуге шықсам, барлығы маған күле бастады. Кішкентай балапандар да күлді. Содан алдымнан бір күшік шығып, ол таңырқап маған қарап тұр екен. Мен ол күшіктен сұрадым. Күшік неге таңырқап қарап тұрсың? Күшік ой сен неге аулада боялмаған түріңмен жүрсің? Мен күшікке сенбей аулада жатқан көлшікке барып суға қарасам, расында мен боялмаған екем. Бәрі түсінікті болды, барлығы не үшін күлгендері. Содан мен көңілсіз отыр едім қасыма күшік келді. Енді мен не істеймін, аулада қалай жүремін?- дедім мен күшікке

- Әтеш сен қорық па, сас па, сен балаларға бар, көмек сұра оларда бояулар көп солар саған көмектеседі - деді күшік. Мен сөйтіп балалар сендерге көмек сұрап келдім, менің бірақ арманым бар, мені әдемі етіп бояп беріндерші?

- Балалар сендер Әтештің оқиғасын көрдіңдер, әтешке қандай көмек керек екенін айтыңдаршы?

- Дұрыс айтасыңдар!

- Балалар біз сиқырлы ертегілер елінде емеспіз бе?

- Әтешке көмектесеміз бе?

- Әрине, көмектесеміз. Біз бояуларға айналыуымыз керек, ал ол үшін басымызға әр түсті бояудың иегерін білдіретін, бояу бас киімін киіп алайық. Ал енді боясақ бояйық, менің сиқырлы себетім бар, сол себетте бояулар бар, қазір бояуларды алып әтешті бояймыз. Әтештің арманын орындаймыз.

Балалар, сендер бояулар бар себетті көріп тұрсыңдар ма? Себетіміз қайда?

Айналамыздан іздеп көрейікші. Міне, сиқырлы себет.

Дескриптор:

- ой қиялдары арқылы ертегі кейіпкерлерін елестетіп, ойларын жеткізеді;

- әтешке көмектесу арқылы, бейнелеу машықтарын көрсетеді;

- сипаттап айтып береді.

4-тапсырма. Қиялға құрылған сурет қайсы, аңызға құрылған сурет қайсы? Сюжетті суреттер мозаикасын құрастырады.





Дескриптор:

- суреттер бойынша мозаиканы құрады;
- қиял мен аңыздың айырмашылығын айтады;
- кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімді қамтитын жоспар құрады.

5-тапсырма. Диктант

6-ға, 100-ге дейін, 10-15-тен; 2018-жылы, 5-санат, 3-көрсеткіш, №82 мектеп, директорының №5 бұйрығы, №107 қаулы, №17 кіріс, 50 %-ға, ар-анық, қыр-қазыл, бейн-бейне, кофе-брек, маркетингер, шоу-бизнес, ток-шоу, блис-сағал, феисбағалау, арт-кафе, поп-музыка; MP4-плеерлері, сен-ақ, шамалы-ақ, келмеңді-ау, әдемисін-а, айтқан-ды, бәріпті-мыс, келіпті-міс, көретін-ді; ААҚ-ның, ҚазҰПҰ-ға.

§44. Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады, сондай-ақ түсірілген *-ynshy (-inshi), -nshy (-nshi)* қосымшасының орнына дефис қойылады, ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: *6-ға, 100-ге дейін, 10-15-тен; 2018-жылы, 5-санат, 3-көрсеткіш, 10-қазан, 2-ақпан, 136-бар, 1-ші, 9-пәтер, XXI ғасыр, III том, IV тарау.* **Бірақ** № шартты белгісімен тіркесетін араб цифрлы сан есімдер дефис арқылы ажыратылмайды: *№82 мектеп, директорының №5 бұйрығы, №107 қаулы, №17 кіріс.*


§45. Цифрға тіркелетін % (пайыз), °C (Цельсий) таңбаларынан кейін жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады: *50 %-ға, 10 °C-ден төмен.*

§46. Күшейткіш буынмен келетін сөздер


	<p>дефиспен жазылады: <i>ap-анық, qyp-qyzyl, sap-sary, jap-jaqsy, súp-súikimdi, quba-qur</i>. Бірақ <i>аррақ, kókpeńbek</i> болып жазылады.</p> <p>§47. Кірме негіздер, аббревиатуралар мен сандардың төл және шет тілінен енген сөздермен қосарланған атаулары, сондай-ақ <i>ýeb, eks</i> сөзалды сыңарларымен келетін сөздер дефис арқылы жазылады: <i>brein-ring, kofe-breik, market-meiker, shoý-biznes, tok-shoý, blis-saýal, feis-baqylaý, art-kafe, pop-mýzyka; MP4-pleerleri, USB-tasymaldaýshy, SD-karta; VIP-palata, IT-mamandar, PR-menejer</i>.</p> <p>§48. <i>-aq, -ai, -aý, -dy, -di, -mys, -mis, -tin, -tuǵyn</i> шылаулары дефис арқылы жазылады: <i>sen-aq, shamaly-aq, kelmeidi-aý, ádemisin-ai, aitqan-dy, barypty-mys, kelipti-mis, kóretin-di; erek-tin, bar-tuǵyn, joq-tuǵyn</i>.</p> <p>§49. Қысқарған сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады: <i>AAQ-nyń, QazUPÝ-ǵa, TMD-ǵa</i> (§73-75 қараңыз).</p>							
Соңы	<p>Кері байланыс «ББҮ» кестесі арқылы</p> <table border="1"> <tr> <td>Білдім</td> <td>Білгім келеді</td> <td>Үйрендім</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Білдім	Білгім келеді	Үйрендім				Стикерлер
Білдім	Білгім келеді	Үйрендім						

23- сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Тақырыбы: Бала Абай Бас әріп емлесі. Қосымшалардың жалғануы	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:
СЫНЫП: 5	Қатысқандар: Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	<p>Т/А3 Мәтіннен ақпаратты анықтау. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.</p> <p>Т/А5 Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау. Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру.</p>
Сабақ мақсаттары	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Тыңдалым мәтінінің мазмұнын түсінеді;</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды;</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: Мәтінде көтерілген мәселеге сұрақтар негізінде жауап береді, өз ойын толық білдіре алады.</p>
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді; <input type="checkbox"/> Негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады. <input type="checkbox"/> Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді; <input type="checkbox"/> Көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіре алады

<p>7 минут</p> <p>7 минут</p> <p>5 минут</p>	<p>шақырып алып, өз жанына ертіп, әкімшілдік-билік жұмыстарына араластырмақ болады. Сөйтіп 13 жастағы Абай ел ісіне араласады. Абай өлең жазуды 10 жасында “Кім екен деп келіп ем түйе қуған...” деген өлеңімен бастапты.</p> <p>2-тапсырма. Мәтіннен 1 негізгі және 2 қосымша ақпаратты тауып жазыңыздар. Бас әріптердің емлесіне назар аударыңыздар. (қабырғадағы жазумен топ болып танысады)</p> <p>3-тапсырма. Неліктен?-деп басталатын сұрақтар құрастырыңыздар.</p> <p>Әр топта тақырыпқа байланысты 2 неліктен деп басталатын сұрақ құрастырады. Сұрақтарын келесі топқа ұсынады. Топтар жауаптарын жазып қайтарады, жауаптарға комментарий жазылады.</p> <p>4- тапсырма. Берілген ребустарды шешіп, қай мақалдың тақырыпқа қатысты екендігі туралы өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.</p> 	<p>Қабырғадағы жазу/ бас әріптердің емлесі</p> <p>Сұрақтар қалтасы</p>
<p>Соңы 5 минут</p> <p>Рефлексия 5 минут</p> <p>Үйге тапсырма 3 минут</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы</p> <p>Берілген сөйлемдердегі сөздердің қосымшаларын дұрыс жалғап жазыңыздар:</p> <p>Абай әкесі... істерінің дұрыстығына шүбә... сеніп еді. Сүйек... асыл Зере әже... Абайдың тәрбиесіне аса мән береді. -сіз, -нің, -гі, -сі</p> <p>2) Қай сөз бас әріппен жазылады? Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жазыңыздар.</p> <p>Абайла, Абаймен, Құнанбайды, Құнанға, Зеренің, Зерек, Ұлжаннан, Молдадан, Ғабитхан</p> <p>Жетістік баспалдағы</p> <p>-мен тыңдалым тапсырмаларын толық орындадым. -мен тапсырмаларға толық қатыстым. Сабақ материалына қатысты сұрағым жоқ. -мен үлгере алмадым, сабақ материалын толық түсінбедім. -мен тек ауызша тапсырмаларды орындадым. -мен тек жазбаша тапсырмаларды орындадым. Менің сұрағым бар...</p> <p>Бас әріптің емлесін оқу. Бас әріппен жазылатын сөздерге 7 мысал жазу</p>	

24- сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары		
тақырыбы: Әке – балаға сыншы Жалқы есімдер емлесі		Мектеп:77 МГ
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:
СЫНЫП: 5		Қатысқандар: Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау (5.Т/А1.); Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу (5.Об.).	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады:	
	Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды және мәтінге комментарий жасай отырып оқиды	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады:	
	Сурет арқылы тақырыпты болжайды, ойын жоспарлайды және мәтінге комментарий жасай отырып оқиды, автор ойын анықтайды	
	Кейбір оқушылар орындай алады:	
	Сурет арқылы тақырыпты болжайды, өз ойын жоспар бойынша білдіреді және мәтінге үзіліс және комментарий жасай отырып оқиды, автор ойын анықтайды, идеясын ашады.	
Бағалау критерийі	Тақырыпты болжайды; Жоспар құрады, пікірлерін білдіреді; Мәтінді оқиды, комментарий жасайды; Мәтіндегі ой мен идеяны анықтайды	
Оқыту деңгейі	Тану, түсіну, талдау, қолдану	
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады:	
	Нақты ақпарат табады.	
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:	
	Комментарий	
	Талқылауға арналған сұрақтар:	
	«Әке-балаға сыншы» деген мақалға келісесің бе? Мақалды қандай мақсатта айтқан?	
Құндылықтарға баулу	Адами құндылықтар (өзін-өзі тәрбиелеу)	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет пәні	
Тақырып бойынша алдыңғы оқу:	Бала Абай. Бас әріппен жазылатын сөздер.	
Кезеңдер уақыты	Сабақтың барысы	Ресурстар
Қызығушылық ояту/ 3минут	Амандасу, сыныптың сабаққа дайындығын қадағалау. <u>Ой тастау сұрақтар:</u> «Әке-балаға сыншы» деген мақалды қалай түсінесіздер? Әкеңіз іс-әрекеттеріңізді қадағалап отырады ма? Әкеңіздің айтқан ескертулерімен келісесіз бе?	

<p>Мағынаны тану кезеңі</p> <p>7 минут</p>	<p>1-тапсырма. Нұсқаулық: Суретке қарап, тақырыпқа болжам жасаңыз. Суретте берілген кейіпкерлер туралы өз ойыңызды айту үшін жоспарлап алыңыз.</p>	<p>иллюстрациялар</p>
	 <p><u>Төмендегі сұрақтарды басшылыққа алыңыз:</u></p> <p>Бұлар кімдер? Не істеп жүр? Бұл суретке қарап қандай тақырып қоюға болады? Мәтінге жоспар құрыңыздар.</p> <p>Дескриптор: Сурет арқылы тақырыпты болжайды; Өз ойын жоспар бойынша білдіреді.</p>	
<p>8 минут</p>	<p>2-тапсырма. Оқылым тапсырмасы. Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, мәтіннің мазмұнына талдау жасай отырып, идеяны анықтаңыз.</p> <p>Абайдың жасы он үшке келгенде әкесі оны асығыс ауылға алдырды. Ол балаларының ішінен әзірге өзіне көмекші, кейін орнын басар мұрагер іздегенде, Абайға тоқтады. «Әке – балаға сыншы» деген мақал бар. Оның үстіне Құнанбай сияқты көреген де дана әке қателеспейді. Он үш жасар балаға үлкендермен келелі істерді кеңесу оңай ма! Бірақ ақылды бала тез төселіп, ел басқару ісіне еркін араласып кетеді. Ақынның өмірбаяны туралы алғашқы жазған жақын туысы Кәкітай: «Он бес жаста балалық қылмай, үлкендерден білімі артылып, жұртты өзіне қаратып, әкесіне үлкен көмегі тиген.» - деп айтты.</p> <p>Дискриптор: Мәтін мазмұнын түсінеді; Мазмұнына талдау жасайды, түсініктеме береді; Мәтіннің негізгі идеясын анықтайды .</p>	<p>мәтін</p>
<p>7 минут</p>	<p>3-тапсырма. Мәтін ішінен жалқы есімдерді теріп жазыңыздар. Мәтіндегі негізгі ақпаратты табыңыздар.</p> <p>Дескриптор: -жалқы есімдерді теріп жазады. -негізгі ақпаратты табады.</p>	

Соңы 7 минут	Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы Өз әкелеріңіз бен өз есімдеріңізді қатыстырып, тақырыпқа қатысты сөйлем құрап жазыңыздар. Бір-біріңіздің жазған сөйлемдеріңізге комментарий беріңіздер. Дескриптор: -сөйлем құрап жазады; -комментарий береді.	
Рефлексия 5 минут	Кері байланыс. «Микрофон» әдісі. Сабақта қандай іс-әрекеттер жасадық? Қандай тапсырмалар қиындық тудырды? Қиындықтан шығар қандай жолдар бар деп ойлайсың?	
Үйге тапсырма 3 минут	Өз ата-аналарыңыздың сіздерге айтқан сын пікірлерін жазып келіңіздер.	

25- сабақ. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

№25 сабақ тақырыбы: Уәдеге адалдық. Жалқы есімдер емлесі		Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
СЫНЫП:	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Оқу мақсаттары	Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, эссе жазу (5.Ж5.).	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады:	
	Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселені анықтайды, ойларын білдіріп эссе жазады	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады:	
	Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселені анықтайды, мақалмен тұжырымдап эссе жазады	
Бағалау критерийі	Кейбір оқушылар орындай алады:	
	Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселені анықтайды, ойларын білдіреді, мақалмен тұжырымдайды, эссе жазады	
Бағалау критерийі	Сұрақтарға жауап береді; Көтерген мәселені анықтайды; Пікірлерін білдіреді; Эссе жазады.	
Оқыту деңгейі	Тану, түсіну, талдау, қолдану	
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады:	
	Жалқы есімдер емлесі	
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:	
	Септік жалғаулары	
Құндылықтарға баулу	Талқылауға арналған сұрақтар:	
	Уәдеге адалдық дегенді қалай түсінесіңдер?	
Құндылықтарға баулу	Адами құндылықтар	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет. Өзін-өзі тану	
Тақырып бойынша алдыңғы оқу:	Әдеп	
Сабақтың барысы		

Кезеңдер уақыты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурс
Қызығушылық ояту 3 минут	Амандасу, сыныптың сабаққа дайындығын қадағалау, сабақ мақсатымен таныстыру, өздеріне SMART мақсат құрғызу	Сабаққа ынталандырылды.	
	<p>№1 ТАПСЫРМА. Жазылымға дейінгі тапсырма. «5 қадам» әдісі Нұсқаулық: Мақалдардың жалғасын табады ортаға табан ізделі тасталады. Сыныптан 5 оқушы ойынға шығады. Әр оқушы адасқан мақал бөліктерін орнына қояды.</p> <p>1. Уәдені бұзған — </p> <p>2. Уәде бұзған кісіден </p> <p>3. Жерден жердің несі кем? - Егін шықса, гүл өссе. Ерден ердің несі кем</p> <p>... ..</p> <p>4. Ақшадан уәде</p> <p>5. Жақсылыққа жерік кісі — </p> <p>Дескриптор: Мақалды жалғастырады Оның мағынасын ашады.</p>	<p>f Бағалау. Жарайсың!!! Тамаша!!! сөздерімен бағалайды</p>	<p>Мақал бөлшектері 1. Ұяны бұзған мен тең. 2. Өтіп кеткен жел артық. 3. Уәдесін үде етсе. 4. күшті. 5. Уәдесін не берік кісі.</p>
Мағынаны тану кезеңі 28 минут	<p>№2 ТАПСЫРМА. Жазылым тапсырмасы. Неге уәдеге адал болу керек деп ойлайсыз? Нұсқаулық: мақалдардың идеясын еске түсіре отырып, эссе жазыңыз. Эссе құрылымын сақтаңыз.</p> <p>Дескриптор: Мақалдың өзіне тиімдісін таңдайды; Эссе жазады; Эссе құрылымын сақтайды; Жалқы есімдерді қолданады, емлесін сақтайды.</p>		
Соңы 5 минут	Кері байланыс. «Шыға парағы» әдісі. Сабақта не жасадық? Мұғалімге сұрақ		
Үйге	Ең жақын досыңыздан уәдеге беріктік туралы интервью алыңыз		

26-сабақ. Нәтиже сабақ.

№27 сабақ тақырыбы: Адамның сырт келбеті мен мінезі. Жер бедері, аспан денелері атауларының емлесі	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:
СЫНЫП: 5	Қатысқандар:
Оқу мақсаттары	Қатыспағандар:
Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс	

	ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру (5. Т/А6.)		
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады:		
	Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіреді.		
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады:		
	Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысады.		
	Кейбір оқушылар орындай алады:		
	Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысып, өз пікірін білдіріп жазады.		
Бағалау критерийі	Мәтінді тыңдайды; Диалог құрады; Мәтін жазады		
Оқыту деңгейі	Тану, түсіну, талдау, қолдану		
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады:		
	Жер бедері, аспан денелері атауларының емлесі		
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:		
	Мінез, психология, диалог		
	Талқылауға арналған сұрақтар:		
	Мінез-құлықтың адам өміріне әсері бар ма? Жақсы мінезің сені қиындықтан шығарып ала алды ма? Немесе керісінше, мінезіңнің жаман тұстары сені ұятқа қалдырған кезі болды ма?		
Құндылықтарға баулу	Адами құндылықтар (ішкі және сыртқы жан дүниесі)		
Пәнаралық байланыс	Психология		
Тақырып бойынша алдыңғы оқу:	Мінезі туралы		
Сабақтың барысы			
Кезеңдер уақыты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурс
Қызығушылық ояту 3 минут	Амандасу, сыныптың сабаққа дайындығын қадағалау, топқа бөлу.	<i>Сабаққа ынталандырылады</i>	
2мин.	№1 ТАПСЫРМА. Тыңдалым алды тапсырмасы. Ой тастау, сұхбаттасу. Нұсқаулық: Сұрақтарға жауап береді. табады. Сұрақтар: Мінез-құлықтың адам өміріне әсері бар ма? Жақсы мінезің сені қиындықтан шығара алды ма? Немесе керісінше, мінезіңнің жаман		Интербелсенді тақта


	тұстары сені ұятқа қалдырған кезі болды ма?		
